

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**«Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер қозғалысы: тәжірибе,
бастамалар, әлеуметтендіру» («Жас Ұлан», «Ұлы Дала скауттары», жас
патриоттар академиясы және т.б.)
әдістемелік ұсынымдамалары**

**Методические рекомендации
«Детско-юношеское движение в Казахстане: опыт, инициативы,
социализация» («Жас Ұлан», «Скауты Великой Степи», Академия юных
патриотов и др.)»**

**Астана
2018**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 12 наурыздағы №3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №3 от 12 марта 2018 года)

«Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер қозғалысы: тәжірибе, бастамалар, әлеуметтендіру» («Жас Ұлан», «Ұлы Дала скауттары», жас патриоттар академиясы және т.б.) әдістемелік ұсынымдамалары, – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 96 б.

Методические рекомендации «Детско-юношеское движение в Казахстане: опыт, инициативы, социализация» («Жас Ұлан», «Скауты Великой Степи», Академия юных патриотов и др.), – НАО им. И. Алтынсарина, 2018. – 96 с.

Әдістемелік ұсынымдамаларда Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер қозғалыстарының қалыптасу және даму кезеңдері талданады. «Жас Ұлан», Ұлы дала скауттары», Жас патриоттар академиясы және т.б. тәжірибесі, бастамалары, әлеуметтендірілуі қарастырылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының адамгершілік бағдарларын қалыптастыруды жетілдіру жөнінде әдістемелік ұсынымдамалар беріледі.

Аға вожатыйларға, мектеп директорларының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына, сынып жетекшілеріне, әдіскерлерге, мұғалімдерге, жетекшілер мен ұйымдастырушыларға, сондай-ақ балалар қозғалыстары жүйесінде жұмыс жасайтын басқа да мамандарға арналады.

В методических рекомендациях анализируются этапы становления и развития детско-юношеского движения в Казахстане. Рассматриваются опыт, инициативы, социализация детско-юношеских организаций «Жас Ұлан», «Скауты Великой степи», Академия юных патриотов и т.д.

Предлагаются методические рекомендации по актуализации формирования нравственных ориентиров программы «Рухани жаңғыру».

Адресовано старшим вожатым, заместителям директоров школ по воспитательной работе, классным руководителям, методистам, учителям, руководителям и организаторам, а также другим специалистам, работающим в системе детского движения.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018

© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2018

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажет екені айтылды. Басым бағыттарының қатарында Елбасы барлық жастағы азаматтарды қамтитын алдыңғы қатарлы жеке білім жүйесін құруды атап өтті.

Ұлт әлеуетін жетілдіру біздің мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуды талап етеді.

«Рухани жаңғыру» мәні дәл осы тұрғыдан.

Біздің қоғамның идеалы өз тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сонымен бірге заманауи, шет тілдерін меңгерген, алдыңғы қатарлы және жаһандық көзқарастағы қазақстандық болуы тиіс [1].

Осыған байланысты балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру үшін жағдай жасауға бағытталған балалар қоғамдық ұйымдары қызметінің өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығы барынша артып келеді.

Әлеуметтендірудің астарында тұлғаны әлеуметтік жүйеге біріктіру, әлеуметтік ортаға, оның әлеуметтік нормаларын, ережелері мен құндылықтарын, оның қоғамда табысты қызмет етуіне себепші болатын білімді, дағдыларды меңгеру арқылы әлеуметтік ортаға ену процесі ұғымы жатыр.

Өскелең ұрпақты әлеуметтендіруде **тәжірибе** рөлін асыра бағалау қиын. Балалар қозғалыстарына қатыса отырып, бала ерекше әлеуметтік тәжірибеге ие болады, оның негізінде қоғамда адам болып қалыптасудың қажетті дағдыларын меңгереді, қоғамда қабылданған жораларды, салт-дәстүрлерді, мінез-құлық нормалары мен қағидаларын меңгереді. Тек тәжірибенің көмегімен тіл, көзқарас, дүниетаным және т.б. беріледі.

Тұлғаны табысты әлеуметтендірудің маңызды факторы **бастама** болып табылады, ол – адамның өз бетімен шешім қабылдауы, оның қоғамдық белсенділік таныту түрі.

Балалар қозғалысы – балалар қатысатын және ерікті түрде, өз күштерімен қайсарлық негізде құрылған барлық балалар қоғамдық бірлестіктерінің жиынтығынан тұратын әлеуметтік қозғалыстар түрлерінің бірі [2].

Балалар ұйымдары – көзқарастар, қажеттіліктер немесе жеке мүдделер мен қабілеттер бірлігіне негізделген 7-14 жастағы балалардың өз күштерімен құрылатын ерікті қоғамдық бірлестігі [3].

Балалар қозғалысы **балалардың қоғамдық бірлестіктеріне** – бірлесіп қызмет жасау үшін біріктірілген 18-ге дейінгі жастағы балалар мен кәмелетке толған жастар кіретін азаматтар бірлестігіне сүйенеді. Балалар қоғамдық бірлестігі мен қосымша білім беру жүйесінде мүдделері бойынша оқитын балалардың бірлестігін табиғаты мен міндеттеріне қарай ажырату қажет. Сондай-ақ балалар қоғамдық бірлестігі мен білім беру ұйымдары оқушыларының өзін-өзі басқаратын органын ажырату да маңызды.

Балалар қоғамдық ұйымының мақсаты – қызықты өмір сүрудің бастамасы ретінде балалардың өздері қабылдайтын баланың әлеуметтік қалыптасуы мен өздігінен іске асыруына қолайлы жағдай жасау.

Формальды емес топтардан айырмашылығы балалар ұйымдарында бала құқық пен әлеуметтік қызметтің субъектісі болу, әлеуметтік қатынастар жүйесіне ену, жаңа әлеуметтік рөлдердің мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып ұғыну мүмкіндігіне ие болады. Кез келген қоғамның даму жолы балалар бойында қандай құндылықтардың қалыптасатынына, олардың әлеуметтік қатынастардың жаңа түріне қаншалықты дайын болатынына байланысты.

Балалардың қоғамдық бірлестіктерінің **классификациясы** – әлеуметтік кеңістік субъектілері негізіне: балалар бірлестіктері қызметінің мақсаты, міндеттері, негізгі бағыттары жатады:

а) көбінесе бала тұлғасын әлеуметтендіруге, оның азаматтық қалыптасуына, жеке және қоғамдық (әскери-патриоттық, пионерлік, тимуровшылар, әлеуметтік-оңалту) үйлесіміне бағытталған;

б) әлеуметтік-жеке бағыттылық (скауттық);

в) алғашқы кәсіби бағыт және дайындық («Бизнес-клубтар», бейіндік отрядтар);

г) мәдениеттанушылық, тарихи-ізденушілік;

в) экологиялық қозғалыстар;

г) спорттық, салауатты өмір салты үшін туристік-өлкетану қозғалыстары;

д) бос уақытың болуы.

Өзара байланыстар, өзара қарым-қатынастар, өзара іс-қимыл бойынша балалардың қоғамдық бірлестіктерінің:

– мемлекеттік құрылымдардан: мектептерден, қосымша білім беру ұйымдарынан, балалар үйлері-интернаттардан, мәдениет, ғылым мекемелерінен және т.б.;

– ересектер мен жастардың қоғамдық бірлестіктерінен, қозғалыстарынан;

– жеке, коммерциялық құрылымдардан айырмашылығы бар [4].

Заманауи ұйымдарға тән сипат жарғылық ережелердің, құрылымдардың, басқару жүйелерінің, басшылық пен өзін-өзі басқарудың болуы. Бұл ережелерде мүшелік талаптары, мүшелердің өзін-өзі басқаруы, материалдық база және қаржыландыру көздері көрсетілген.

1. Қазақстанда балалар-жасөспірімдер қозғалыстарының қызмет етуі және дамуы

Балалар қозғалыстарының қалыптасуының және дамуының негізгі кезеңдері

- 1886 жылы Бельгияда алғаш рет «Жас гвардия» жұмысшы жастар одағының және Голландияда социалистік жастар ұйымының пайда болуы
- 1907 жылы Роберт Баден-Пауэл, британдық офицер, Англияда ұлдарға арналған алғашқы эксперименталдық шатырлы лагерь ұйымдастырады.
- 1908 жылы Р. Б.-Пауэл «Scouting for boys» кітабын шығарады, сөйтіп бүкіл дүниежүзілік скауттық қозғалыстың басталуына себепші болады.
- 1909 жылы 30 апрель. О.И. Пентюхов алғаш рет «Бобр» ресейлік скауттардың патрулін жинады. Бұл күні Ресей скаутингісінің пайда болған күні болып есептеледі.
- 1910-1917 жылдары Ресей скаутингісінің қарқынды өсуі.
- 1917-1918 жылдары кәсіпқой, кластық немесе партиялық белгісі бойынша балалар, жастар бірлестіктері жаппай пайда бола бастады.
- 1917 жылы Мәскеу (Замоскворецкий), Тула (Детпролеткульт), Пермь (Муравейник), Қазан (Қызыл гүл), Екатеринославский (Балалар комсомол ұяшықтары) қалаларында алғашқы пионер жасақтары пайда болды.
- 1921 жылы Н.К. Крупская «РКСМ и бойскаутизм» брошюрасында комсомолдықтарға түрі жағынан скауттық және мазмұны жағынан коммунистік балалар ұйымын құруға кеңес берді.
- 1922 жылы 19 мамыр – Кеңес Одағында пионерлер ұйымдарының пайда болған күні.

Отандық балалар қозғалыстарының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері:

1-кезең – ХХ ғасырдың 10-жылдары – спецификалық әлеуметтік ақиқат ретінде балалар қозғалыстарының пайда болуы;

2-кезең – ХХ ғасырдың 20 және 30-жылдарының басы – пионерлік-әлеуметтік-педагогикалық ақиқат мақсатты әлеуметтік тәрбиенің жаңа құралы түріндегі балалар қозғалыстарының қалыптасуы;

3-кезең – 30-80-жылдар – жаппай монопольдік қоғамдық балалар ұйымдары – спецификалық тәрбие жүйесі, өскелең ұрпақтың коммунистік тәрбиесі жүйесінің бөлімі ретінде пионерлер қозғалыстарының дамуы;

4-кезең ХХ ғасырдың 90-жылдары – балалар мен жастарды әлеуметтендіру субъектісі ретінде қазақстандық қоғамның жаңа әлеуметтік-экономикалық, тарихи жағдайларындағы отандық балалар қозғалыстарының формаларының, түрлерінің, мақсатты және мазмұндық бағыттылығының әртүрлілігі жағынан өзіндік дамуы және өзін-өзі анықтауы[4].

Ғылыми-педагогикалық ортада мектептегі және мектептен тыс мекемелердегі пионерлер жұмысының негізгі объектісі ретінде балалар қозғалыстары саласындағы зерттеу жұмыстары Н.К.Крупскаяның, С.Т.Шацкийдің, П.Блонскийдің, В.Луначарскийдің, А.С.Макаренконың,

В.С.Сухомлинскийдің, В.Лебединскийдің, З.А.Ходоровскийдің, Н.И.Болдыревтің, В.М.Коротовтың еңбектерінде кеңінен ашылған.

Қазақстанда олар қоғамдық құбылыстар ретінде пионерлік қозғалыстардың жоғары педагогикалық миссиясы мен тарихи мәні аталып өтетін Р.Д.Иржанованың, К.Құнантаеваның, З.Байназаровтың, Н.Б.Абаеваның, Н.Л.Татаурованың, М.Көпжасарованың, Б.И.Мұқанованың және басқа да авторлардың еңбектерінде жарияланған.

Көптеген ғалым-педагогтар (С.К Қалиев, К.Ж Қожахметова, Е.А.Дмитриенко, Т.Н. Ескендірова, К. Қабдыразақұлы, Р.К. Дүйсембинова, С.К. Мұхамбетова, А. Сәдуақасов, В.И. Загайнова, С.Т. Иманбаева, Ж. Өтеев) проблемалардың өзектілігін атай отырып, мектептегі және мектептен тыс мекемелердегі тәрбие жұмыстарының қажеттілігі мен жүйелендіру туралы ұқсас нұсқаларды ұсынды [5;6].

Е.А. Дмитриенко, М.К. Құрсабаев, А.Н. Тесленко, Д.В. Лепешев, А.К. Жұмашев, Л.В. Алиева, А.В. Волохов және тағы басқалардың зерттеулерінде қазіргі замандағы балалар қозғалыстарының жаңа үлгісінің негізі болып гуманистикалық идеалдар принциптері анықталды: ұлттық дәстүрлер, патриотизм, толеранттылық, ынтымақтастық, сондай-ақ өз істері үшін жеке жауапкершілік принциптері.

Пионерлер заңдары, «КСРО – Менің Отаным» экспедициясы, тимуровшылар қозғалысы, салтанатты ант, пионерлер қатарына қабылдау, «Артек», «Орленок», «Океан» балалар мен пионерлер қозғалыстарының лидерлері мен белсенділерін даярлайтын мектептер және басқа да пионерлер ұйымдарының қозғалыстары тек Кеңес Одағына ғана емес, оның сыртындағы елдерге де жарқын үлгі бола алды.

Сонымен қатар, мемлекеттің пионерлер ұйымдарының ішкі жұмысына кедергі жасауы балалар қозғалыстарының саясаттануына әкеп соқтырды. ХХ ғасырдың 80-жылдары ғана көптеген одақтас республикаларда (Эстония, Украина, Өзбекстан) вожатыйлар мен пионерлер арасында республикалық ұйымдардың Бүкілодақтық ұйымдар құрамынан шығуы туралы қоғамдық пікір қалыптасты. Қазақстанда, атап айтқанда, Павлодар облысында пионервожатый Қаниев Арманның басшылығымен 1969 жылы «Жас ұлан» дербес балалар ұйымын құруды қолға алады. Бұл қадам 1985 жылы Шығыс-Қазақстан облысы Үржар ауданының Қаракөл ауылында қабылданған болатын.

«Ұлан» республикалық газет беттеріне шықанда (18.03.1990) «Атамекен» бағдарламасының негізгі бағыттары (автор М.Қ. Құрсабаев) Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінің жартысынан көбін қамти отырып, алғашқы «Атамекен» ұйымының құрылуына күш берді. Сол сәттен бастап «Атамекен» балалар ұйымы үшін бұл кезең бір жағынан балалар ұйымының жаңа ұрпағының қалыптасуын қамтамасыз ете отырып танымал болса, екінші жағынан, өскелең ұрпақтың бойында патриотизм, ұлттық өзін-өзі тану, тәуелсіздік және ұлттық мақтаныш сезімдерін танып білуді қалыптастыруға ықпал етті.

«Атамекен» I Республикалық Құрылтай (1991 жылғы 7 желтоқсан) нарықтық экономика жағдайында балалардың қоғамдық бірлестіктерінің үлкен әлеуетін және тәрбиелік мәнін көрсетті. 1992 жылғы мамырдан кейін барлық балалар бірлестіктерін біріктіруге, «Атамекен», «Жұлдыз», «Кәусар бұлақ» балалар ұйымдарының бағдарламаларын қабылдауға қатысты көптеген сұрақтар қарастырылған пионерлердің кезектен тыс Слеті шақырылады. Мұндай дәстүрлер басқа да балалар ұйымдарында: “Жас лидерлер қауымдастығы” (Н.И.Бахмутова), “Жұлдыз” РСДО (Е.А.Дмитриенко), “Қазақстан скауттарын ұйымдастыру” (В.Деймунд), “Мың бала” (З. Нұрқаділов, К.Ахметов), “Болашақ” (С.Т.Иманбаева), «Жас ұрпақ», «СМид», Ұлттық дебат орталығы (Б.З.Отарбаева) және тағы басқалар қабылданған болатын.

Педагогикалық зерттеулерде «Атамекен» бағдарламасының негізгі бағыттары К.Б. Болеев, С.К.Қалиев, К.Ж Қожахметова., Ж.Ж. Наурызбай, Р.К. Дюсембинова докторлық диссертацияларында, С.К.Мухамбетов, А.Ашайұлы., А.Садуқасұлының кандидаттық диссертацияларында және тағы басқалардың еңбектерінде қарастырылған болатын.

Оқу құралдарының авторлары Ж. Қоянбаев («Педагогика»), З. Абилова («Этнопедагогика»), С.К. Қалиев, А. Кенжан, М.К. Бұлақбаева, А.Т. Имашева, И.Б. Юсупова («Этнопедагогика»).С.Ш. Абенбаев («Методика воспитательной работы в школе») өз еңбектерінде «Атамекен» бағдарламасы мен балалар ұйымдарының қызметін ерекше атап өтті.

«Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы "Атамекен", "Жұлдыз" және РС СДОК сияқты Қазақстан балалар ұйымдарының лидерлері мен басшыларын, сондай-ақ балалардың әлеуметтік бастамаларын біріктіру орталығына айналды. "Балдәуренде" өткен балалар ұйымдарының алғашқы Слеті (27.08.2006) Қазақстандағы балалар қозғалыстары тарихында өзгерісті кезең болды. Көптеген ардагерлер мен ғалымдар (Б. Жаңабаев, Е.А. Дмитриенко, М.К. Құрсабаев, А. Штроо, К.Е. Үсембаева, Д.В.Лепешев, Т.Н. Ескендинова, В.Шкарупин, Г.А. Баймухамбетова, А.Т.Дюсембаева), сондай-ақ мемлекеттік қайраткерлер Б.С. Әйтімова, Г.А.Алтынбекова, М. Айсина және басқалар белсенді қатысты [5; 6].

2011 жылғы 11 ақпанда «Нұр Отан» ХДП XIII Съезінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев **«Жас Ұлан»** біртұтас қозғалысын және «Жас қыран» балалар ұйымының жаңа жүйесін құру арқылы еліміздің жастарын біріктіру қажеттілігін атап өтті.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеген жылдары жастар ұйымдары лидерлерінің бастамашылық тобы 2011 жылғы 6 шілдеде «Жас ұлан» бірыңғай балалар-жастар ұйымы» Республикалық Қоғамдық бірлестігін құрды.

Ұйымның мақсаты – өскелең ұрпақтың Қазақстан халқына, мәдениетіне деген сүйіспеншілігі мен адалдығы, толеранттылық дәстүрлері мен бітімгершілік, ұлттық құндылықтар, білімге, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыс негізінде өз Отанының патриоттары етіп тәрбиелеу. «Жас Ұлан» аға буын

мүшелері 5-10-сынып оқушылары, «Жас қыран» кіші буын мүшелері 1-4-сынып оқушылары болып табылады.

2011 жылғы 1 қыркүйекте Астана қаласының №66 мектебінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Жас ұлан» бірыңғай балалар-жастар ұйымының алғашқы мүшелерін салтанатты түрде қабылдады.

2011 жылғы қазанда еліміздің барлық өңірлерінде балалар қозғалыстарының өзекті мәселелерін талқылау үшін жолға шығып, мәжілістер ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығына орай 20 жұлдызды күндер шеңберінде 3 желтоқсанда Қазақстанның барлық өңірлерінде «Жас ұлан» қатарына бір мезетте 20 000 оқушы ілесті.

2012 жылғы 26-29 қаңтарда «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында «Жас ұлан» бірыңғай балалар-жастар ұйымының өңірлік үйлестірушілеріне арналған кеңейтілген семинар өткізілді [7].

«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» қатарында 1 млн.артық оқушы есептелді (2015жг.)

«Ұлы Дала скауттары»

«Қазақстандық скаутизмнің» пайда болуы туралы толық ақпарат табылмады [8].

Қазақстандағы алғашқы скауттар жасағын 1989 жылғы қарашада Виктор Деймунд және Олег Можейко құрған болатын. Кейіннен В. Деймундтың жетекшілігімен Қазақстан Скауттық қозғалыстар (ҚСҚҰ) ұйымы құрылып, ол өзі ҚСҚҰ-ның бірінші президенті болып сайланған. Скаутинг жас буын арасында танымал болып, тез дами бастаған қозғалыс болды.

1990 жылы Мәскеуде скаутингпен айналасып жүрген тұлғалардың Бүкіл дүниежүзілік съезі өтеді. Съезд АвоРС – ресейлік скаутинг қайта даму қауымдастығын тағайындайды. Павлодар қаласында Скауттық жасақтар Орал өңірінің құрамына кіреді.

1991 жылы Павлодар қаласында скауттықтар жасағының жұмысы туралы республикалық баспасөзде алғаш рет жарияланады. Павлодарлық скаут – лидерлері барлық ниет білдірушілерге әдістемелік әдебиеттер сериясын шығарып, Қазақстанның әр қалалары мен аймақтарына таратады, скауттық жасақтар ұйымдастырылады.

1992 жылы 28 желтоқсанда ҚСҚҰ ҚР Әділет министрлігінің тіркеуінен өтеді.

1993 жылы бастаушы скаутлидерлерге арналған алғашқы оқу курстары ұйымдастырылды, жазда «Жасыбай жебесі» I Республикалық скаут лагері жұмыс жасады.

1994 жылы Қазақстан өкілдері Қырымда Дүниежүзілік скаут комитеті өткізген ТМД елдеріне арналған Ақпараттық мәжіліс жұмысына қатысады. ҚСҚҰ президенті В. Деймун мен Дүниежүзілік скаут ұйымының Бас хатшысы доктор Жако Морейльон арасында кездесу өтіп, Қазақстандағы скаутингтің дамуы туралы сөз болады.

1995 жылы Германия VdP скаут ұйымымен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылады. Нидерландыдағы 18-ші Дүниежүзілік Джамбори жұмысына қатысады.

1996 жылы Павлодар және Алматы облыстарында скаут лагерлері ұйымдастырылады. Республикалық конференция өткізіліп, онда қызметтің әртүрлі мәселелері бойынша Жарғы мен Ереженің жаңа рекдакциясы қабылданады.

1997-1999 жылдары дәстүрлі скауттық лагерь ұйымдастырылады. Біздің скауттар делегациясы Германия, Англия және Ресей халықаралық лагерлеріне қатысады.

VdP скаутлидерлері Павлодарда Қазақстан-Германия семинарын өткізеді. «Скаутингке енгізу» республикалық семинары ұйымдастырылды.

2000 жылы Қостанайда Республикалық лагерь ұйымдастырылды. ҚР Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім басшыларымен кездесу өтті, онда скауттық қозғалыстар мен бірлескен қызметті қолдау мәселелері талқыланды.

Павлодар қаласында Республикалық семинар, Алматы, Астана, Қарағанды қалаларында өңірлік семинарлар өтті. 2 облыстық филиал және 4 өкілдік құрылды.

2001 жылы скауттар делегациясы Қазақстанның I Жастар Конгресіне қатысты. Қазақстанның түрлі облыстарында бірқатар лагерлер ұйымдастырылды. Күзде республикалық нұсқаушы лагерь ұйымдастырылды. «Шаңырақ» жастар лагері өткізілді.

2002 жылы – Бурабайда I Республикалық Ұлттық Джамбори өткізу осы жылдың басты оқиғасы болды. Ақпанда ҚСҚҰ скауттар делегациясы Омбы облысының Седельников ауылында Халықаралық Сібір скаут семинарына қатысты. Скауттар делегациясы Қазақстан Жастарының II Конгресіне қатысады.

2003-2004 жылдары ВНСО, VdP басшылығымен ҚСҚҰ Омбыда (Ресей) ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында кездесу болды. «Скаутингке енгізу» жол жүру семинарлары мен тренингілері өткізілді. ҚСҚҰ филиалдары Скауттық шатырлы лагерлерді ұйымдастырды. «Жасыбай жебесі» лагері дәстүрлі лагерге айналды.

ҚСҚҰ басшылары VdP скауттық тренингілік орталығында 2 апталық германдық-қазақстандық «Достық» курсына қатысты. ҚСҚҰ үнемі дамып отырады, оның құрылымдары Қазақстан өңірлерінде 10 облыстық филиал жұмыс жасайды. 4 облыста өкілділік құрылған.

ҚСҚҰ Германиядан VdP скауттар ұйымымен табысты ынтымақтасады, VdP тарапынан семинарлар өткізуге көмек көрсетіледі, скауттық делегациялармен алмасады, осының барлығы оң дәстүрге айналды. ҚСҚҰ көптеген акциялардың бастамашылары және ұйымдастырушылары («XXI ғасырға дені сау бала», «Жастар есірткіге қарсы», «Қамқорлық»).

Қазақстанның әр көркем бұрышында өткізілетін лагерлер дәстүрге айналған.

2008 жылы ұйым Дүниежүзілік Скауттар Қозғалысы ұйымына ресми қабылданған.

2017 жылғы наурызда ҚСҚҰ Кеңесінде «Қазақстан Скауттары» Қазақстан Скауттар Қозғалысы ұйымын "Ұлы Дала скауттары" (ҰДС) атауына өзгерту туралы шешім қабылданды.

2016 жылы Ұлы Дала скауттары Жастар Бағдарламасын әзірлеуді аяқтады [9].

2017 жылғы 28-29 сәуірде «Жас буынның формальды емес білімі» I Евразиялық скауттық білім форумы өтті. Екі күндік іс-шара Ұлт көшбасшысы кітапханасының қолдауымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен, Дүниежүзілік скауттар қозғалысы ұйымымен бірлесіп ұйымдастырылды.

Форум алаңы Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті – Ұлт көшбасшысының Кітапханасы болды. Кітапхана үлкен білім беру орталығы және Қазақстан балалар қозғалыстары мен жастар саясатының дамуына ықпал етеді.

Форумға 200-ден астам адам қатысты. Оған Қазақстан мемлекеттік органдарының өкілдері және әлемнің 18 елінен: Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Молдова, Украина, Қырғызстан, Швеция, Швейцария, Франция, Португалия, Польша, Оңтүстік Корея, Малайзия, Жапония Дүниежүзілік скауттар қозғалысы ұйымының мүшелері қатысты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Б. Асылова республикамыз халықтарының мәдениеті мен дәстүрлерін ескере отырып, Қазақстанда Скауттар ұйымын дамытуды қолдау қажеттілігін атап өтті.

Форум шеңберінде әлемде ұлттық құндылықтар негізінде жас буынның азаматтылығын қалыптастыру, жастар көшбасшылығы мен волонтерлікті дамыту, XXI ғасырда өмірлік және қоғамдық табысқа жету үшін қажетті негізгі құзыреттілікке ие болу үшін практикада қолданылатын заманауи инновациялық әдістер талқыланды.

Форум шеңберінде Жапония, Малайзия, Оңтүстік Корея және Польша өкілдері өз елдеріндегі формальды (мектептер мен институттар) және формальды емес (қоғамдық ұйымдар) білім беру құрылымдарының өзара іс-әрекеттері тәжірибесімен бөлісті.

Басты мақсат – жастардың ішкі өзектерін қалыптастыру. Тәрбие Ұлы дала құндылықтарына негізделуі тиіс. Бағдарламада 3 білім деңгейі анықталған. Скауттық ынта баспалдағы қолданылатын болады. Бағдарлама нәтижесі өз бетінше әрекет ететін, мақсатқа сай, өмірлік қиындықтар мен дағдарыстық жағдайларға қарсы тұра алатын жастарды қалыптастыруға көмектеседі [10; 11].

2016 жылғы 22 ақпанда «Балдәурен» РБО мектеп оқушыларының тиімді патриоттық тәрбиесі үшін жағдай жасау жөнінде мақсатқа сай ұйымдастырушылық іс-әрекет жүргізуге арналған, әр оқушының бойында

Отанға деген адалдықты, қоғамға және Қазақстанға пайда келтіруге дайын болуды дамытуға оңтайлы жағдайды қамтамасыз ететін **«Жас патриоттар - қазақстандықтар академиясы»** жаңа балалар-жастар ұйымы құрылған болатын [12].

«Жұлдыз» балалар қоғамдық бірлестігі одағы

Барлығы 1991 жылы С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогикалық институтының педагогика кафедрасында (қазіргі Л. Гумилеватындағы Евразия ұлттық университеті) педагогика ғылымдарының кандидаты Елена Александровна Дмитриенко «Жұлдыз» бағдарламасын әзірлеген уақыттан басталды. Енді пионерлер қозғалысының орнына жаңа «жұлдызды» толқын келді. Бағдарлама Қазақстанның 7-ші балалар және пионерлер ұйымдарының слетінде қабылданды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мақұлдады және енгізуге ұсынды.

Бағдарлама Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен басқа да республика өңірлерінде кеңінен таралды.

2001 жылы «Жұлдыз» балалар қоғамдық бірлестіктерінің облыстық одағы құрылды, оның құрамына Ақмола облысында бір атаудағы бағдарламамен жұмыс жасайтын барлық балалар қоғамдық құрылымдары енді.

2004 жылдың тамызында Қазақстанның ондаған өңірлерінде өз өкілеттіктері бар «Жұлдыз» Республикалық Одағы тіркелді.

Бүгінде Одақ 500 мыңнан астам оқушыларды, 2 мыңнан астам әртүрлі балалар мен жастар қоғамдық құрылымдарын біріктірген [13].

Балалар мен жастар қозғалысының ғасырға жуық тарихы бар. Қоғамдық тәжірибеге ұмтылу, оның қайта пайда болуына қатысу, өз құқықтарын және әртүрлі балалар тобының мүдделерін қорғауы арқылы жастар қазақстандық қоғамдық өмірдің факторына айналды.

2. «Жас Ұлан», «Ұлы дала скауттары», Жас патриоттар академиясы және т.б. балалар-жастар ұйымдарының тәжірибесі, бастамалары, әлеуметтендіру

Біз жаңа ғасырға қадам бастық. Тәуелсіз Қазақстан дамуының қоғамдық процесінде жас ұрпақ айрықша орын алды және ала береді. Жастар максимализмі және идеалдық талпыныстар күшінде жас қазақстандықтар қайырымды идеалдар мен ақталудың, жана интеграциялық процестердің демократиялық айнамастықтың белсенді тасымалдаушылары бола алды.

Жаңа ұрпақ келді, жана идеяларды өзінің қалыптасуымен байланыстыра білді. Осылайша, жастар – елдің болашағы және болашақ солардың қолында.

Елдің, қоғамның, мемлекеттік ілгерлеуі жас ұрпақты әлеуметтендіруге, оларды қоғамдық практикаға жұмылдыруға байланысты.

Қазақстанда ХХІ ғасырдың қызу басталуы жас ұрпақты әлеуметтендіру мәселесіне назарды күшейтті, бұл балалар, жастар қозғалыстарының дамуына объективті себеп болды.

Қозғалыстың негізін құрайтын жастар ұйымдарында балалар мен жасөспірімдер жалпыадамзаттық гуманистік құндылықтарға негізделген өз құқықтарын қорғауға және іске асыруға әрекеттенеді.

Жас ерекшеліктеріне байланысты балалар қозғалысы олардың қатысушылары мемлекет пен қоғамның, саяси институттар мен қоғамдық ұйымдардың көмегімен пайда болады.

Өткенге деген қызығушылық үнемі тарихтың күрделі бетбұрыстарында күшейе түседі. Қазақстандық қоғамның саяси жүйесінің құрылымдық процесі, оның қайта құрылуы тарихи тәжірибенің мәнін түсінумен, бүгінгінің сұрақтарына өткен тарихтан жауап табуға әрекеттенумен байланысты. Жастардың әлеуметтік бейімделу түрлері, әдістері, тетіктері жалпыадамзаттық ұғымдармен ғана түзетілмеген, сондай-ақ адамдардың әлеуметтік мүдделерімен де түзетілген. Түрлі саяси күштер арасындағы идеялық күрес түрлі қоғамдық күштердің көзқарастарында және бір ұрпақтан екіншісіне әлеуметтік тәжірибенің берілу партиясында да, балалар мен жастар қозғалыстарының мақсаттарында да көрініс тапқан [14].

Елдегі жастар саясаты өзгеріссіз қалуы мүмкін емес, себебі ол ел дамуының объективті жағдайларына сәйкес қайта қалыптасты. Сонымен бірге жалпыадамзаттық, ұлттық, әлеуметтік мүдделер шиеленісі де болды. Балалар қозғалысы қоғам жағдайына байланысты, бірақ қоғамның болашағы балалар, жастар қозғалысының бүгінгі күні қалай болатынына, балалар, жастар өзара әрекеттесе оқитынына байланысты.

Балалар бірлестігі – әр ұжым мүшесінің өз рөлдері бар, мазмұны топ ішінде өзара іс-қимылды қалыптастыратын еркін ұйымдық құрылыммен, «ересек – бала» демократиялық иерархиялармен әлеуметтік ұйымдастыру ретінде қызмет жасайтын шағын топтардың әртүрлілігі тұлғаралық қатынастарды жетілдіреді.

Балалардың қоғамдық қозғалысы – қоғамның әлеуметтік-саяси саласының және оның педагогикалық жүйелерінің қиылысында орналасқан

әлеуметтік-педагогикалық құбылыс; қоғамның дамуының нақты кезеңінде әрекет ететін түрлі типтегі және әртүрлі балалар қоғамдық ұйымдарының (қозғалыстар, ұйымдар, ұжымдар) жиынтығы.

«Балалар қозғалысы» ұғымы «балалар бірлестігі» және «балалар ұйымы» ұғымдарынан кең. Балалар қозғалысы бірлестіктерді, ұйымдарды құрайды. Бірлестіктер құрамына, өз кезегінде, жеке атауы бар ұйымдардан тұратын ұйымдар кіре алады. Балалар ұйымдары Қазақстанда бар, олар скауттық ұйымнан, пионерлер ұйымынан және т.б. тұрады [15].

Кез келген елдің жағдайын бағалаудың маңызды критерийлерінің бірі әртүрлі қоғамдық институттар, ұйымдар арқылы іске асырылатын азаматтық танымның болуы және оның даму дәрежесі болып табылады. Ондай бағыт мемлекеттік құрылымның нұсқауы бойынша емес, «төменнен» пайда болады, ресми желілер мен бағдарламаларға тәуелсіз жеткілікті әрекет етеді [16]. Сол себептен қоғамдық институттар мен ұйымдар жеке әлеуметтік топтар да, сондай-ақ жалпы қоғам да пікірлер мен мүдделерді көрсетудің шынайы тетіктері болуға қабілетті болады. Балалар мен жасөспірімдер үшін осы кезеңде тек құрдастары тарапынан ғана емес, сондай-ақ үлкендер тарапынан да олардың әрекеттері мен істерін бағалауды өсіру өте маңызды [17].

Тәуелсіз Қазақстанның даму серпіні және қазіргі қоғамда дағдарыс құбылыстарын жеңіп шығу тәжірибесі барлық бұрынғы өмір сүрген қазақстандықтарға ХХІ ғасыр өткеннің сабақтарын сызып тастауға болмайтынын дәлелдеді.

Бүкілодақтық пионерлер ұйымы мен комсомол тарағаннан кейін әлеуметтік институттың осылай бұзылуының нәтижесін болжай алатын көрнекті саяси қайраткерлерден, ғалымдардан ешкім табылмады. Балалар, жасөспірімдер мен жастар ешкім бағыттамаған және ешкім басқармаған толық еркіндікке ие болды. Мемлекеттің осындай дамуы мен қалыптасуының күрделі кезеңінде балалардың сауықтыру лагерлері сатыла бастады, ауладағы клубтар, балалардың шығармашылық үйлері, мектепке дейінгі мекемелер, жас техниктердің станциялары және т.б. жабыла бастады.

Қоғамның талап етпеуінен және төмен еңбекақының әсерінен көптеген кәсіби жұмысшылар бір кезде басым болған тәрбие саласынан кетіп қалды. Бұл санатпен тек педагогикалық білім қызметкерлері ғана айналысты, оқытты, ал көше, дискотека, ойын және бейне салондар тәрбиеледі. Рухани, эстетикалық тәрбиемен тез дамушы діни секталар, әртүрлі бағыттағы фильмдердің түрлерін көрсететін теледидар айналыса бастады. Ата-аналар комитеттері, шефтер – өндірісшілер сияқты қоғамдық тәрбие институттары қоғамдық ықпалдар процесінен және өскелең ұрпақтың тәрбиесін бақылаудан өз бетімен жойылып кетті. Тәрбиеге деген сондай қарым-қатынастың нәтижесінде біз бүгін аянышты нәтижелерге ие болдық.

Өткен жылдардың басты қорытындысы уақыт үлесінің балалар мен жастар ұйымдарының әрекетсіздігіне әкелген жастардың бүтін ұрпағының өсуінен тұрады. Осының нәтижесі ұрпақтың ескі түрі – «нигилистердің» пайда болуы болды. Ұрпақтың бұл түріне: жаңа күрделі жағдайларға ену, тек

білімінің жоқтығы ғана емес, сондай-ақ ең бастысы – тұлғалық сапалы қасиеттердің: өз еңбегінің нәтижелеріне деген жауапкершіліктің және ауқаттылық деңгейлері, еңбекке деген сүйіспеншіліктің жоқтығы тән болды. Темекі өнімдері мен алкоголь сусындарын қабылдаудың артуы, балалар мен жасөспірімдер ортасында нашақорлықтың өсуі; балалар мен жасөспірімдерді қылмыстық топтарға кіргізу; тыйым салынған діни бағыттардың тарапынан рухани құндылықтарды қалыптастыруға ықпалды күшейту; үлкендер мен кұрбы-кұрдастарына агрессиялық мәнез-кұлық көрсету; қоғамның құндылықтарына немқұрайды қарау жоқтығы.

«Сөз еркіндігі» терминін жиі қолданатын бұқаралық ақпарат құралдары бүгінгі күні өскелең ұрпақтың құндылықтарын жоюшы болып отыр. Қарым-қатынастың интерактивтік әдісіне жаппай ортақ қолжеткізу психофизикалық денсаулыққа ғана емес, сондай-ақ өмірдің мәнін, қоғамдық мораль нормалары мен ережелерін дұрыс түсінбеуді қалыптастыруға жиі қайталанбас залал келтіріп отыр.

Қоғамдық процестер өскелең ұрпақты тәрбиелеу және олардың бойында еңбек мәдениетіне деген дағдыларды қалыптастырудың жаңа түрлерін, әдістері мен тәсілдерін дамытуды қарастырмайды. Өз еңбегінің сапасын бағалау деңгейі дамымайды.

Тәрбиелеу процесінде экологиялық және еңбек тәрбиесінің арасындағы шек толығымен жойылды, экологиялық даму деңгейлерінің дағдыларына баулу жоқ.

Бүгінгі күні біздегі үлкен проблемалар балалардың агрессивті мінез-кұлық бір-біріне ғана емес, сондай-ақ айналасындағыларға да көрсетуінің артуымен байланысты. Моральдық, этикалық нормалардың, қоғамдық құндылықтардың қазіргі заманғы балалар субмәдениетінің өнегелігімен шектігі жоқ. Медицина қызметкерлері мен психологтар жасөспірімдердің компьютер ойындарына психологиялық тәуелділігі бойынша байқалып отырған үрдісті айрықша атап өтті. Ойын түрлерінің бұл категориясы тек балалардың денсаулығына ғана емес, бастысы психикалық дамудың кері айналмайтын процестеріне де кері әсері бар. Ұсынылатын ойындарды ешкім де реттеп, талдап жатқан жоқ. Қозғалатын «жартылай адамдар, құбыжықтар, әскерилер», бір-бірін көз алдында аяусыз жоятын көгілдір экранның иллюзорлы әлемі психикасы әлі қалыптаспаған жас ойыншыға кері әсер етеді [18].

Педагог-дефектологтар қазіргі замандағы балалар мен жасөспірімдердің сөйлеу тілінің дамымай қалуының қауіпті құбылысын атап өтті, себебі олар экраннан бұйрық ала отырып, «үнсіз» «қарым-қатынас жасайды».

Бүгінгі күні біздің қоғамда жаһандық демографиялық проблема бар. Некеге енді отырған жастардың көпшілігі «отбасының жаңа мүшелеріне» деген моральдық және әлеуметтік жауапкершілікті алып жүруге дайын емес. Ажырасу нәтижесінде балалар күйзеліске ұшырайды, себебі толық емес отбасы баланың құрдастары ортасында толыққанды араласуына жасқаншақтығы, біздің қоғамда жалпыға ортақ деңгейден бөлектікті тудырады [18].

Танымал педагог В.П. Бедерханова қазіргі уақытта саяси партиялар мен бағыттардың тарапынан жастар үшін айқын күрес үрдістерінің байқалғанын атап өтті [19]. Бұл үрдістің тек Ресейге ғана емес, біздің тәуелсіз Қазақстан үшін де сипаты бар.

Аталған дағдарысты проблемаларды жеңіп шығуда кең әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктер айрықша әлеуметтік институттан тұратын қоғамдық ұйымдар қызметіне де енген.

Балалардың қоғамдық бірлестіктері, ұйымдар процеске қатысушылардың өзара гуманистік қарым-қатынастарының арқасында балалардың адамзат өмірінің кез келген салаларына деген қызығушылықтарын бейімдей отырып, балаларды құқықтық және азаматтық тәрбиелеуге жағдайлар туғызады. Балалар бірлестіктерінің, ұйымдардың тәрбие жүйесі аталған екі міндеттен басқа тағы бір қосымша міндеті – балаларға практикалық қарым-қатынаста тұлғалық жағынан өсудің өзара іс-қимылдары нұсқаларын көрсетеді және түрлі буын өкілдерінің бірлескен қызметінің әртүрлі тәсілдеріне үйретеді.

А.В. Волоховтың пікірі бойынша: «...Бала әртүрлі құрбыларымен, әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасайды. Оның ересек адамдармен қарым-қатынасына ерекше мән беру керек. Егер ол – ересектер тарапынан авторитарлық сипат алатын болса, онда бұл тұлғаның өздігінен дамуына кері ықпал етеді. Басқа қыры – баланың өмірі мен іс-әрекетіне толық кедергі жасамаушылық көп сөйлеудің, ұйымдаспаушылықтың, бәріне ерік берушіліктің дамуына ықпал етеді. Балалар мен жасөспірімдердің айналасындағы тек қалыпты атмосфера ғана олармен дұрыс өзара қарым-қатынасты қамтамасыз етеді....» [20].

Уақыт талап ететін және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда өзгермейтін білім саласындағы парадигмалдық өзгерістер тұлғаның өзінің дамуындағы және қалыптасуындағы аспектілеріне – тұлғаның бейімделу идеясынан бағыттаушы тұлғаға ауысады. Дәл осы процесте ерекше рөл балалардың қоғамдық бірлестігіне тиесілі болатынына сенуге болады. Олар мыналарды:

- ✓ баланың еркін таңдауын;
- ✓ күрделі заманауи әлемге бағытталуды;
- ✓ оның мүмкіншіліктерін, оның қабілеттерін таңдау;
- ✓ қоршаған ортаны және өзін тануды іске асырады.

Жағдайдың өзгеруі, білім жүйесін жаңарту қазіргі замандағы балалар қоғамдық бірлестіктерінің, ұйымдардың, одақтардың, қауымдастықтардың және т.б. даму проблемалары бойынша конструктивті пікірталастар жүргізуді, олардың қызметінің мазмұнына, құндылықтар жүйесіне өзгерістер енгізуді, мақсатын анықтауды, іс-әрекет процесін ұйымдастыру технологияларын жетілдіруді талап етеді.

Балалар қозғалысы – объективті әлеуметтік процесс, ол кез келген мемлекетке тән. Бүгінде – соңғы онжылдықта Қазақстан үшін жаңа – балалар қозғалыстарының дамуындағы үрдістерді анықтап алу үшін халықаралық балалар қозғалыстарының тарихына үңілу қажет.

Балалар қозғалысы ертеде пайда болды. Оның алғашқы өсуі ежелгі Спартада, жасөспірімдер мен жастардың арасынан әскерлендірілген құрылымдар құру кезеңінде аталады. Балаларға арнап шешендік өнер, математика негіздері, жазба және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытатын алғашқы мектептер құрылды.

XIX ғасырдың соңында Францияда, Голландияда, Данияда және ағылшын доминиондарында ағылшын, әдістемелік, баптистик шіркеулер жанында «Қыздар бригадасы» құрылады. Бұл ұйымға қатысушылардың жасы 8-ден 21 жасқа дейін. Сондай-ақ жас христиан әйелдер мен жас христиан ерлердің шіркеуаралық Қауымдастықтары құрылады [21].

1891 жылы «Жас жігіттердің шіркеулік бригадасы», «Еврей жастарының бригадасы» (1895 ж.), «Ұлдардың каталикалық бригадасы» (1896 ж.) және т.б. пайда болды.

Аталған діни бірлестіктердің негізгі миссиясы азаматтарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге, дені сау адамдарға бағытталған. Ұйымдарда өтетін сабақтарға оған қатысатындар діни білімнен басқа мінез-құлық мәдениеті дағдыларын, шаруашылық жүргізу мен үй салудың практикалық дағдыларын да үйренеді. Ұл балаларға саптық дайындық және дене жаттығулары негіздерін үйретеді.

Бұқаралық балалар қозғалыстарының тарихы XIX ғасырдың екінші жартысында, Еуропа елдерінде қоғамды қайта құру үшін күресте барлық топтардың, тұрғындардың қатысуымен төңкерісті жағдаяттар туған кезде дамыды.

1887 жылы Германияның әскери ведомосының бастамасы бойынша «Жыл құстары» балалар ұйымы құрылды. Бұл ұйымда өткен ғасырлардағы герман рыцарьларының ғұрпы орныққан. Балаларды көрнекті жерлерде қыдырту әскери ойындармен үйлестірілген. Тарих сабақтарынан басқа ұйымға қатысушылар қарудың тарихын зерделеген және оларды меңгеруді үйренген, болашақ Отан қорғаушылардың спорттық дайындығына баса мән берілген. Бұл ұйым «Сұңқарлар» және «Бүркіттер» бұқаралық қозғалыстарының бастау алуына ықпал еткен [21]. «Сұңқар» – бұл әлеумет-демократиялық бағыттағы балалар мен жастар ұйымдарының халықаралық бірлестіктерінің атауы. 1953 жылдан бастап ол «Сұңқарлар» Халықаралық қозғалысы – тәрбиенің социалистикалық интернационалы» деген жаңа атауға ие болады.

Қозғалыс міндеттері – социализм, бейбітшілік, бостандық, ұлттық тәуелсіздік үшін, фашизмнің жандануына, қолға қару алуға қарсы күрес. Бүгінде бұл – 6-дан 30 жасқа дейінгі 200 мыңнан астам адамды біріктірген ұйымдардың қауымдастығы. Жас ерекшелік топтары:

- ✓ 6-дан 15 жасқа дейін – «Сұңқарлар»;
- ✓ 15 жас және одан жоғары – «Социалистік жастар».

Баланың рухани және жан-жақты дамуына ықпал ететін тәрбиелік қозғалыс ретінде туындап, бүгінгі күні аталған ұйым әр елге балалардың тәрбиесі мен оларды қорғауға қатысты сұрақтар тапсырған саяси тәрбие қауымдастығы болып отыр. «Сұңқарлардың» саяси тәрбие жұмысының негізгі мақсаттары жас ұрпақты өзін-өзі айқындауға дайындау, өзінің болашақ қызметтерін атқаруға, қоғамдағы өзгерістер үшін белсенді күресуге, балалар мен жастарды «Сұңқарлар» саяси

акцияларына жұмылдыруға, болашақ социалистік қоғамның үлгісі балалар республикасын құруға бағытталған [21].

«Сұңқарлар» бұқаралық тәрбиенің заманауи принциптері: балалардың тәрбиесін бақылау; балалар мен жастардың қоғамдық танымын қалыптастыру; балалар тәрбиесіндегі ата-аналардың рөлін арттыру; әртүрлі әлеуметтік топтар мен ұйымдардың арасындағы өзара байланыстарды дамыту, балалар құқықтарын қорғау; эксплуатацияға қарсы белсенді күрес; білім мен тәрбие институттарын, оларды әрі қарай демократияландыру жолымен кеңейту; балалар мен жасөспірімдердің сыни танымын қалыптастыру.

«Сұңқарлар» ұйымдарындағы тәрбие жүйесінің теориялық негіздері плюралистикалық сипатқа ие. Әлеуметтендіру теориясының, гуманистік және этикалық теорияның үлкен ықпалы бар. Баланың жеке басына баса назар аударылады. Педагогтердің қызметіндегі маңызды әрекеттер баланың тұлғасын, оның жас ерекшелігін зерделеу болып табылады.

«Сұңқарлар» балалар ұжымы жұмысының негізі – клубтық жұмыс. «Сұңқарлар» идеологтары ойдағыдай іске асатын, атап айтқанда, жазғы лагерлердің жұмыс практикасында ойындардың жетекші әдісін тандап алады. Шынайы өмірлік мүдделерді елестететін іскери ойындар практикада кеңінен қолданылды.

Олардың бағдарламасының негізі шешімдер қабылдау еркіндігіне, өз бетінше әрекеттенуге, қайсарлыққа, өзіндік сана-сезімге ұмтылуға тәрбиелеу болып табылады.

XX ғасырдың басында балалар қозғалыстарының төрт қанаты белгілі болды: діни, коммунистік және социалистік бағыттар, социал-демократиялық бірлестіктер, скауттық ұйымдар.

Балалар қозғалысындағы осы төрт қанат әртүрлі партиялар мен қозғалыстарға біріктірілген ересектер қажеттілігімен, өз қатарларын құрумен, жас ұрпақты өз идеялары рухында тәрбиелеумен анықталды.

Дамыған елдерде ірі саяси партиялардың өз балалар ұйымы бар, оларды өздері қаржыландырады. Мысалы, ХДО (христиан – демократиялық одағы), «Германияның мектептік одағы» ресми жастар ұйымының басшылығымен жұмыс жасайды. Австрия халықтық партиясы «Халықтық партияның жас буыны» болып табылады. Дамыған елдердің компартиялары жанындағы пионерлер ұйымдары 6-дан 14-15 жасқа дейінгі балаларды біріктіреді. Балалардың коммунистік қозғалыстары айналадағы өмірдің жандануына, оны жақсартуға түсуге белсенді түрде ұмтылуға, ашық эмоционалдық романтикалық-ойын атмосферасына, ересектерге шынайы көмек көрсетуге назар аударуды көздейді [21].

Ресейде саяси сипаттағы балалар мен жастардың бірлестіктері пайда болды. Бұл ЛДПР партиясы жанындағы «Түлек», бүкілресейлік «Аққу» жастар қозғалысы және т.б. [22].

Балалар қозғалысында олардың мемлекетпен өзара қарым-қатынастарында бірнеше үрдістер байқалды. Мысалы, Германияда, балалармен және жастармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегідей жолға қойылған: оларды дамытуға алдымен, қоғамдық топтармен, яғни «еркін тасымалдаушылармен» және

жастар істері жөніндегі мемлекеттік ведомстволармен («ресми тасымалдаушы») одақтармен көмек көрсету керек.

Саяси, діни, қоғамдық-мемлекеттік ұйымдардан басқа мемлекеттік балалар ұйымдары да құрылады. Оған мысалға АҚШ-тағы «4 Н» ұйымын атауға болады. Бастапқыда ол ауылдық балаларға арналған. Ұйымның ұзақ тарихы бар, мүшелерінің саны көп және әлемнің 80-нен астам елдеріне таралған. Ұйымның атауы – бір әріптен басталатын 4 сөзден тұратын аббревиатура: «Менің басым дұрыс ойлайды, жүрегім адал, қолым көп қызмет көрсетеді, менің өмір салтым менің денсаулығымды жақсартады, менің клубым, менің қарым-қатынасым, менің елім және менің әлемім үшін!» «4 Н» ұйымы 1907 жылдан бастап АҚШ Ауыл шаруашылығы департаментінің патронажымен жұмыс жасайды. Ұйымның мақсаты – жастарға өмірлік іскерліктерді дамытуға, қарым-қатынас жасауға, ұйым мүшелерінің өз бетінше әрекеттенуіне және қоғамның толық мүшесі ретінде қоғам өміріне араласуға көмектеседі. АҚШ балалары мен жастарына дамуда үлкен мүмкіндіктер берілген: «Табиғаттың балалар лигасы», «Балалар алаңқайлары қауымдастығы», «Болашақ үй иесінің клубы», «Жалынды қыздар» [21].

Қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік емес және партиядан тыс қолдау тетігі бүкіл әлемде үздіксіз жетілдірілуде. Оның басты назарында – маңызды демалысты, балалар мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыру үшін жағдайлар жасау.

Чехияда, мысалы, бұл балаларды шынайы өмірлік рөл атқаруға даярлайтын әртүрлі бағыттағы жақсы дамыған клубтар жүйесі. Чехияда 6-10 жасар балалар келетін «мектеп дружинасы» сияқты балалармен жұмыс түрі дамыған [21].

Венгрияда Венгер Ғылым академиясымен белсенді ынтымақтаса жұмыс жасайтын түрлі үйірмелер (зерттеушілік, шығармашылық және т.б.) кең таралған.

Австралияда ресми (мемлекеттік) балалар бірлестіктері жоқ, себебі олар өз жарғылары мен мүдделері болмаса ғана қолданыста болады. Бұл мемлекетке тәуелсіз «балалар лигасы». Балалар лигасы тұратын жерлері бойынша клубтарға біріктіріледі. Лигада толық марапаттау жүйесі бар. «Қолөнер лентасы» қандай да бір қолөнерді меңгергендерге беріледі. Ал «Арнайы лента» - өз жолдасын үйреткендерге беріледі.

Шетелдегі көптеген балалар ұйымдарының мүдделері қалыптасқан жүйе шеңберінен шығып кететінін және жалпыадамзаттық құндылықтарды (әлем, экология және т.б.) қозғайтынын атап өту қажет. Мұндай ұйымдарға мысал ретінде «Табиғаттың жас достары» ұйымын келтіруге болады. Бұл – Батыс Еуропаның барлық елдерінде таралған халқаралық қозғалыс. Жасөспірімдер мен 14-25 жастағы жастарды – жұмысшылар, студенттер, мектеп оқушылары және басқа да туризммен, музыкамен, халық билерімен, әнмен, фотографиялармен және т.б. айналысатын жастарды біріктіреді. Ол 1895 жылы Австрияда жас жұмысшыларды біріктірген бос уақыт бірлестігі ретінде құрылған [21].

Балалар бірлестіктерін құру жөніндегі балалар мен қоғамдастықтың бастамалары олардың әдеттегіден басқа нұсқаларының тууына әкелді.

Мысалы, Ұлыбританияда жуықта «есептен шығарылған автобус» сияқты балалармен жұмыс түрі пайда болды. Оның атауы әлі жоқ, бірақ оның мәні

төмендегідей. Қала бойынша 15.30-дан 18.00-ге дейін автобус жүреді және балаларды мектептен кейін жинап алады. Онда 14 жасқа дейінгі балалар ойнайды, оқиды, педагог-жүргізушінің қарауымен шеберлік өткізеді, оның әйелдері үй шаруасында және жақын орналасқан мектептерден екі жоғарғы сынып оқушысы. Автобуста буфет, дәретхана, демалыс орны, кітаптар, ойыншықтар және т.б. бар. Автобуска 25 балаға дейін сыйып кетеді [21].

Нидерландыда 1970 жылы қала шетінде «Балалардың крестьяндық қонысы» пайда болды, оның аумағы 0,5,-0,8 га. «Қоныстың» мақсаты, ұйымдастырушылардың өздері анықтағандай, балалар мен жасөспірімдердің бос уақыттағы іс-әрекетін жоспарлаудан, еңбекпен қамтамасыз етуден, экологиялық тәрбиеден, жаратылыстану білімдерін тереңдетуден тұрады. «Қоныс» қызметкерлерінің штаты 2-3 адамнан (бірі - мұғалім, қалғандары - тәрбиешілер) құралған. Алаңқайда - ферма, онда балалар өздері жеміс-жидек өсіреді, кейін өздері бірге жейді, жануарларға қарайды, күтеді. «Қоныстың» жұмыс уақыты күн сайын 7-ден 17 сағатқа дейін. Мұнда 4-тен 15 жасқа дейінгі балалар өз еркімен келеді, басқа балалармен, жануарлармен және өсімдіктермен қарым-қатынас жасайды, олардың жанында тұруға үйренеді [21].

«Халықаралық балалардың жазғы ауылдары» (СИВС) – пацифистік қозғалыс, оны американдық педагог Дорис Аллен бастаған. Ол балалар – адам бойында әлемді сүйуге талпынушылықты қалыптастыру үшін ең жақсы «материал» деп есептейді, ол үшін ең жақсы жас шамасы – 11 жас.

СИВС қозғалысы өз алдына мынадай міндеттер қойған: әлем елдері мен олардың халықтары арасында адамдармен жеке байланыс орнату арқылы достықты тарату. «Ауылдарда» скауттық қозғалыстағы сияқты спортпен, музыкамен, қолөнермен айналысады, табиғатты зерттейді және саясаттан кетуге ұмтылады. Қозғалыс лидерлері мұндай лагерде достасқан балалар, өскенде бір-бірлерімен соғыса алмайды деп санайды [21].

Бірақ балалар қозғалыстары дамуының негізгі үрдістерінің талдауы заманауи балалар ұйымдарының дамуына ықпал етудегі принципіалды маңызы бар, бірақ сұлбада есептелмейтін балалар ұйымдарының үлгісіз толық болмас еді. Бәрінен бұрын бұл Польша харцерлер ұйымы.

Бұл 1910-1911 жылдары құрылған жастардың қоғамдық-тәрбиелік қозғалысы, ол польша скауттары мен харцерлік ұйымдардың іс-әрекетіне негізделген харцерлік (польша рыцарлығы) тұжырымдамамен қалыптасқан польша жастарымен алғашқы үстіртін байланыс уақытында белгілі болды.

Өз тарихында харцерлер қозғалысы бірнеше кезеңнен өтті: әскерилікке дейінгі харцерлік, «Қызыл сап», еркін харцерлік, «Пионер», «Қызыл харцерлік». Идеологтардың айтуы бойынша бұл қозғалыс балалар, жасөспірімдер мен жастар өз мүдделерін қанағаттандырып, белсенділігін, қажеттілігін, күтетін нәтижелерін, ұмтылыстарын дамытып отыратын бір жағынан ұйым және қоғамдық жүйе. Мазмұны бойынша талдау харцерлер ұйымының өз тәуелсіздігі мен дербестігін жариялау кезінде саяси емес сипатқа ие болғанын көрсетеді, солай болса да скаутизмнің де, балалар коммунистік қозғалысының да ықпалына ілінген. Алғашқы жағдайда, іс-әрекеттің ашық көрінетін қолданбалы сипатына ие,

іскерлікті қалыптастыру жұмысы, шағын ұжымға тірек болу, өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталу, дінмен (католикалық шіркеу) тығыз байланысты.

Екінші жағдайда харцерлер ұйымының саяси бағыты мен қоғамдық-саяси әрекеттерге белсене араласуы байқалады. «Поляк харцерлерінің одағы» - бұл елдегі ескі балалар ұйымы. Ол шамамен 1911 жылы әртүрлі аудандарда пайда болды. Одақ жас ерекшелігіне қарай топтастырылған 3 топтан тұрады: зухтар (батылдар) 7-10 жастағылар, харцерлер 10-15 жас, ересек харцерлер 15-18 жас аралығында. Олардың ересек бақылаушылары болған. Скауттардан аздаған ерекшелігі бар, харцерлердің қабылдайтын анттары мен әрекеттеріндегі ұстанымдарында өз заңдары сақталған. Харцерлердің пионерлер мен басқа да скауттар сияқты ұлттық-мемлекеттік ұйымдардан өзгеше негізгі айырмашылығы - халықаралық бірлік қағидаты мен ынтымақтастық қағидаты арқылы Отанға қызмет ету және патриоттық тәрбиеге басымдылық беру.

XIX ғасырдың аяғында балаларға арналған алдын-ала сауықтыру мақсатында ұйымдастырылған ресейлік алғашқы лагерьлер (жаздық колониялар) құрылды. Санкт-Петербуркте балаларды сауықтыру үшін ұйымдастырылған форумның алдында қоғамдық құрылым тұрды. Қоғамдық құрылыммен халықтың денсаулығын сақтаудың қауіпсіздігі ретінде денсаулығы нашарлаған гимназистерге арналған сауықтыру колониялары ашылды.

Олар алғашында 1886 жылы мектептің вакациялық колониялар қоғамының араласуымен Мәскеуде ашылды. 1905 ж. танымал педагог С. Т. Шацкий Мәскеу маңында кішігірім ұлдарға арналған вакациялық колонияларды ұйымдастырды. Сол жылдардағы ресейлік колониялардың негізгі ерекшелігі мыналар: балаларға арналған өзіне қызмет жасау еңбегінің бар болуы, қалалық жастарды ауылшаруашылығы еңбегіне тарту, кеңейтілген білім беру бағдарламалары (табиғатты бақылау, ұжымдық оқулар және танымдық кітаптарды талдау, үстел үстілік ойын түрлері, күнделік жүргізу түріндегі есеп беруі және т.б.) [22].

Кеңестік кезеңде, 1918 жылдан бастап, РКФСР-дың Халық ағарту комитеті балаларды жазғы уақытта жаппай еңбекке тарту мәселесін қарастырды. Халық ағарту комиссариатының оқушылармен жүргізген алғашқы жылдардағы жұмыс нәтижесі нұсқаулықта көрсетілді. Циркулярлық жүйеде сол уақыттағы мектептегі білім берудің орнын ауыстыру үшін, жазда, ашық аспан астында немесе балалар колонияларында сабақтар ұйымдастырған аса қажетті деп көрсетілді. 1918 жылдың 15 маусымында Мәскеу қаласында Сокольник халықтық білім беру бөлімінің жас натуралистерге арнаған Биостанция алғашқы балаларға арналған мектептен тыс мемлекеттік мекемесі ашылды. Сол жылы РКФСР-дың Халық ағарту комиссариаты алғашқы мектептен тыс туристік-экскурсиялық бағыттағы оқушылардың экскурсиялық Орталық бюросы мекемесін ұйымдастырды. 1919 жылы ақпанда Петроград қаласында Халық ағарту комиссариатының жалпыға ортақ еңбек ету бөлімінде мектептің экскурсияға бағытталған жұмысын ұйымдастыру үшін экскурсиялық станциялар ашылды. Петроградтың жан-жағынан алты экскурсиялық станция

құрылды. Ағарту ісі ұйымдарының алдында мектептегі экскурсия ісін жандандыру тұрды, сол үшін тәжірибелі педагогтардың басшылығымен оқушыларға экскурсия жүргізу мақсатында қала сыртынан тарихты дәріптейтін станциялар ашылды [23].

Жаңа тәрбиелік тәжірибе, XX ғасырдағы яғни, өткен ғасырдағы балалардың каникул кезіндегі демалысы мен сауықтыруын түрлі формада ұйымдастыруды мақұлдау: тәжірибелі мектептерде, еңбек артельдерінде, жазғы балалар колониясында, жасөспірімдер мен үлкендердің өзара әрекеттері ұстанымына негізделді; сауықтыруды біріктіру, білім беру бағдарламаларын, жалпы еңбекке баулуды қарастырды. Осы жүйеде балаларды сауықтыру лагерлерінің негізгі жұмысы кіріктірілген формада іске асты: пайдалы (еңбектік) жұмысбастылық, жасөспірімдер мен балалар туризмі және сауықтыру немесе кәсіби іс- шаралардың жүйесі.

Пионерлер ұйымдарын құру алғашқы палаталық лагерьлердің пайда болуына әсер етті. Сол кезде, 1925 жылы РКФСР-дың халық комиссарларының шешімімен Халық комиссариатының денсаулық сақтау бөлімінің жанынан «Артек» атты сауықтыру-демалыс лагері құрылды. Осы уақыттан бастап, балалар мен жасөспірімдер ұйымдарында тәрбие ісі жөніндегі мемлекеттік жүйе қалыптаса бастайды. Сексен жылдан астам уақытта осы жүйе бірнеше рет өзгертілді: алғашында мемлекеттіктен қоғамдық-мемлекеттікке, 50-жылдары бюрократиялық-қоғамдыққа, кейіннен қайтадан қоғамдық-мемлекеттікке ауыстырылды, қай кезеңде де ол қоғамдық ортаны тәрбиелеудегі жұмыстың дамуындағы маңызды жүйе бола білді.

Ресейдегі мектептен тыс жұмыстардың көбі балалар клубынан, спорттық алаңқайлардан, жаздық сауықтыру колонияларынан айтарлықтай тәжірибені алды, бұл олардың арасында жолдастық қатынасты біріктіру мақсатында ынтымақтастықта және жауапкершілікті түсінуге жетеледі. Бұл идеялар С.Т. Шацкий ұйымдастырған «Сетлемент» (1906) балалар клубы, «Балалар еңбегі және демалыс» (1908) қоғамдастығы, «Сергек өмір» (1911) колониясы тәжірибесінде іске асты. [24].

Сол уақыттағы педагогтер мектептен тыс ұйымдарды ұйымдастырудағы негізгі мәселе баланың тұлға ретінде қалыптасуы деп есептеп, оған жанына жайлы іспен айналысуына көмектесуге тырысты, оның ойлау қабілетін дамытуға жағдай жасады.

Кеңес Одағының белгілеуінен кейін мектептен тыс жұмыстар оқушыларды саяси - қоғамдық түрде тәрбиелеудің орталығы болған клубтар да өткізілді. Клуб базасында мектептен тыс одақтар, бауырластық ұйымдар құрылды. 1922 жылы пионерлер ұйымының ұйымдастыруымен құрылған лагерьлер мектептен тыс жұмыстың орталығы болды. Лагерьлер құру идеясын скауттар ұйымының жұмысымен жақсы таныс болған Н.К. Крупская ұсынды. Қазан төңкерісінен кейін коммунистік жүйедегі балалар мен жасөспірімдер қозғалысының басты міндеті жас жеткіншектерді ұсақ буржуазиялық ортадан аластату болды, оған қарсы тұра алатын жаңа сапалы өмір сүрудің түрі ретінде ұжымдастыру идеологиясы ұсынылды. Осы жаңа түрдің бірі ретінде жеткіншек

- бойскауттардың ұйымы маңызды жұмыстар жүргізді, бірақ жана идеологиялардың міндеті қолданып жүрген жұмыс түрін түбегейлі өзгертті.

Кеңестік Ресейдегі балалар коммунистік немесе пионерлер қозғалыстарында дамыған бойскауттар қозғалысының көп жұмыс түрлері мен атрибуттарын сақтаудағы олардың негізгі міндеті балаларды коммунистік идеяны іске асыруға арналған күреске дайындау еді.

Бұл дайындық сауықтыруға негіделген көп жұмысты, 20 - жылдары қажет болған балалардың физикалық тұрғыдан мықтылығын дамытты. XX ғасырда 1925 жылы ашылған алғашқы «Артек» пионер лагерінің негізгі міндеті азамат соғысының зардабын шеккен, аштық пен қиыншылықтың кесірінен денсаулығынан айрылған көптеген балаларды сауықтыру болды. «Артек» пионер лагері Балалар қозғалысы комитеті институты жанынан пионерлерді сауықтыра отырып, жаңа қоғамға белсене атсалысуға дайындау үшін құрылды. Балалар мен жасөспірімдерді жаңа социалистік ортаға бейімдеу кезінде бірқатар дүниелер ескерілді, жаңа идеологиялық атмосфера оларды жан- жақты жаңа саяси өкіметке мықтап бекітеді, алғашқы күннен бастап лагерьде балалар халықаралық ұжымдармен араласуда тәжірибе жинайды. Лагерь Кеңес елдері арасындағы бейбітшілік пен халықтар достығын дәріптеп отырған партияның ұлттық саясатының нақты іске асуына атсалысты.

Алғашында лагерьді құру кезінде, өзіндік тәрбиелік әлеуеттің ортаға әсері ескеріле отырып дамыды, негізгі ұстанған маңызды идеясы бүгінгі күні өзекті болып отырған жас жеткіншектің социологиялық табиғи сауығуын және дұрыс тәрбиеленуін қадағалау. Лагерьдің ең маңызды идеясы ұжыммен жұмыс жасау, ұжымдасуды сіңіруде ол таптырмас орын болды, педагогикалық жұмыстың көп жылғы жемісі осы лагерьлерде іске асты. Интернационалдық тәрбиенің идеясы іске асты, жасөспірімнің лагерьде жүріп ұлтаралық қатынас мәдениетін құруға қатысуы, балалар ұжымында ондаған жылдар бойында күні бүгінге дейін негізгі іс болып саналады, бұл идея балалар ұйымдары мен тәжірибесін кіріктіруге арналған лагерь шеңберінде іске асатын жұмыстарды қарастырды, аймақаралық балалар ұйымдарының қарым –қатынасының бірігуі, «Артекке» баратын өкілдердің ауысуымен толықтырылып отырды.

«Пионер лагері» деген алғашқы түсініктің бірі- «жас пионерлер коммунасымен» мазмұндас. Лагерь деген сөздің өзі «скауттар ұйымының ескі жұмыс түрімен» мазмұндас болды. Пионерлер лагерінің алдына қойған негізгі міндетінің бірнеше ерекшелігі бар, олар:

- 1) пионерлердің физикалық тұрғыдан сауығуы;
- 2) қала мен ауылды байланыстыру мақсатындағы қоғамдық-еңбекті ауылды жерде өткізу.

Сонымен бірге, сөзсіз, пионерлер ұйымдарының жұмысын жан-жақты жүргізу: пионерлерді ұжымдық түрде тәрбиелеу және олардың жалпы дамуын қарастыру [25].

30-жылдардың ортасында мектептен тыс кәсіби ұйымдардың жүйелері пайда болды, олар оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыруға бағытталған білім салалары еді. Осы мектептен тыс ұйымдардың ішінде

кешенді орталықтар ерекшеленді. Мектептен тыс тәрбие ұйымдарының негізін қалаған Н.К. Крупская мен А.В. Луначарский олардың қоғамдағы орнын анықтап, былай атап көрсетті :

- қоғамдық пайдалы іске араласуға бағытталған балалардың жаппай, жалпыға қолжетімді, ерікті түрде жұмысқа арласуы;
- әр баланың қызығушылығы мен қабілетіне қарай дамыту мүмкіншілігі;
- жеке және жас ерекшелігіне қарай жеке тұлғаның шығармашылығын дамыту;
- балалардың тың бастамаларына ерекше мән беру;
- өмірде саналы түрде кәсіби шеберлегін көрсетуге дайындау;
- мектептен тыс ұйымдарда ұжыммен, жаппай немесе жеке жұмыс түрлерін жүргізу; органикалық байланыс, мектеппен байланыса отырып, комсомол, пионер ұйымдарымен, отбасымен, қоғаммен келісім жүргізу [26].

Аштық пен қиыншылықтан келген кедергілерден құтылу үшін пионерлер қозғалысын дамытып, оның жаңа қызметі мен мазмұнын ашуда лагерьлердегі тәрбие ісін жандандыру қажеттілігі туындады. Лагерьдегі балалар кезегін ауыстыруда мереке ұйымдастыру мүмкіншілігі туды, онда олар өздерінің лагерьдегі әр күні көңілді өткенін, ондаған жылдар бойы сол күндердің өзі маңызды болғанын анықтайтын іс-шаралар өткізді.

Сонымен бірге, 30-жылдары жаңа ұжымдық жұмыс түрлері қалыптаса бастады, әскери- патриоттық тәрбиені шешуге бағытталған әскери-қолданбалы мамандықтарға арналған (ату, БГТО нормасын тапсыру), тағы түрлі спорт секциялары, эстетикалық көркем бағытқа, техникалық шығармашылыққа арналған үйірмелер ашылды.

XX ғасырдағы «хрущевтік жылымық» атты педагогтер идеясының дәуірі шетелдік теория мен тәжірибеге негізделген жаңа бағытта дами бастады. 60-жылдар ішінде пионерлер жұмысы жаппай орталықтандырылған жүйеде жұмыс істеді, оны жалпыодақтық байқауларда, жалпы еңбек компанияларында, мемлекеттік-партиялық жұмыстарда қадағалап отырды. Бір уақытта гуманистік негізде пионерлермен жазғы уақытта жұмыс жүргізуге әрекеттер жасалды.

50-жылдардың тәрбие ісіне талдау жүргізу кезінде тәрбие ісінің жаңа түрін жүргізуде тәрбие әлеуетінің көтерілуі байқалды: клубтық («Олимпия» СК, жас өнердегі достар клубы, әртүрлі галстуктер клубы), бұл ұйымдардың негізінде пионер-ұйымдастырушыларды барлық пионер ұйымдарының жұмысына бағыттап, дайындау идеясы жатты. Лагерьлерді дамыту жұмысы еліміздің пионер белсенділерінің мектебі арқылы әдістемелік орталық ретінде жалғасын тапты.

Сонымен бірге, құрылып жатқан лагерьлер пионерлер мен комсомолдар жұмысының әдісі мен теориясына негізделген ғылыми педагогиканың жаңа салаларына арналған эксперименттік база болды [27].

«Педагогикалық сөздікте»(1960) «пионер лагері» деген ұғым «мектептен тыс ұйым, 1-8 сынып оқушыларының демалыс кезіндегі белсенді жұмысын ұйымдастыру. Өмір, еңбек, демалыс және лагерьдегі пионерлердің ойын-сауығы балалардың көркемөнерін іске асыру» деген түсінікпен анықталады.

Балалармен жұмыс жасау барысында дене шынықтыру мен спортқа көңіл бөлінді, туған өлкенің табиғаты мен ауыл шаруашылығын да оқушыларға жақын таныстырды. Коммунистік тәрбиені дәріптей келе, олардың денсаулығын нығайту үшін балаларды пайдалы еңбекке және өзін қамтамасыз етуге белсенді түрде баули бастады» [28]. Бұндай лагерьлерді «пионер лагері» деген бірыңғай атаудан гөрі «туристік лагерь» немесе «комсомол-жастар лагері», «белсенді пионерлер лагері», «еңбек және демалыс лагері», «спорттық лагерьлер» деп түрлендіріп атаған жөн.

Осы бағыттағы тәрбие жұмыстарының дамуы көбінесе коммунистік бағдарламаның идеясына сай: саяси-идеялық, еңбекке баулу, адамгершілікке, интернационалдық тәрбиеге, эстетикалық-көркем мазмұнына назар аудару сияқты істерге бағытталған. 60-жылары ұжымда коммунарлық қозғалысты белсенді таратуға байланысты жаңа идеяларды ұсынған ерекше леп пайда болды.

1960 жылы БЛКЖО ОК шешімімен пионерлер мен комсомолдарға арналған «Орленок» Жалпыреспубликалық жаңа пионер лагері құрылды. «Орленок» ЖРБО алғашқы күннен бастап өздеріне бірнеше елдің озық тәжірибелерін таңдап алды. Құрылған педагогтық ұжымда өздерінің вожатыйлары мен «Орленоктың» басқарушылары өзіндік тәрбие жүйесін құра алатын шығармашылық шеберхана, яғни тұлға ретінде жеке және ұжымдық түрде жаппай тәрбиелеу жүйесін іске асырды, қазіргі тәрбие жұмысында іске асып жатқан біраз жүйесі ысылып шыққан жанды шығармашылық атмосфера жасалды [29].

Сол уақыттағы тәрбиелеу жүйесі өздерінің қоршаған ортаға әсер ете алатын тұрақты құрамындағы педагогтер мен оқушылардың, жалпы және ерекше тәрбиенің тұтастығы болып саналады. Бір жағынан, бұл психологиялық-педагогикалық, екінші жағынан, әлеуметтік-педагогикалық жүйе. Ол оқушыларға педагогикалық фактор (оқу үрдісі, тәрбие үрдісі, жеке іс-шаралар арқылы) ретінде ғана әсер еткен жоқ, сонымен бірге, әлеуметтік фактор (қоршаған ортаны қамти отырып; балалар арасындағы, педагогтер мен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынасты нығайту); ұжымдағы психологиялық ахуалды жөндеу арқылы да іске асты.

80-жылдардың аяғында пионерлер ұжымының алдында БЛКЖО ОК лагерьлерінің істері мен Жалпыодақтық пионер ұйымдарында болып жатқан бір сарындылық пен формалдылықты жою қажеттілігі тұрды. Осы аралықта, 80-жылдардағы база, «Орленок» ЖБО-сы және тағы басқа лагерьлер қоғамдық талаптар мен ата-аналардың, балалардың талаптарына сай болмады. Сонымен, балалар лагерьлерінің статусы анықталмады. Балалар мен жеткіншектердің ұйымдарын қадағалайтын біртұтас мемлекеттік орган болмады. Тағы басқа да кемшіліктері байқала бастады, олар:

- лагерьдегі балаларға жасалған жағдайдың әртүрлілігі;
- мектептің жұмысы мен мектептен тыс жұмыстардың, комсомол, пионер ұйымдарының арасындағы сабақтастықтың болмауы, отбасымен байланыстың үзілуі;

- кадр саясаты біртұтастығының жойылуы;
- лагерь қызметкерлерінің балалардың қызығушылығы мен жас ерекшелігін ескермеуі;
- лагерь жұмысын тек әдемілеп көрсетудің жұмысқа кедергі келтіруі;
- тәрбие жұмысы мен т.б. шаруалардың формалды саясаты [29].

Қоғамда болып жатқан социалистік идеяның шығуына үңіліп, оларға талдау жүргізгеннен кейін балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының жаңа даму жолын тапты: социализмнің дамуындағы дәуірдің жаңаруы алдында балалар қозғалысының жаңа парадигмасы туралы сұрақ тұрды.

Еліміздегі жаңа бетбұрыстық жағдайлар педагогикалық коллективті жасөспірімдер мен балалар ұйымдарының тәрбие жұмысының мазмұнына пионерлер мен комсомолдардың белсенділеріне арналған лагерьдегі жұмыстар сияқты жаңаша қарауды міндеттеді, заман лебіне қарай жұмыс жүргізу талап етілді [30].

1991 жылдың күзінде Жалпыодақтық пионер ұйымы өз жұмысын тоқтатты.

Халықаралық жаппай балалар скаут ұйымының өзіндік үлкен тарихы бар. Ол қазір де ықпалды балалар ұйымы болып саналады.

Скауттардың «Әкесі» ағылшын генерал лорды Роберт Стефенсон Смит Баден - Пауэлл (1859-1941). Скаут (ағыл.) – атты шолғыншы деп аударылады.

Романтика мен құпияға құмар жастарды, адамгершілікке, батылдыққа тәрбиелейтін жасөспірімдерге арналған арнайы тәрбие жүйесін құру идеясы бұдан біраз уақыт бұрын ұйымдастырылды. 1901 жылдардың өзінде танымал американдық жазушы Эрнст Сетон-Томпсон, Коннектикут (АҚШ) штатында қорық құрған, көршілес ауылдардың 12 жастан асқан ұлдары үшін үндістердің ауылын ұйымдастырған. Осылай американдық «Орман тапқырлары» атты қозғалысы құрылған, ол қазір де АҚШ-та экологиялық қозғалыс ретінде қызметін атқаруда. Ресми құжаттардың айтуынша, скаутизм – «жастарды тәрбиелеу мақсатындағы ерікті, саяси емес, шығу тегіне, нәсіліне бөлмейтін, дұрыс жолдағы, негізін салушылар жасаған өз әдісі мен ұстанымы бар, бәріне есігі ашық қозғалыс». Бұл жерде қозғалыс ұйымдасқан акция ретінде түсіндіріледі.

Скауттар өздеріне социализмнің белгілі бір бөлігінің ішінен мемлекетін қорғай алатын белсенді, өзіне сенімді қорғаушыларын дайындауға арналған аспектілерін алды. Скауттардың заңдары жалпыгуманистік тәртіп нормасынан көрінеді, жалпыға ортақ қызығушылықтың біртұтастығына тәрбиелейді.

Скаутизм үш принципке негізделген: Құдай алдындағы парыз, басқа адамдар алындағы парыз, өз алдындағы парыз. Бұл принциптердің заманауи түсіндірмесі мынадай: Құдай алдындағы парыз «рухани принциптерге жақындықты, осы міндеттен шығатын дінге деген қарым-қатынастың адалдығын» білдіреді. Қозғалыстың конфессионалдық шектеуі жоқ. Бастысы – адам алдында тұрған күшті мойындау, бұл жастарды өмірде материалдық құндылықтардан жоғары тұруға көмектесу.

Басқа адамдар алдындағы парыз жергілікті, ұлттық және халықаралық келісім, өзара түсіністік пен ынтымақтастық әрекеттерімен үйлесетін өз еліне деген адалдықты білдіреді. Тұлға мен қоғамның үйлесімі, қоғамның әр мүшесінің табысты болуы оның, тіпті, бар әлемнің табысты болуына әкелетін міндет қойылады. Бұл жерде скауттық ұйымы бар қатысушы елдер санының көптігі, кең халықаралық байланыстарды көруге болады. Бұл принцип соңғы кезде бүкіл жаһандық, биосфералық және ғарыштық ұғымда адам мен әлемнің үйлесімі туралы ұғымға айналды. Сондықтан скауттар - негізінен экологтар.

Өзіне қатысты парыз адамзаттық даралықты толық ашуға ұмтылатын скаутизмнің тәрбиелік және білімдік бағыттылығына сәйкес өзінің қабілеттерін дамытуға деген жауапкершілікті білдіреді.

Скаутизм әдістері педагогикалық жүйе сияқты ант пен заң, іске үйрету, шағын топта жұмыс жасау, прогрессивтік және ынталандырушы бағдарламалар арқылы өзін-өзі тәрбиелеу жүйесінен тұрады.

Халықаралық деңгейде скауттар үкіметтік емес сипаттағы, ұлттық ұйымдардан тұратын дүниежүзілік ұйымға біріктірілген. Басқарушы орган – дүниежүзілік конференция. Скауттардың дүниежүзілік бюросының штаб-пәтері Женевада орналасқан. Скаутизм Дүниежүзілік скауттар қорынан (президенті - Швеция королі), сондай-ақ жеке демеушілер мен ұйым үлестерінен қаржыландырылады.

Негізгі заңдар мен принциптер түсіндірмесін өз елінің ерекшелігіне қарай ұлттық ұйымдар береді.

Скауттар өз өмірін қатерге тіге отырып адамдардың өмірін құтқаруға, су тасқынында жұмыс істеуге, жазғы өрттермен күресте көмек көрсетуге, қоршаған ортаны қорғау күзетінде жұмыс жасауға тартылады.

Скауттық тәрбие – бұл формалды емес тәрбие, белгіленген формалды тәрбие жүйесінен тыс ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-әрекет.

Алғаш пайда болған жылдан бастап скауттық ұйымдар өз жұмысын тұлғаға, оның даралығына, жыныстық жасына, ұлттық ерекшелігіне, қолданбалы іс-әрекет бағытына дауыс бере отырып социумда бастады. Скаутизмнің басты қасиеттері ретінде мыналарды атауға болады:

- қозғалысты тура саясаттандырудан бас тарту;
- мазмұндық сынды ұйымдастырушылық жоспардағы көпдеңгейлі дифференциация (жынысы, жасы, ұлттық-мәдени, әлеуметтік-экономикалық және т.б.);
- ұйымға толықтай өз еркімен кіру, оның мүшелігіне байланысты қандай бір артықшылықтардың жоқтығы;
- скауттық бағдарламалардың идеялық сипатының нақтылығы, олардың зияткерлік, адамгершілік, еңбек және дене тұрғысынан гармониялық үйлесімі;
- көтермелеу мен марапаттаудың анық жасалған жүйесі (150-ден астам айрықша белгі),
- романтикалық, дәстүрлер мен салт-жоралардың мерекелік көрнекілігі;
- балалар мен жасөспірімдердің табиғатпен ерекше қарым-қатынасы.

«Жас Ұлан»

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың тапсырмасымен, «Жас Отан» ЖҚ лидерлерімен, жастар мен балалардың ҮЕҰ, «Назарбаев университеті» студенттерімен құрылған «Жас Ұлан» балалар-жастар ұйымы бүгінгі күні тек құрылым ғана емес, сондай-ақ баланың тіршілік қарекетінің ерекше педагогикалық ортасы; социуммен қайта құрылған педагогикалық ұйым.

«Жас Ұлан» балалар қозғалысының жаңа жүйесі жалпы мәдениетті қалыптастыру аймағын кеңейтеді, балалардың ішкі жан дүниесін, жаңа құнды бағыттарды қалыптастыруға ықпал етеді, баланың әлеуметтік дамуын ынталандырады.

Құндылықтар балалар-жастар ұйымында балаларды тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің мәні болып табылады. Олар баланы іс-әрекет арқылы қабылдауға және іс-әрекетті бағалауға, оны адамгершілікке, қоғамда мақұлданған ұстанымдар арқылы бастамашылық етуге және қолдауға үйрету үшін құрылған. Сонымен бірге тұлғаралық өзіндік құны бар іс-әрекет ретінде тәрбиелеу баланың құндылық дамуын қолдауды қамтамасыз етеді, әлеуметтендіру оны қоғамдық, мәдениеттік, экологиялық, өндірістік және басқа да міндеттерді шешуге жұмылдыру арқылы бастапқы әлеуметтік-адамилық тәжірибеге ие болуға ықпал етеді.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар-жастар ұйымы» балалар мен жасөспірімдерді жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, ізгілік, толеранттылық және демократизм принциптері негізінде өскелең ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыратын Қазақстан Республикасының балалар мен жасөспірімдердің бірыңғай қоғамдық ұйымы болып табылады.

«Жас Ұлан» өз қызметін шығармашылық, спорттық, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен бірлесіп жүзеге асырады. «Жас Ұлан» өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңнамалық және басқа да нормативтік-құқықтық актілері мен Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алады.

Аталған балалар-жастар ұйымының мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында отан сүйгіштік сезімін, білімге және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуды; іске деген жауапты қарым-қатынасты; еліміздің тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына ортақтықты қалыптастыру [30] (А; В қосымшалары).

«Жұлдыз» одағы.

«Жұлдыз» балалар қоғамдық бірлестігінің одағы, ол - Одақтың жарғысы мен бағдарламалық құжаттарын мойындайтын, балалар мен жастардың барынша түрлі құрылымдарын ерікті негізде біріктіретін үкіметтік емес қоғамдық ұйым. Одақтың өз рәміздері: туы, эмблемасы, ұраны, галстугі, жалаушалары, ленталары, белгілері, түрлі айырмашылық белгілері және тағы

басқа нышандары бар (С қосымшасы). Баланың отбасындағы, қоғамдағы, мемлекеттік маңыздылығы мен қайталанбастығы, өзіндік құқығын тану, баланың жеке басын құрметтеу жарғы мен бағдарламалық құжаттардың негізіне алынған.

Қызмет бағдарламасы жеке тұлғаның өзін-өзі таныту механизмдері мен мәдениет жасаушы қағидаларды кеңінен пайдалана отырып ойын технологияларының жас ерекшеліктері тәсілдері негізінде құрылады. Жұлдыз бағдарламасы логикасы үйлесімділік принципі бойынша кемпірқосақ гаммасының түсіндей жұлдыздың жеті сәулелерінің түрінде құрылған.

Одақтың жоғарғы органы, екі жылда кемінде бір рет шақырылатын Слет болып табылады. Слеттер арасындағы үзілістерде барлық ағымдағы мәселелер бойынша шешімдерді, 2 палаталардан (балалар және ересектер) тұратын Кеңес қабылдайды. Кеңесті слётте сайлайтын төраға басқарады. Одақты слётте сайланатын президент басқарады. Ағымдағы басшылық атқарушы директорға жүктеледі. Шығармашылық жобаларды жүзеге асыру бойынша негізгі жұмыс көлемін үйлестірушілер, тәлімгерлер және балалар ұйымдарының көшбасшылары орындайды.

Одақ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен, атқарушы билік органдарымен, қоғамдық ұйымдармен, оқу орындарымен, басқа облыстардағы әріптестерімен, балалар қозғалысының мамандарымен, Қазақстан Республикасы ғалымдары және қоғам қайраткерлерімен, ТМД елдерімен және тағы басқалармен тығыз байланыс жасайды [31].

Одақтың 2018 жылға жоспарлаған іс-шаралары назар аударады.

«Жұлдыз» Одағының іс-шаралар жоспары

Оқиғалар	Өткізу күні	Өткізу орны
«Жұлдыз INFORM» баспасөз орталығының жұмысы	01.01.2018 - 31.12.2018	Қазақстан Республикасы
«Жас тілші- 2018: Рухани жаңғыру - біздің құндылықтар мен межелер!» Республикалық сырттай байқау	15.01.2018 - 10.03.2018	Қазақстан Республикасы
Балалар хореографиясы және вокалдық шеберлігі бойынша курстар	22.01.2018 - 25.01.2018	Келісім бойынша
«Мектеп Одиссеясы» Гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық пәндер және Оқушылардың Кіші академиялық Ғылымы (ОКА F) бойынша жас алғырлардың профильді мектебі	01.02.2018 - 10.12.2018	Келісім бойынша
«Дені сау бала - табысты Қазақстан!»	10.02.2018 -	Ақмола облысы,

балалар санитариясы мен есірткі хабарламалар бойынша СӨС конкурсы.	20.02.2018	Көкшетау қаласы
Ақмола облысының балалары мен жастары арасындағы «Рухани жаңғыру: жастар - болашақ энергиясы!» атты Қазақстан Республикасының «Жұлдыз» БҰ-ның кубогына КТК – фестиваль.	10.02.2018 - 12.05.2018	Келісім бойынша
«Сәлем, Наурыз!» - ақындық және қолданбалы шығармашылық бойынша балалардың Республикалық сырттай байқауы.	15.02.2018 - 27.03.2018	Қазақстан Республикасы
Мәдениеттердің жақындасуының онжылдықтарына арналған БҚҰ О ҚБ - ның ЮНЕСКО бағдарламасы аясында «Жас Өнер: музыка мен қозғалыстың үйлесімі» атты балалар мен жастардың жеңіс және хореографиялық республикалық фестивалі.	13.03.2018 - 15.03.2018	Көкшетау
«Бақытты жұлдыз астында: Біз жаңа әлемде өмір сүреміз!» атты балалар мен жасөспірімдердің Республикалық Медиа Фестивалі.	27.03.2018 - 30.03.2018	Астана
«Технолэнд: жас өнертапқыштар – сүйікті Отан үшін!» атты балалардың техникалық шығармашылық бейне-презентацияларының республикалық сырттай сайысы	02.04.2018 - 15.05.2018	Қазақстан Республикасы
«Менің мектебім - тарихта және жетістіктерде» атты Республикалық сырттай конкурсы	05.04.2018 - 20.05.2018	Қазақстан Республикасы
«Балалық шақ штурманы: Рухани Жаңғыру - білім берудің негізгі бағыттары» тәлімгерлердің шеберлік конкурсы	09.04.2018 - 12.04.2018	Ақмола облысы
Мәдениеттерді жақындастырудың онжылдығы бойынша ЮНЕСКО, Біріккен Ұлттар Ұйымының бағдарламасы аясында Жас Өнер: әлем мәдениеті жолында» атты жас бишілер,	23.04.2018 - 25.04.2018	Астана қаласы

әншілер мен аспапта ойнаушылар үшін халықаралық байқауы.		
«XXI балалары: Рухани жаңғыру - табысқа бастар жолымыз!» - балалар мен жастар қоғамдық қозғалысының Республикалық көшбасшылары саммиті	10.05.2018 - 13.05.2018	Бурабай ауданы, Қатаркөл кенті, «Звездный» ДОК
«Алақай! Демалыс» халықаралық балалар дипломатиясы корпусына қатысу жобасы «Біз - әлемнің балалары!», «Достықта жоқ шекара» және басқалар.	01.06.2018 - 31.08.2018	Келісім бойынша
«Біздің құқықтар мен мүмкіндіктер ХХІ ғасырдың балалары» атты Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Жас заңгер» жас заңгерлердің республикалық форумы.	05.06.2018 - 15.06.2018	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Катарколь ауылы, «Звездный» медициналық орталығы.
«Сенің стилін-2018» жас дизайнерлер, стилистер, сәнқойлар, визажистер, шаштараздар, тігіншілер байқауы.	01.09.2018 - 22.09.2018	Ақмола облысы Көкшетау қаласы, №1 сервистік-техникалық колледжі
«Алтын күз» балалар шығармашылығының республикалық сырттай байқауы	10.09.2018 - 20.11.2018	Қазақстан Республикасы
Атам мен әжем - алтын дәуір, отбасымның мақтанышы!» атты балалар шығармашылығының республикалық сырттай сайысы.	01.10.2018 - 01.11.2018	Қазақстан Республикасы
«Жас аграршылардың жетістіктері - Сүйікті Отанға!» атты жастар агрофорумы	24.10.2018 - 26.10.2018	Ақмола облысы (келісім бойынша)
«Біз Қазақстанның балаларымыз, біз жаңа әлемде өмір сүреміз!» атты Қазақстан Республикасының балалардың әлеуметтік қозғалысын біріктірудің республикалық форумы	07.11.2018 - 10.11.2018	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, «Звездный» сауықтыру орталығы.
«Жұлдыз» әрқашанда бізбен бірге» жобаның іс-әрекеті. (жыл қорытындысы)	10.11.2018 - 20.12.2018	Көкшетау қаласының Ақмола облысы

«Гурман: ас дәмдіболсын!» PROF.KZ-аспаз мамандары, кондитерлер, бармендер, официанттардың Республикалық конкурсы. -	15.11.2018 - 16.11.2018	Ақмола облысы (келісім бойынша)
«Жұлдыз достарды шақырады: әлемді музыка билесін!» -атты «Жас өнер» жас әншілер мен орындаушы – аспапшылардың Республикалық байқауы.	28.11.2018 - 30.11.2018	Көкшетау қаласының Ақмола облысы, Біржан сал атындағы музыкалық колледж.
Балалар мен жасөспірімдер театр ұжымдарының «Мельпомен: 21 ғасырдың балалары - бейбітшілік мәдениетіне жол» атты республикалық фестивалі	03.12.2018 - 05.12.2018	Көкшетау қаласының Ақмола облысы
«Қысқы ертегі» балалар қозғалысы көшбасшыларының жаңа жылдық балы	20.12.2018 - 26.12.2018	Ақмола облысы (келісім бойынша)
Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қайырымдылық балы	22.12.2018 - 23.12.2018	келісім бойынша

«Ұлы дала скауттары»

«Жас ұрпаққа бейресми білім беру» I Еуразиялық скауттық білім беру форумы аясында Қазақстанның скауттары өздерінің «Қазақстан Республикасы жас азаматының мінезқұлқын қалыптастыру» атты Жастар бағдарламасын таныстырды. Бағдарлама ел Президенті Н.Ә. Назарбаевпен тұжырымдалған Қазақстанның ұлттық құндылықтарына негізделген. Бұл бағдарлама 11-ден 17 жас аралығындағы балалар мен жастарға есептелген (D-қосымшасы).

«Жас патриоттар академиясы»

«Жас патриоттар академиясының» міндеттері балаларды өз Отанына, оның өткеніне, бүгіні мен болашағына саналы тұрғыдан қарауға оқыту; әр балаға өз азаматтық ұстанымын іске асыру үшін жағдай жасау; борыштық және жауапкершілік сезімін дамыту; әр баланың қоғамға және Қазақстанға пайда келтіруге дайындығын, Отанға деген адалдығын дамытуда оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін тиімді патриоттық тәрбие жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Конкурстық комиссияның мүшелері түрлі іс-шаралар, конкурстарды дайындау және өткізуге байланысты құжаттарды қарастырады, келіп түскен құжаттарды қарайды (құжаттарды сынып жетекшілері мен педагог-ұйымдастырушылар береді). Қорытынды бойынша комиссия одан әрі жұмыс істеу стратегиясын айқындау бойынша ұсыныстар қалыптастырады. Комиссия жұмысының нысаны отырыс болып табылады. Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және комиссия төрағасы мен хатшысының

қолы қойылады. 787 бала (3-12 ауысымның қатысушылары) Академияның мүшесі болу құрметті атағына ие.

Соңғы жылдары патриоттық тәрбиенің мәнін қайта пайымдау жүріп жатыр. Тәрбиені дамыту мәселелері аса ерекше назар аударуды қажет ететіні күмәнсіз, өйткені әңгіме Қазақстанның ертеңгі күні туралы болып отыр.

Қазақстан халқы Ассамблеясының он екінші сессиясында, «Нұр Отан» партиясының «Менің Қазақстаным» атты республикалық жастар форумында, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев жаңа буын қазақстандықтар білімді және білікті мамандар ғана емес, Қазақстанның шынайы патриоттары болуы тиіс деп ерекше атап өтті. Шынайы патриотизм, өз еліне деген терең сүйіспеншілік сезімі болмай нағыз азамат, нағыз адам болмайды.

2016 жылғы 14 желтоқсандағы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында: «Өзіміздің және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу керек. Бұл, ең алдымен еліміздің және оның жетістігі үшін мақтаныш» деп айтылған.

«Нұр Отан» партиясының «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: Бес институттық реформа» атты XVI съезінде Президент Н.Ә. Назарбаевтың сөзінде «Жалпы азаматтық құндылықтар жүйесі, мемлекеттің аса маңызды құжатында ресімделген «Мәңгілік Ел» идеясы болуы тиіс. Жалпықазақстандық «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын мектептердің оқу бағдарламасына енгізу қажет» деп айтылған.

«Балдәуренге» Қазақстанның түкпір-түкпірінен балалар демалуға келіп жатады. «Балдәурен» РОСО-да «Жас патриоттар академиясын» құру өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің тиімді жүйесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

**"Балдәурен" Республикалық оқу-сауықтыру орталығының
2017 жылғы
ауысымдар жоспар-кестесі**

№	Тақырыбы	Мерзімі	Ұзақтығы/қатыс ушылар саны	Ауысымның қатысушылары	
1	«Ұлттық дәстүрлер оюы» этномәдени жобасы	19.03 - 07.04	20/288	Этнографиялық үйірмелердің, студиялардың, клубтардың қатысушылары, халық әндерін орындаушылар, жас ақындар, халық аспаптарының шығармашылық ұжымдары, Абай және Махамбет оқуларының	Өтінім қалдыру

				жеңімпаздары	
2	«IT-CLUB» Балалар жаңалықтарын ың академиясы	11.04 - 30.04	20/288	Жас техниктер - рационализаторлар, зерттеушілер, ғылыми жұмыстар, шығармашылық сайыстардың жеңімпаздары, жас программистер	Өтінім қалдыр у
3	«Отаныма қызмет етемін!» атты Республикалық әскери- патриоттық клубтардың байқауы	04.05 - 23.05	20 / 288	Әскери-патриоттық клубтар мен бірлестіктердің аймақтық слеттерінің жеңімпаз командалары	Өтінім қалдыр у
4	«Жаз. Балалық шақ. Балдәурен» атты Республикалық КТК Юниор- Лигасы	06.06 - 20.06	15 / 288	КТК командалары - Көңілді тапқырлар клубтарының аймақтық сайыстарының жеңімпаздары, кино, телевизиялық бағдарламалардың актерлері, сценаристер, режиссерлер	Өтінім қалдыр у
5	«Туған күніңмен, Астана!» Республикалық шығармашылы қ бастамаларын ың кездесуі	23.06 - 07.07	15 / 288	Шоу жобалардың облыстық, республикалық қатысушылары мен қоғамдық зерттеу жұмыстарының белсенді қатысушылары, шығармашыл балалар	Өтінім қалдыр у
6	«Күшті, епті, батылдар планетасы»	10.07 - 24.07	15 / 288	«Президенттік көпсайыстың» жеңімпаздары мен	Өтінім қалдыр у

<p>атты Республикалық спорттық эстафетасы</p>			<p>жүлдегерлері, халықаралық, республикалық, облыстық спорт жарыстарының жеңімпаздары</p>	
---	--	--	---	--

Батыс Қазақстан облысы әкімінің қолдауымен «**Жас Өркен**» (БҚО) балалардың қоғамдық ұйымының қызметі жандана түсті. Ұйымға қатысушылар балалар газеті арқылы өз қызметін белсенді насихаттауда, «Қазақстан-1» телеарнасының қолдауымен облыстық теледидарда эфирге шығатын жеке уақыты бар, «Шексіз балалық шақ» атты халықаралық балалар фестивалінің қатысушылары болып табылады, балалардың әлеуметтік жобаларының дамуын жандандырады, мысалы, әр түрлі уақытта келесілер жүзеге асырылды: мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Біз – біргеміз! – Мы вместе!» жобасы, балаларға арналған "Үлкен үзіліс" телехабар жобасы; «Жас АРТ» балалардың оқу-әдістемелік, танымдық газетінің жобасы; «Көшбасшылар Мектебі» жобасы.

«**Тұлға**» балалар мен жасөспірімдер бірлестігі (Қарағанды облысы) келесі бастамаларды жүзеге асыруда: «Қоқысқа тыйым», «Қоқысты контейнерлерге таста», «Тұраққа жол жоқ, алаңға – иә!», «Балалар әкесімен, анасымен бірге өмір сүрулері керек», «Жылы подъезд – жылы үй», «Қала бойынша саяхат».

«**Жас ұрпақ**» балалар мен жасөспірімдер қоғамдық бірлестігі (Қызылорда облысы) келесі жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыс істеуде: жалғыз басты зейнеткерлерге көмек ұйымдастыру үшін жоғары сынып оқушылары арасында мейірімділік отрядтарын құру; мейірімділік қоғамдық орталықтарын құру, аула клубтарын ұйымдастыру.

«**Жан достар**» балалар бірлестігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің қолдауымен, «Есіл жағалауын тазалаймыз» атты балалар әлеуметтік жобасы арқылы қызметінің экологиялық бағытын белсенді дамытуда. Осы балалар бастамаларын жүзеге асыру үшін ЖАО-мен 500 мың теңге бөлінді.

«**Мұрагер**» балалар қоғамдық бірлестігі, Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің балалары белсене қатысатын «Менің ауызша әлемім» балалар халықаралық акциясына қатысу арқылы ұйымның қатысушыларының қызметін жандандырады.

Сөйтіп балалар мен жасөспірімдер бірлестіктері мен ұйымдары, мемлекеттің қоғамдық-азаматтық, әлеуметтік институттарына жастардың кіруі мен қатысуын әлеуметтік бейімдеуді дамыту мен қолдауға бағытталған, өскелең ұрпақтың демократиялық қоғамға қатысу дағдыларын дамыту мен тәрбиелеудегі әлеуметтік институт болып табылады.

3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының адамгершілік бағдарларын қалыптастыруды өзектендіру бойынша әдістемелік ұсыныстар

3.1 Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының қызметін әдістемелік қолдау

Балалар мен жасөспірімдер ұйымдары жағдайында құндылықтарды тәрбиелеудің теориялық және әдістемелік негіздерін талдау балалар қозғалысының ертеден бар екенін көрсетіп отыр және балаларды біріктіретін балалар қозғалысы идеясы бар (БҰҰ-ның бала құқықтары туралы Конвенция бойынша бұл 7-ден 18 жасқа дейін [31]) – жеке тұлғаны дамыту, оны әлеуметтендірудің маңызды факторы, себебі ол заманауи қозғалыстардың нақты өзге түрлері бола отырып, бүкіл әлемде қоғамдағы шығармашылық әлеуетті дамытудың, азаматтықтың қайнар көзі, демократияның бастапқы сатысы болып табылады.

Е.Е. Чепурныхтың айтуы бойынша балалар бірлестіктеріне үш негізгі функциялар тән: дамытушылық (тұлғаның азаматтық, адамгершілік тұрғыда қалыптасуын, оның әлеуметтік шығармашылығының дамуын, адамдармен қарым-қатынас жасай білуін, қоғамдық және тұлғалық маңызды мақсаттарды ұсыну және жете білуін қамтамасыз етеді), бағдарлаушылық (балалардың адамгершілік, әлеуметтік, саяси, мәдени құндылықтар жүйесінде бағдарлануына жағдай жасау), теңгерушілік (қарым-қатынас тапшылығын және оған қатысты болуын жою үшін, қажет емес басқа да ортақтықта балалардың мүмкіндіктерін, мүдделерін, қажеттіліктерін іске асыру үшін жағдай жасау) [32].

Балалардың, әсіресе жасөспірімдер мен жастардың біліктіліктерін дамытуда құрдастар қоғамы маңызды болып табылады. Бала табиғатынан жоғары мағынада әлеуметтік жан: құрдастарымен қарым-қатынас жасағаннан ол қосымша білім алады (ғылыми және тұрмыстық - күнделікті), өзінің өмірлік тәжірибесін байытады, бағдарланудың әлеуметтік нормалар мен құндылығын меңгереді, бағалау критерийлерін тудырады, құрдастарымен қарым-қатынас жасаудан тәжірибе алады, достық және жолдастық сезімі сыналады, өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі танытуы мүмкіндігін табады, құрдастарымен бірігудің жалынды-жағымды жай-күйін сезінеді.

О. В. Якубенко балалар бірлестігі жағдайындағы теңестіруді әр түрлі ұрпақтар өкілдерімен мәдени лайықты қарым-қатынас жасауда тәжірибе алумен байланыстырады [33]. Автор, төменгі сынып оқушыларын балалар бірлестігіне қосу, балаларды бейімсіздендірудің түрлі формаларын түзетуге бағытталған тәрбиелеуші ортаны құруға ықпал етеді дейді [34].

Балалар бірлестіктерінің қызметтері арасынан П. И. Фролова мыналарды атап көрсетеді: әлеуметтік қорғау, әлеуметтік сауаттылықты қалыптастыру, әлеуметтік мінез-құлық пен әлеуметтік байланыстарды түзету, тәртіп бұзушылықтың алдын алу, балаларды әлеуметтік оңалту [35].

А. Н. Тесленко, Е. А. Дмитриенколар Отанға деген сезімін дарытуға, оның жетістіктеріне патриоттық көзқарасына, өз елінің тарихын және оның

аумағында тұратын халықтарды құрметтеуге деген балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекші роліне назар аудартады[36].

Базалық құндылықтарды тәрбиелеу Е. В. Чердынцеваның пікірі бойынша мәдениеттану, әрекеттік және тұлғалық-бағдарлы сияқты тәсілдерді іске асырудан басталады [37].

Тәрбие жұмысы келесі әдіснамалық негіздерге сүйенеді:

Құндылықты (аксиологиялық) көзқарас – адамзаттың түсінігімен және рухани-адамгершілік мазмұнымен анықталатын адамның әлемге, өзге адамдарға, өз-өзіне және т.б. қатынасы, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың диалектикалық бірлігіне сүйену.

Антропологиялық көзқарас – тәрбие тақырыбы ретінде адам туралы білімнің барлық деректерін және олардың есебін біртұтас педагогикалық процесті құруда және іске асыруда жүйелі қолдану.

Тұлғалық-бағдарлы көзқарас – өзара байланысты түсініктер, іс-әрекет идеялары мен тәсілдер жүйесіне сүйену, тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру процесін қолдау, оның дербестігін дамыту.

Қызметтік көзқарас – педагог өз тәрбиеленушілерін мақсат қоюға және іс-әрекетін жоспарлау, оны ұйымдастыру және реттеу, бақылау, өзіндік талдау және іс-әрекет нәтижелерін бағалауға үйретуі үшін қажет болатын баланың іс-әрекетін қалыптастыру, таным, еңбек және қарым-қатынас субъектісі позициясына ауыстыру бойынша арнайы жұмысты талап етеді.

Құзыреттілік көзқарас – тәрбие мақсаттарын анықтаудың, тәрбие процесін ұйымдастыру мен оның нәтижелерін бағалаудың, оқушыларда құзыреттіліктерді қалыптастыру мен олардың табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдар жиынтығын ескеру.

Әлеуметтік көзқарас – тұлғаның мақсаты мен міндеттеріне әлеуметтік шынайылықтың ықпалын ескеру, осы ықпалдың адам және қоғамға тигізер педагогикалық салдарлары.

Жүйелілікті көзқарас – нысанды оны құрайтын бөліктердің жиынтығына қосылмайтын және иерархиялық құрылымы бар күрделі құрылыс ретінде қарастыруды көздейді. Жүйелі қарастыру құрылымдық компоненттерді, олардың қызметін бөліп көрсетуді, қызметтік-иерархиялық байланыстар орнатуды, жүйекұраушы факторларды анықтауды, сыртқы байланыстар талдауын қажет етеді.

Тұтастық көзқарас – білім алушы тұлғасының зияткерлік және рухани-адамгершілік дамуының бірлігін анықтайтын педагогикалық процестің мәнін көрсетеді.

Синергетикалық көзқарас тәрбиені тура себеп-салдарлы байланыстарға негізделмеген, белгілі бір деңгейде өздігімен ұйымдастырылатын процесс ретінде емес, керісінше бір мағыналы емес, заңды және кездейсоқ, болжанған

және стихиялы, ретті және ретсіз сияқты көптеген ішкі және сыртқы ықпалдармен келісілген процесс ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Балалар мен жасөспірімдермен жұмыс тәрбие процесінің келесі **принциптерін** іске асыруды қажет етеді:

Гуманистік бағыт принципі – педагогтің тәрбиеленушіге өз дамуына жауапты және дербес субъект ретінде бірізді қарым-қатынасы, оның тәрбие процесінде тұлғамен және ұжыммен ізгілікті қарым-қатынас негізіндегі өзара әрекет стратегиясы.

Жалпыадамзаттық құндылықтар принципі – тәрбие рухани-адамгершілік дәстүрлер мен ұлттық және әлемдік мәдениет нормаларына негізделуі қажет деп санайды.

Мәдени сәйкестілік принципі – тәрбие мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделуі және жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттер нормаларына сәйкес құрылуы тиіс.

Үздіксіздік принципі – тұлғаны тіршілік әрекетінің барлық кезеңінде жан-жақты дамыту, оның күші мен қабілетін, кәсіби және жалпымәдени өсуін барынша толық жүзеге асыруда шығармашылық әлеуеті мен мүмкіндіктерін байыту.

Табиғи сәйкестілік принципі – табиғат дамуының ортақ заңдарының басымдығы; табиғи және әлеуметтік процестердің өзара байланысы; тәрбие жұмысында білім алушылардың жынысы мен жас ерекшеліктерін ескеру.

Тұтастық принципі оқу және оқудан тыс қызметтердің кіріктірілуімен қамтамасыз етіледі: оқу қызметі когнитивті құрамдасты қалыптастыру; сабақтан тыс қызметте эмоционалды-құндылықты мінез-құлықтық құрамдас дамыту.

Этникалық принцип – тәрбиені ұлттық сана қалыптастыруға бағытталған ұлттық мазмұнмен толтыру, барлық азаматтар үшін ана тілінде білім алуына және қарым-қатынас жасауына, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, рәсімдерді зерттеуіне жағдай жасау.

Біздің елімізде барлық оқу, сыныптан тыс және тәрбиелік қызмет тәсілдерімен «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын жүзеге асыру бойынша үлкен жұмыстар жүргізілуде [38].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы соңғы стратегиялық бағдарламалық құжаттардың бірі болып табылады, мұнда мемлекет басшысы экономикалық өсуге немесе технологиялық жетілдіруге деген жаңғырту мәліметі – ол тек жалпы өзгерістер жобасы ғана екеніне назар аударта отырып, жаңғырту процесі аясында елдегі рухани жаңарудың тұжырымдамалық пайымдауын ұсынады [39].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев үшінші жаңғыртуын Қазақстан-2050 стратегиясы мақсаттары қарсаңындағы сенімді көпір деп атады. Және ол «100 нақты қадам» атты Ұлт жоспары базасында өткізілетінін атап өтті.

Қазақстанның алғашқы жаңғыруы нәтижесінде жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу жүзеге асырылды. Бұл толқулар, азаматтық

соғыстар мен экономикалық күйзеліс, Кеңес Одағының ыдырауы сияқты қиын кезеңде басталды. Бірақ дәл сол кезде, сол кезеңнен ең аз шығындармен және ең жоғары табыспен шыққан, әлем картасында болмаған жаңа мемлекет дүниеге келді.

Қазақстан-2030 стратегиясы қабылданғаннан басталған екінші жаңғыртудың нәтижесі – ол Астана атты жаңа астананың дүниеге келуі және Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 экономика әлеміне енуі.

Егер, Қазақстанның алғашқы екі жаңғыруы жас мемлекет саяси және экономикалық жайластырумен байланысты болса, үшіншісі өзінің ойы мен өзінің ауқымы бойынша қазақстандық қоғамның неғұрлым күрделі даму қарқынын білдіреді. Ол ең жас ел азаматтарын қоса алғандағы әрбір қазақстандыққа тікелей қатысты. Сөз ұлттың рухани жаңғыруы туралы болып отыр.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары:

1. Бәсекеге қабілеттілік.

25 жыл бұрын әлемдік қауымдастыққа Қазақстан өзінің тәуелсіздігі туралы жариялады. Қазақстан 25 жыл тәуелсіз даму барысында әлемдегі ең дамыған 50 елдің қатарына қосылды, Қазақстан-2030 стратегиясын мерзімінен бұрын жүзеге асырды, Қазақстан-2030 стратегиясын, «100 нақты қадам: баршаға бірдей заманауи мемлекет» Ұлт жоспарын іске асыруды бастады.

Бүгінде Қазақстанның алдында енді жаңа міндет тұр – әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына ену. Ол үшін Қазақстанның барлық мүмкіндіктері бар: инвесторларды қызықтыратын үлкен жер көлемі, ресурстары, пайдалы қазбалары, шетелдік капитал мүдделерін, Қазақстан бизнесі субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ететін заңнамасы.

Осындай мақсатты индикаторды Елбасы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену стратегиясы. Қазақстан өз дамуында жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты 2006 жылы жарияланған жолдауында алғаш рет қолданды.

Әлемдегі түрлі елдердің бәсекеге қабілеттілігін бағалаумен көптеген жылдар бойы Бүкіләлемдік экономикалық форум (WIF/ДЭФ), менеджментті дамытудың Халықаралық институты (IMD), Дүниежүзілік банк (World Bank) сияқты ұйымдар айналысып келеді.

Әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің әлемдік жетекші рейтингі «Жаһандық бәсекеге қабілеттілік Индексі» (GCI/БЖИ) ДЭФ-тің жыл сайынғы баяндамасы болып табылады.

Дүниежүзілік экономикалық форум 35 жылдан астам уақыттан бері, жыл сайынғы жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есебінде жарияланатын, елдердің жыл сайынғы бәсекеге қабілеттілік рейтингін жасап келеді.

Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (ДЭФ ЖБИ) беделді халықаралық рейтингтердің бірі және оған қатысу аса маңызды болып табылады, өйткені ол әлем мемлекеттерінің экономикалық дамуын тәуелсіз бағалауын білдіреді.

Елдер саны жылдан жылға өзгеріп отыратынын атап өту керек. Сонымен ЖБИ-де 2016-2017 бағаланатын елдер саны саны 138-ді құрады (өткен жылы рейтингте 140 ел) [40]. Бұл ретте рейтингіде қатысу критерийлері сауалнама деректерінің нәтижелері мен олардың репрезентативтілігі болып табылады, сондай-ақ жеке секторды білдіретін респонденттердің қатысуы айтарлықтай маңызды фактор болып табылады.

Экономикасы бәсекеге қабілетті 10 елдің – НКК[39].


ЖБИ 2016-2017	Елдер/экономика	ЖБИ 2015-2016	Нәтиже
1	Швейцария	1	→
2	Сингапур	2	→
3	АҚШ	3	→
4	Нидерланды	5	→
5	Германия	4	↓
6	Швеция	9	↑
7	Ұлыбритания	10	↑
8	Жапония	6	↓
9	Гонконг	7	↓
10	Финляндия	8	↓

Қазақстан 2006 жылдан бері ДЭФ ЖБИ рейтингісіне қатысады. Соңғы бес жыл ішінде ДЭФ рейтингісінде елдің ең әлсіз бағыты байқалды 2010, 2011 жылдары – 72 орын. Қазақстанның бағыттары кейінгі үш жылда жақсарды және салыстырмалы түрде тұрақты сақталып келеді – 50-орын деңгейінде. 2015 жылдың рейтингі нәтижелері бойынша Қазақстан серпіліс жасады және 2014 жылмен салыстырғанда өз рейтингісін 8 тармаққа арттыра отырып жоғары 42-орынға иеленді.

Алайда, 2016-2017 жылдардың ғаламдық бәсекеге қабілеттілік туралы кезекті жыл сайынғы есебі 2016 жылғы 28 қыркүйекте жарияланған болатын, осыған сәйкес Қазақстан 2016-2017 ДЭФ ЖБИ рейтингінің нәтижесі бойынша рейтингте 11 тармаққа төмендеп 53-орын алды [40].

Бұл ретте Қазақстан ТМД елдері арасында Әзірбайжанды (37-орын) және Ресейді (43-орын) алға жіберіп қойып үшінші орында қалып отыр. Қалған елдер келесі ретте орналасты:

Европа елдері арасында ЖБИ рейтингі



Мәселен, соңғы 3 жылда Қазақстанның бағыттары ДЭФ ЖБИ рейтингінде статистикалық емес:

- 2014 жылы – 50-орын;
- 2015 жылы – 42-орын (8 орынға жақсару);
- 2016 жылы – 53-орын (11 орынға нашарлау) [38].

Сөйтіп, 2016 жылы бәсекеге қабілеттіліктің 12 факторларының 5 факторлары бойынша Қазақстанның бағыттарының жақсаруы, 7-уі бойынша нашарлауы байқалады.

Бұл ретте, 2016 жылғы рейтингінде соңғы 8 жыл бойы тұрақты бағыттарды ұстап келе жатқан Швейцария тағы көшбасшы бағытты иеленді. Сондай-ақ, көшбасшылар үштігінде Сингапур және АҚШ орналасты.

ЖБИ 114 көрсеткіштен есептеледі, олардың 34-і (1/3) статистикалық мәліметтер негізінде есептеледі, ал қалғандары (2/3) – орта және ірі кәсіпорындардың басшыларының бағалауы бойынша [38].

Қазақстан бойынша ДЭФ жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы есептерін талдау, тұтастай алғанда өткізіліп жатқан шаралар Дүниежүзілік экономикалық форуммен оң бағаланатынын көрсетіп отыр.

Қазіргі уақытта «Бес институционалдық реформаларды жүзеге асыру бойынша 100 қадам – Ұлт жоспарын» және 2015 – 2020 жылдарға «Нұрлы Жол» инфрақұрылымдық даму жөніндегі Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда. Сонымен қатар, экономиканы дамыту үшін кәсіпкерлік бастамалар мен бизнесті дамытуды қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуге назар аударылуда. Заманауи инфрақұрылымды дамытуға, елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге, сот және құқық жүйесін жетілдіруге, білім мазмұнын жаңартуға, сондай-ақ мемлекеттік басқару тиімділігін арттыруға бағытталған барлық мүмкін болатын шаралар Үкіметпен қабылдануда.

Нәтижесінде Қазақстан инвестицияларды тартумен инвесторларға қызмет етуге ең қолайлы жағдайлар жасалатын, серпінді экономикасы бар ел ретінде әлемде танылып отыр.

Сонымен қатар, Қазақстанның ДЭФ ЖБИ рейтингінде одан әрі ілгерілеуі елдердің дамуымен бәсекелестіктің күшеюіне байланысты кем қарқынды болады, өйткені біз рейтингіде жоғары болған сайын, біздің бәсекелестеріміз маңыздырақ болатынын атап өту қажет.

Бұл сандардың барлығы түсініксіз, тым алыс болып көрінуі мүмкін. Бірақ олар біздің әрқайсымызға, әрбір қазақстандықтың білімділігіне және бәсекеге қабілеттілігіне байланысты. Міне, осы ұлттың жетістігінің факторы.

Бүтіндей ұлтқа сияқты кез-келген қазақстандыққа ХХІ ғасырға лайықты қасиеттер жиынтығына ие болу қажет. Сондықтан «Сандық Қазақстан» бағдарламасы да, үш тілділік бағдарламасы да, мәдени және конфессионалдық келісім бағдарламасы да – ол, ХХІ ғасырда өмір сүруге ұлтты (барлық қазақстандықтарды) дайындаудың бөлігі. Бұл біздің бәсекеге қабілеттілігіміздің бір бөлігі.

2. Прагматизм

Қазіргі қоғамда жас адамның жеке басын өзін-өзі анықтау және өзін-өзі таныту проблемасы мемлекеттің тым маңызды және басым міндеті болып табылады. Қазақстан жастарына өзінің зияткерлік және инновациялық әлеуетін көрсету үшін кеңістігін нақты белгілеуіне көмектесу қажет. «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жолдауында, «жастар - келешектің негізі, өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктеріне ие болады» деп анықталған.

Қазіргі уақытта меншікті адами капиталға инвестицияларды ұлғайту, адамның өзіне капитал салу жүріп жатыр. Адами капитал адамның білім беру, әлеуметтік ресурсы, оның мәдени әлеуеті ретінде анықталады. Тез өзгеретін әлемде стратегиялық басымдық, адами капиталды, сондай-ақ жастар негізгі таратушысы болып табылатын дамудың инновациялық әлеуетін нәтижелі пайдалана және тиімді жинақтай алатын қоғамда ғана болады. Жастар, бойындағы құндылық ресурстарын – білім алу, өз білімін жетілдіру, практикалық әрекет ету процесі де алынған ақпараттар өнімін, қабылдау дағдыларын, ынталандыру, қабілеттерін, білімдерін нақтылы түрде көрсету жинағы ретінде көрінеді.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымында оқушылардың әлеуметтенуі мен тәрбиесіндегі ерекше рөлді «жеке тұлғаның өсу» технологиясы алады, оның мақсаты - баланың балалар қоғамдық бірлестігіне қосылуы барысында өз орнын, рөлін және ондағы өмір салтын түсінуіне көмектесу.

Технологияның негізі жасөспірімнің ұйымдағы айқындамасының «моделін өзгерту», мысалы: қатысушы – белсенді қатысушы - нұсқау беруші, көшбасшы; юнга – матрос- капитан; «ұшқын» - пионер – аға пионер – нұсқау беруші және т.б. Әрбір сатының меңгерілуі құқықтардың кеңеюіне, міндеттердің қиындай түсуіне, құзыреттіліктердің тереңдеуіне, бірлестік қатысушыларының білімдері мен біліктері деңгейінің артуына байланысты. Көп жағдайда жасөспірімнің жеке басының өсуіндегі жаңа сатыға өтуі оған жаңа бір ерекшелік белгілердің, куәліктің, қиын тапсырманың берілуімен және т.б. қолдау табады.

Қазіргі заманғы балалар мен жасөспірімдер ұйымындағы *бірлікті ұйымдастырудың технологиясы* жас аралықтарындағы тік байланысты дамытуға бағытталған, олар бүгінгі күні әлсіздігімен немесе толық жойылуымен ерекшеленеді. Осындай бірлікті орнатуға негізгі қарама-қайшылық жасөспірімдер мен жастар арасындағы жас мәселесінің проблемалары мен олардың әлеуметтік қажеттіліктерінің әртүрлі болуы аясында жатыр: егер жасөспірімдер үшін табысты әлеуметтенуі мен дамуы үшін жасы үлкен балалармен (жасөспірімдермен) араласа түсу қажетті болса, жастарға ересектердің көңіл аударғаны аса қажет. Бұл жағдайда бірлікті жеке тұлғаның табысты әлеуметтенуі мен тәрбиесі үшін қажетті болатын дүниетанымдық, құндылықты-әрекеттік, іс-жүргізушілік, ақпараттық, теңгермелік, ұрпақаралық және т.б. байланыстардың кешені ретінде шығады. Жасөспірімдер мен жастар ұйымы арасындағы байланыстардың орнатылуына оң ықпалды келесі шарттар тигізеді: жастар жағынан жасөспірімдермен

әріптестік қарым-қатынастарды «теңі» ертіңде қабылдау; жасөспірімдердің жастардың «аға жолдас», сарапшы, кеңесші ретіндегі айқындамасын қабылдау. Ондай жағдайда бірізділікті ұйымдастырудың технологиясы келесі кезеңдердің басын біріктіретін болады:

- үлкені мен кішісінің жас аралық араласу қажеттілігін белсендендіру (қызметті талдау, басқа бірлестіктердің тәжірибесін зерделеу, заманауи дәстүрлер мен тарихи факторларды салыстыру);

- үлкендерді өз еңбегінің өнімін сақтап қалуға, бірлестік қызметінің үздіксіздігіне ынталандыру (кішілер алдында баяндамамен шығу, көрмелер, болашаққа жолдаған хат, жоспарлау жағдайы, «келешек қуаныш» перспективалары);

- әлеуметтік серіктесті іздестіру (хат алмасу, форумдарға, фестивальдарға және конференцияларға, шығармашылық кездесулерге қатысу);

- үлкендер және кішілер арасындағы байланыстардың кешенін орнату (диалог жүргізу, әрекеттесу барысында оқыту, арнаулы рәсімі);

- белгіленген байланыстарды нығайтатын құқықтық актілерді құру (Жарғыға, Ережелерге өзгертулерді енгізу, жалпы бағдарламаны немесе инновациялық жобаны құру, дәстүрді енгізу).

Әлеуметтік жобалау технологиясы барлық жас аралығындағы балалардың өз қаласының, облысының ауданының қоғамдық өміріне белсенді араласуды қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда оқушылар өздерін белгілі құқықтарымен қатар міндеттері де бар азаматтар ретінде сезінеді. Ал әлеуметтік жоба олар үшін үлкен бір оқиға. Мектеп оқушылары, балалар және жасөспірімдер ұйымының қатысушылары, мысалы, шынайы билік құрылымдарының, әлеуметтік қызметтердің, түрлі қоғамдық институттардың қызметімен танысуға мүмкіндік алады.

Жасөспірімдердің аға буыны мен жоғары сынып оқушыларына арналған әлеуметтік жоба ерекше өзекті.

Жобалық қызмет олардың өзін жеке тұлға ретінде сезінуіндегі, өзін осы өмірге сәйкестендірудегі, өз орнын бекіту мен өз орнын табудағы, бір топқа қатыстылығының, жетістіктері мен табысындағы, көшбасшылығындағы, әлауқаты мен беделіндегі әлеуметтік қажеттіліктерін іске асыруда көмектеседі. Әлеуметтік жобалау технологиясы жақсы белгілі. Оның балалар мен жасөспірімдер ұйымындағы қолданыс ерекшелігі – әлеуметтік-түрлендіруші мақсаттарға бағдарлануында. Бұл жағдайда жобаларды әзірлеуде және жүзеге асыруда дәстүрлер, балалардың жасы ескеріліп, түрлі жас аралығындағы балаларға арналған топтар құрылады; қаржыландыру көздерін іздестіру мен қатысушылардың нәтижелері мен әсерлерін бағалау бойынша қызметке қосуға дейінгі ресурстық қамтамасыздық мәселелері қосылады.

Бағдарламалар (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді, жалпы немесе жергілікті) баланың өзін мақсатты тұжырымдауға, қызметті іріктеп оны іске асыруға, мүшелердің және қатысушылардың рөлдерін анықтауға, мақсаттардың, міндеттердің ұжыммен және әрбір жасөспіріммен іске асыру жағдайын бағалау қосудың кешенді әдісі болды. Жасөспірімдерді

бағдарламаны әзірлеу мен жүзеге асыру ісіне тартудың нұсқалары, әдістері, құралдары мен амалдары баланың жаңа айқындамасын меңгеруін диагностикалаудың; жеке басының өсу динамикасын анықтаудың табиғи жүйесі болып табылады.

Балалар қоғамдық ұйымының, бірлестіктердің бағдарламалары - бірлестіктің, ұйымның мақсаттарын, міндеттерін, негізгі мазмұнын іске асырудың; әрбір мүшесін ұжымның тіршілігіне белсенді қосудың кешенді әдісі.

Бұл қатарда ерекше орынды әдеттегідей, балалардың, жасөспірімдердің және жастардың білімдегі, демалыстағы, релаксациядағы (тынығудағы) қажеттіліктерін олардың бос уақытын қызығушылықтарын, дамуындағы жеке және жас ерекшеліктерін ескерумен, мәдени демалу қызметінің түрлі бағыттары арқылы мазмұнды ұйымдастыруға бағытталған мәдени демалу бағдарламалары алады.

Бос уақытқа арналған бағдарламалардың міндетті бір шарты – оларда білімділік аспект міндетті түрде орын алуы тиіс, яғни оны меңгерудің нәтижесінде бала белгілі бір білімдерді, біліктерді және дағдыларды алып, сонымен қатар әлеуметтік тәжірибе жинақтауы тиіс.

Жаһанданған әлемде заманауи тұрмыстың әлемдік тәртібінің іргетасы ізгілікті-бағдарланған мәдениет болып табылады. Қазіргі жағдайда Қазақстанның жастары өзінің даралығы, өзінің ізденуі, әлем құндылықтарына қатысты үлкен ұтқырлығымен және өнертапқыштығымен ерекшеленеді. Құндылықтардың заманауи шкаласы таңдау молшылығымен күрделене түседі, құндылықтық бағытталу жүйесінде жастарды жағдаяттық және ұзақ мерзімді таныстыру көрсетіледі. Жастар әлеуметтік табыстың өмірлік стратегияларының танымалдылығын бірінші орынға қойып қабылдады: жастардың мақсатты жорамалдаушылық құндылықтар арасынан сатылылықтың ең жоғарғы сатысында болатын білім, сондай-ақ адамның өз өмірін жеке жоспарлау принципі, жеке бастама, жеке бас бостандығының құндылығы, оның егемендігі, еркін бәсекелестік, плюрализм, ықпалды таныстары мен достарының маңыздылығы, «қажетті адамдардың» көмегі, гедонистикалық құндылықтар, прагматизм басым. Экономикалық, рухани дағдарыс жас адамдар арасында терең дүниетанымдық бағдардан жаңылдыру жағдайын тудырды, жағдай өзінен-өзі шешіледі деп ойлауға болмайды, мұндай жағдайларда Қазақстан жастарын қауымның қоғамдық өміріне тарту қажет, қоғам жаңа идеяларға, өмірлік күштерге зәру. Қазақстандық қоғамда заманауи жастардың бұрынғы ұрпақтардан айтарлықтай өзгеше көрінетін, мүлдем жаңа мәдени түрі қалыптасты: ұтымды экономикалық мінез-құлықты, табысқа жетуде құнды мақсаттары бар жастардың қатары қалыптасқан. Бұл тұрғыда, өзінің жастармен өткізген көптеген кездесулерінде Н.Ә. Назарбаев: «Әрбір адамды істей білу, білім ала білу, өмір сүре білу, заманауи өмірде бірге өмір сүре білуге дағдыландыру керек», деп атап айтты [41].

Заманауи Қазақстан жастарының мәдениеті мен ойлау қалпы бірнеше жылдардан кейін біздің әлеуметтік-мәдени шындыққа тән болады. Жастар өз табиғаты бойынша қоғам үшін маңызды, ол адами капиталы, қоғамның

инновациялық, стратегиялық ресурсы. Қазіргі уақытта жастар, қоғамның меншікті дамуының әрбір келесі кезеңінде өзін елестетін тарихтың субъектісі ретінде қабылданады. Оған оң рөл бере отырып, оны прогрессивті өзгерістермен байланыстыра отырып, ол әлеуметтік тұрақсыздықты таратушы болып табылатынына көңіл аудармауға болмайды, оның әлеуеті әртүрлі бағытта болуы мүмкін: оң-жасампаз, конструктивтіден, экстремистік-революциялыққа дейін. Бұл тұрғыда жас ұрпаққа нені меңгеру пайдалы, таңдау маңызды, практикалық әрекетте жүзеге асыруға рұқсат етілген, өмірдің жағымсыз жағын көрсету, денсаулыққа, тұтастай алғанда өмірге не зиянды болып табылады, жеке жағдайда жүзеге асыруға тыйым салынғандар туралы дүниетанымдық түсініктерді меңгеруге көмектесу қажет.

Адамдар арасындағы күрделі қарым-қатынас, үлкен ақпараттар ағыны, қоғамның жоғары динамизмі, білім беру процесінде заманауи жастар меңгеруге тиіс құзыреттер туралы мәселенің қойылуын талап етеді.

XXI ғасырдың жас адамы, өзіне өмірге араласып кетуіне, өзіндік құндылықтар деңгейін, тәуір көретін иерархиялық сатысын құруда көмектесетін өзіне деген трендтер, құндылығы басым мақсаттарды анық айқындауы керек. Әрқайсысына бойында бар қабілетін, тұлғалық әлеуетін іске асыру қажет, қоғамның толыққанды мүшесі болу тиіс, бұл арада жас адам өзін қауымның бөлігімін деп сезіну соңғы рөлді атқармайды.

Батыстан келіп жеткен бірінші әлеуметтік трендтер көптеген музыкалық стильдерімен және бағыттарымен негізінен айқындалғандары субмәдени институттары болды.

Одан әрі жастар ортасында «кулхантинг» деп аталған жаңа сәнді түсінік пайда болды – жастардың талғамы мен қалауларына сай келетін жаңа, бірегей, креативті трендтер мен стильдерді анықтау. Заманауи кулхантерлер көпшіліктің арасында пайда болатын жаңа құбылыстар, ағымдардың өсуін талдап, анықтайды.

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің басталуымен қазақстандық жастардың алдында жаңа міндеттер тұрды, оларды шешу әрбір жас адамнан тұлғалық дүниетаным мен өз өмірінде оларды ұстануды талап етеді.

1. **«Тамаша, сапалы білім»** тренді – қазақстандық қоғамның ұлттық жобасы. Білім – жас ұрпақтың дүниетанымдық мақсаттарының басымдылығы, жоғары құндылығы, қауымның мотивациялық және мәдени құрамдасы, адами капитал, қаржылық және рухани дағдарысты еңсеру жолы.

2. **«Креативті, ұтқыр тұлға»** тренді – Қазақстанның табысты, динамикалық, инновациялық экономикасы, адамның ішкі ресурстарын шығармашылықпен өздігінен танытуға ықыласы бар, олардың тіршілікте жүзеге асыру, стандартты емес шешімдер тауып және қабылдай алатын, жаңа құзыретті идеяларды тудыру мен іске асыруға қабілетті, креативті, ұтқыр тұлғаларды тәрбиелеу негізінде құрылатын болады.

3. **«Бәсекеге қабілетті, кәсіби тұлға»** тренді – мемлекеттің стратегиялық міндеті. Бұл тренд табысқа жетуді көздейтін жаңа формациялы адамдарды тәрбиелеуді көздейді. Нарықтық қатынастар жағдайында – кәсіби және өмірлік

мансабының дамуына мүмкіндік туғызатын, неғұрлым тиімді және өнегелік ақталған жолды таңдай алатын, нұсқаларды болжай алатын, іс-әрекеттің мақсатын анық айқындай алатын белгілі бір салада кәсіптенген, жоғары бәсекеге қабілетті тұлға.

4. **«Жоғары ақпараттық мәдениет»** тренді – жаңа ақпараттық технологияларды меңгерудің заманауи деңгейі, ХХІ ғасырдың адамына қол жетімді зор ақпараттық базасын адамның қайта өңдей, талдай, жүйелей алуы, оның деректерін жеке тұлғалық және кәсіби өсу үшін моральдық - этикалық аспектіде пайдалану.

5. **«Нақты өмірлік стратегиясы»** тренді – жеке тұлғаның дүниетанымдық бағдарларын құруға қажетті компоненттерді тұтас және көп қырлы түрде құрауы, ол келесілерді қамтиды: негізгі бағдарларды өмірлік мақсаттарға жору, адамның белгілі бір өмірлік тұжырымдамасын құруы, нақты құндылық бағдарларының болуы, өмірлік қайшылықтар мен қиындықтарды еңсеруге дайын болуы, уақытша сәтсіздіктерден сабақ алуға ынталы болуы мен нәтижелерді барабар бағалауға бастама білдіруі және т.б.

6. **«Жоғары құзыреттілік»** тренді: бұл трендінің мазмұнында келесі аспектілер қамтылады: әрбір адамның жағдайды проблемалық-практикалық - барабар түсінуі, белгілі бір кәсіптік салада мақсаттарды, міндеттерді, нормаларды қою және орындау; мағыналы-мазмұнды – жеке тұлғаның өмірлік стратегиясын мазмұнды іске асыру қабілеті, тұлғалық өсуі үшін өзінің шексіз мүмкіндіктерін үздіксіз анықтауға ықыласы; аксиологиялық – меншікті және жалпыға маңызды құндылықтар тұрғысынан өмірлік жағдайларды жеке тұлғаның барабар бағалауға қабілеті.

7. **«Тұлғалық өсу»** тренді – ішкі өзгерістер процесі, өзін-өзі жетілдіру, қақтығыстарды еңсеру (сыртқы, ішкі), логикалық аяқталмаған тұлғалық әлеуетті анықтау, белгіленген міндеттерді жүзеге асыру.

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі басқа мемлекеттермен салыстырғанда айтарлықтай дәрежеде оның мүмкіндігі және қабілетімен анықталады: жастардың бойында озық, қоғамдық мәні бар құндылықтарды және өмірдегі өмірлік стратегиясын өзі құрылымдауға басым құндылықты бағдарларын, өзін-өзі жетілдіру мен өзіндік менеджментті қалыптастыру.

Осыған байланысты заманауи жастар саясатының басты міндеті жас ұрпақтың қоғам өміріне қатысуын кеңейту үшін жағдайлар жасау және жастар әлеуетін Қазақстанның дамуына, оның бәсекеге қабілеттілігінің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге бағыттау болуға тиіс. Заманауи жастардың прагматикалылығы жастардың жұмысына инновациялық тәсілдерді талап етеді. Жастарға мансаптық-тұтынушылықтан өз-өзіне және қоғамға деген шығармашылық-жасампаздық қарым-қатынасқа құндылықты нұсқаманы қайта бағдарлауды болжайтын әдістерді әзірлеу қажеттілігі болып тұр.

Өмірге енді қосылып жатқан буын ретінде жастар, өз болашағына ерекше қызығушылық танытады. Жас ұрпақ өз мүмкіндіктеріне сенеді, болашақта оған қандай білімдер мен біліктіліктер пайдалы болуы мүмкін екенін анық біледі.

Қазақстанның заманауи жастары тарих субъектісі болып табылады, Қазақстан қоғамы оны өзіне ерекше түрдегі әлеуметтік құндылық ретінде ашты. Қазіргі жастар өзгерістердің ерекше әрі маңызды факторы, жаңа идеялар таратушысы. Осыған байланысты, ХХІ ғасыр сұраныстарына жауап беретін мемлекеттік заманауи жастар саясаты қажет.

Қазақстанның жастар мемлекеттік саясатының жаңа философиясын қалыптастыру заманауи шынайылықтан негіз алады.

Қазақстанның жастар мемлекеттік саясаты үшін басым болуы тиістілер: қоғамдық маңызы бар әлеуметтік рөлдерді орындауға арналған жастардың жеке қабілеттерін ашу; жастарды отбасын құруға, жастарды отбасылық өмірге, ана болуға дайындауда оң қарым-қатынас әзірлеу; заманауи жастардың зияткерлік, адамгершілік хал-жағдайына әсер ететін жаңа демалыс практикаларын дамыту.

Қазіргі уақытта прагматизм өзінің ұлттық және жеке ресурстарын, оларды үнемді жұмсауды, өзінің болашағын жоспарлай білуді білдіреді.

Біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы Ұлы Даланың ресурстарын прагматикалық және үнемді жұмсай отырып, оның экологиялық дәстүрін сақтап келеді.

Өткен ғасырдың ортасында небәрі бірнеше жыл ішінде ресурстарды тиімсіз пайдалану Арал теңізінің із-түзсіз жоғалуына, мыңдаған гектар құнарлы жерлерді экологиялық апатты аймаққа айналуына алып келді.

Бұрынғы ұлттық прагматизм ысырапшылдық айналды.

Прагматизм ысырапшылдық, дандайсушылық, көрмек үшін өмірге қарама-қарсылық. Заманауи қоғамның мәдениеті – ол, ұстамдылық мәдениеті, салтанатты емес молшылық мәдениеті, ол ұтымдылық мәдениеті. Және бұл заманауи әлемде тұрақты дамудың жалғыз ғана табысты моделі.

Бұл арада бірқатар таптаурын мен әдеттерді өзгерту өте маңызды. Ең алдымен, отбасы бюджетімен экологияға әсер ететіндерді.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау.

Жаһандану бүгіндегі ең қуатты және маңызды жалпы дүниежүзілік процесс болып табылады. Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастыққа кіріп және одан өз орнын алуы, жаһандану бағыттары бойынша барынша терең және үлкен көлемдегі әсерді бастан өткізуде [42].

Кез келген ұлттық қоғамдастықтың ұлттық бірегейлігі көптеген факторлармен анықталады – тарихи, саяси, мәдени, тілдік аумақтық, өркениеттік және өзге де. Қоғам дамуындағы күрделі және өзекті мәселе оның мүшелерін сәйкестендіру және өзін-өзі сәйкестендіру болып табылады. Өйткені ол, адам өзін қоғаммен қаншалықты теңдестіреді немесе теңдестірмейтінін білдіреді. Бұл тиістілік сезімі, индивидтің өзін сыртқы қоршаған ортаның қасиеттері мен ерекшеліктерін өзіне көшіруде, өздерінің нормалары мен құндылықтарын оған ойдағыдай меңгеруге көмектесетін, индивидті кіммен немесе немен (топ, ұжым) теңдестіру. Бірегейлік яғни күштеушілік емес, өзінің қандай қасиеттерін, дағдылар мен құндылықтарды меңгергісі келгенін еркін таңдауға еліктеу процесіне негіз болады. Әрбір адам қандай да бір этникалық

топқа тиесілі екені жалпыға мәлім. Этникалық бірегейлік, адамдардың этникалық мүдделерін іске асыру жөніндегі топтық іс-әрекетті этностық белгісі бойынша біріккен адамдардың дайындығы ретінде қарастыру керек болатын, этносаяси жұмылдырылудың психологиялық негізі ретінде танылады [43].

Бірегейлік ұлттық-тарихи, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәдени, саяси-мәдени және т. б. салалар қиылысында, тиісті ұлттық парадигманың негізінде қалыптастырылады. Оның мазмұнына ұлттық мәдениеттің орныққан ерекшеліктері, этникалық сипаттамалары, әдет-ғұрып, наным, аңыздар, адамгершілік тегеурінді талаптар және т. б. кіреді. Ол «ұлттық сипаты» түсінігімен тығыз байланысты. Бұл жерде әңгіме адамдардың өзі туралы түсініктері, әлемдегі өз орны туралы. Ұлттық бірегейлік ішкі және сыртқы құрамдаушыларды өзіне кіріктіреді. Ол үшін сыртқы және ішкі сәйкестігі, нысаны мен мазмұны, көріністері және мәні, жалпы негізді, біріңғай бастаманы білдіреді [44].

Этникалық өзін-өзі бірегейлендіру – адамның этникалық өзін-өзі анықтаудағы саналы актісі, өзін-өзі белгілі бір этностық бірлікке жатқызуы. Ұлттық бірегейлік маңызы зор факті, кез келген қоғамның ішкі ықпалдасу шарты болып табылады. Ұлттық бірегейлік ұлттық мемлекеттің тірегі, басқалардың арасында оның айрықша белгісі болып табылады [45].

Томас Магстадтың пікірінше кез-келген елде саяси құрылымының төрт маңызды элементі бар: тарих, тіл, мәдениет және дін, олар күшті сезім тудырады және елдің немесе ұлттың бірегейлігінің символдары болып табылады [46].

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары ұлттық - мемлекеттік құрылыстың екі негізгі стратегиясы және оларға сәйкес ұлттық бірегейліктің үстеме моделі аңғарылды. Бірінші стратегия, азаматтық ортақтығы негізінде қоғамның құрамы бойынша полиэтникалықтан бірыңғай қазақстандық ұлтты қалыптастыруға бағытталған, екінші стратегия қазақтардың өздерінің ұлттық бірегейлігіне байланысты болуы тиіс [47].

Бұл жағдайда, заманауи қоғамда бірқатар елдерде ұлттық бірегейлігіне ізденістер жүріп жатыр, бұған жаңа біріктіруші құндылықтар кіретін еді. Осы қасиеттерге патриотизм, халықтықты, моральді (дәстүрлі) жатқызуға бола ма? Бірегейлік ізденістеріне сол уақыт қолайлы ма? Басты көңіл аударатынымыз – жаһандану, ол бірегейліктің дәстүрлі нысандарын өшіріп, бұрынғы салт-дәстүрлердің, бірегейліктің құрылымдық элементтерінің ділі, тарихи ұжымдық жады, рухани мұрасы, тілі және т. б аясында қалыптастырылған адам мен этностардың өзін өзі бірегейлендіруіне субъективті сезіміне күмән келтіреді. Бірегейлікті бастапқыда индивидке тән қасиет ретінде емес, әлеуметтік өзара іс-қимыл процесінде қалыптасатын қатынасы ретінде қарастыру керек. Көптеген зерттеушілер атап көрсеткендей бірегейлік, сөздің қатаң мағынасында индивидтермен ғана атрибутталуы мүмкін, өйткені тек индивидтар ғана субъектіліктің сапасына ие және тиісінше өзіне белгілі бір сипаттамаларды қабылдауға немесе қабылдамауға қабілетті [48].

Мемлекеттік, ұлттық, азаматтық бірегейлік, оның тұтастығын бұзбай, оны сақтау және одан әрі дамыту мәселелері – Қазақстанның әлемдік қоғамдастығы және жаһандандудың тегеурінді талаптарына ең тиімді енуді өндіру үшін қажет талдау, негізгі мәселелердің бірі.

Ұлттық бірегейліктің көптеген әртүрлі аспектілері бар – саяси, мемлекеттік-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, идеялық-идеологиялық, мәдени-өркениеттік, тарихи және т. б., мұнда философияға да орын керек және табуға болады. Ол, осы бірегейлік қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, мемлекеттіліктің өзі осыдан туындайтын салдары, мәні бойынша және мазмұны бойынша, қазақ, өз жерінде ұлттық тегінде, оның ажырамас құқықтарын құруға негізделген өзіндік қазақстандық мазмұнды болжайды. Бұл тұжырымда теріс мағынада осы сөзді қолдануда ешқандай ұлтшылдық жоқ. Оның үстіне, ол тек заттардың нақты жағдайын білдіреді, яғни лайықтылығын, заңдылығын ғана білдіреді.

Ұлттық бірегейлік этносқа қиын сәттерде жақсы байқалады, мұнда негіздер іздеу мен тәсілдерді нығайтуға немесе ұлттық бірегейлікті қалпына келтіруге, бізді біріктіретін не екенін табуға, не үшін өмір сүруге немесе өлуге тұратын құндылықтарды тұжырымдауға күш беріледі. Әлбетте ұлттық бірегейлік, әр халықтың өзіндік "Мен" сөзін сезінуде халықтың санасын қалыптастыратын қоректік орта болып табылады, өткен тәжірибе және болашақ мүдделерін түсіну негізінде, өз тарихы, оның қаһармандық немесе қайғылы оқиғаларынан тыс немесе тәуелсіз қарау мүмкін емес.

Ұлттық құрылыс тәжірибесі көрсетіп отырғандай, әр түрлі мемлекеттерде бұл қарама-қайшылықты шешуде «немесе – немесе» емес, «мен-мен» принципі басым. Қазақстанның жалпы ұлттық идеясын әзірлеуде ұлттың екі тұжырымдамасын да пайдалану қажет – азаматтық және этномәдени, біреуін сырып тастап, біреуіне ғана сүйенбеу керек. Энтони Смит ұлтты құрудың бұл тәсілін әлемде кеңінен таралғандардың бірі деп айтады – «басқарушы этнос» моделі [49].

Әлемде байқалатын бүгінгі жаһандану мен өзгерту процестері бірегейліктің дәстүрлі нысандарын бұзады, бұрынғы салт-дәстүрлер аясында қалыптасқан адам мен этностардың субъективті сезімдеріне күмән келтіреді.

Бірқатар жаһандану процестері бірегейлік дағдарысының шиеленісуіне тікелей әсер етеді.

Бұл процестер – демократияландыру, экономикаландыру, ақпараттандыру, мәдени стандарттау, құндылықты әмбебаптандыру және т. б.– өзінің табиғи дамуының кедергісі сияқты, мыңжылдықтар бойы жинақталған. Сондықтан әр түрлі этноұлттық қауымдастықтар өздері туралы неғұрлым берік көріністер, анағұрлым орнықты сақталған орталық ядро сияқты сөзсіз ұшырасады [50].

Ақпараттық қоғамның тууы үйреншікті бағдарларды ғана емес, бірегейлікті қолдаудың әлеуметтік және мәдени тетіктерін де өзгертеді. Әлеуметтік және тұлғалық бірегейлікті қалыптастыру үшін шекара кеңейеді. Жаһандық экономика, коммуникацияның дамыту мен кеңеюі, бұқаралық мәдениет билігі, батыс адамы көптеген мінез-құлық модельдерін өзіне сіңіріп,

осылайша бағалаулар мен идеялар диапазоны кеңейте отырып, бірегейлік вариативтілігіне негіз жасауына алып келеді. Осыдан келіп, жаһандану дәуірінің жеке бірегейлігінің айрықша белгілері болып динамизм, аморфты және тұрақсыздығы шығады.

Жаһандану дәуірі құбылыстарының тағы бір этникалық бірегейлікке қауіп төндіретіні бұқаралық көші-қон мәселесі деп атауға болады. Өткен ғасырдың соңында жаһанданған әлемнің саяси, экономикалық және мәдени әлеуеті сепаратизмнің және ксенофобия, нәсілшілдікті еңсеру үшін тиімді пайдалану мүмкіндігі және саяси нақтылықтың алдағы сапалық өзгеруі кеңінен сенімділікке ие болды. Бірақ батыс елдеріне лимиттелмеген көші-қон көбінесе өзінің ауқымы бойынша алдын-ала болжанбаған қыр көрсетулер тудырды. Бұл қыр көрсетулер мигранттардың да, сондай-ақ қабылдаушы қоғамдардың алдынан да шықты. Өзге өркениетті дәстүрлерге тиесілі адамдарды батыс қоғамына біріктіру перспективалары туралы мәселе бүгінде саяси күн тәртібіндегі маңыздылардың біріне айналып отыр [51].

Бір жағынан, қазіргі уақытта этникалық қозғалыстар мен көңіл-күйдің қарқынды жаңғыртуы байқалады. Жаһандану- мәдениетті біртекті және үндестіріп қана қоймай, адамдардың жергілікті және этникалық өзіндік санасын соншалықты ынталандырып және талаптандырады.

Екінші жағынан, бірқатар жаһандану процестері ішкі және сыртқы жағынан да бірегейліктің дағдарысының шиеленісуіне тікелей әсер етеді. Түптеп келгенде, халқының бірегейлігін бұзу оның «тұлғалық» бастауының таусылуына, халықтың өзінің өзіндік терең мәдени-тарихи, геосаяси, рухани-діни негіздерге сүйенген тарихи тағдыры, өздігінен өмір сүруін және жасампаздық ретінде өзінің тарихи экзистенциясын жоғалтуына айналып отыр [52].

Осылайша, ұлттық бірегейлік бүтіндей ұлттың және оның әрбір өкілінің лайықты өмір сүруінің қажетті шарты. Жаһандану жағдайында бірегейліктің беріктігі объективті (ұлттық мінез) және субъективті (менталитет) компоненттерге байланысты. Ұлттық бірегейлікті нығайтудың ең пәрменді тәсілі индивидтің өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі бағдарлау, ұлттық сана-сезімді айқындауы деп есептеу керек [53].

Бүгінде әлемде мәдени жаһанданудың екі сценарийінің қаупі бар:

- олардың біріншісі мәдениеттердің жаһандық бірігу бейнесін көрсетуі;
- екіншісі мәдениеттердің жаһандық бәсекесін әлемге алдын-ала болжауы.

Бірақ үшінші сценарийі де бар – әр елдің және аймақты дамытудың меншікті модельдерінде құрылған мәдениеттердің жаһандық диалогі.

Мәдениеттер диалогінің тұжырымдамасы жеке адамға жаңа мәдени шарттарын жатсынбай өз мәдениеті аясынан шығуға, басқа да мәдени топтармен өзара әрекеттесуде жаңа өздігінен бағалауды табуға көмектесе алады. Бірақ бұл ретте мәдени айырмашылықтар құқығы сақталуға тиіс.

Бұл біздің ұлттық рухымыз, біздің төлтума мәдениетіміз бізбен бірге мәңгілік қалуы тиіс екенін білдіреді.

Бірақ жаңғырту деген, бірқатар архаистік және жаһандық әлемге енгізілмейтін әдеттер мен талғамдарды өткенге қалдыру.

Міндет, екі мызғымас ережені түсінуде.

Бірінші. Ұлттық мәдениетті сақтамай, ешқандай жаңғырту орын алуы мүмкін емес.

Екінші. Алға жылжу үшін, ұлттың дамуына мүмкіндік бермейтін өткеннің элементтерінен бас тарту керек.

4. Білімнің салтанат құруы.

Біздің білім беру жүйеміз әзірге әлі түпкі мақсат ретінде, нәтиже ретінде білімге, біліктілікке және дағдыларға бағытталған. Білім деңгейі мектеп бітіргенде, ЖОО-ға және басқа да оқу орындарына түскенде негізгі критерий қызметін атқарады. «Білімнің салтанат құруы» мектеп ұмтылатын идеал болып қала береді. Бұл, алайда, дұрыс емес. Ежелден айтып отыратын: көп білу дөп білу емес. Біздің оқушыларымыз ЮНЕСКО-ның соңғы деректері көрсетіп отырғандай, пәндік білімі мен біліктіліктері бойынша әйтеуір екінші ондықтың соңынан орын алуда. Бұған қатысты біз Оңтүстік Корея, Тайвань, Швейцария, Венгрия, басқа да бірқатар елдерден артта қалып отырмыз, бірақ АҚШ, Англия, Франция, Германия және басқа да дамыған елдерді айтарлықтай басып оздық. Онша жаман емес болып көрінеді. Алайда, шығармашылық ақыл ойды дамыту бойынша сарапшылар бізге тым қарапайым орын беріп отыр. Бір қарасаң парадокс. Бірақ іс жүзінде, барлығы түсінікті. Білімдері өз-өзінен әлі дамуды қамтамасыз етпейді, тіпті зияткерлікті де. Ал қазіргі оқыту мақсаттары интеллектіні дамытуды ғана емес, ерік, жігерді дамытуды да, қажеттіліктерді, мүдделерді, мінезқұлық белгілерін, арман құруды қалыптастыруды да қамтиды. Білім – дамыта оқытудың негізі, аралық плацдармы, бірақ ол оның қорытынды нәтижесі емес. Барлық оқыту тұлғамен өсіп келе жатқан адамның өзіндік қасиетінің дамуына, ондағы мүмкіндіктерді іске асыруға бағытталуы тиіс. Біздің білім беру саламыз білімге бағыттылықтан адамаға бағытталыққа, даму басымдылығына, әрбір тәрбиеленушінің «тұлғаның мәдениетіне» сай келуі керек [54].

Заманауи әлеуметтік бағдарларға және ізгілікті-тұлғалық бағыттарға сай келетін, заманауи білім берудің табыстылық критерийлері мен шынайы мақсаты - өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға қабілетті, дені сау, әлеуметтік тұрақты және сонымен қатар ұтқыр, бейімделгіш, өмірдің өзгермелі жағдайларында өз стратегиясын өзгертуге және бақытты болуға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы жағдайда білім берудің стратегиялық мақсаты, дәлірек айтқанда бір жағынан әлеуметтік (қоғамдық, мемлекеттік, жалпы адамзаттық), екінші жағынан – тұлғалық-жеке даралық құндылықтарды үйлесімді байланыстыруға бағдарланған. Педагогикалық процеске, мұғалімдерге, ұстазбен оқушылардың қарым-қатынас тәсілдері мен мазмұнына, ұжымдағы балаларға тікелей қатысты айтсақ, онда психологиялық білімдер мен тәсілдер ерекше рөл атқаратын жеке бағыттылыққа, дамыта оқытуға басымдық беріледі.

Білім беру мазмұны, оның мәдениеттанулық базасы өзгереді, әрі бұл өзгеріс бірнеше бағыттар бойынша жүргізіледі:

- базасы идеологиялық сүзгіленген емес, оның «мақұлданған» бөлігі, барлық әлемдік және отандық мәдениет болатын, білім берудің мәдени көлемділігін айтарлықтай ұлғайту, басқаша айтқанда, білім мазмұны алған білім ғана емес, ғылым аясынан тыс шығатын адамзаттың жетістіктері саласы өнер, дәстүр, шығармашылық қызмет тәжірибесі, дін, таза мағынадағы жетістіктер де болады;

- жеке тұлғаның мазмұнды «ядросы» ретінде, дамытудың негізі ретінде гуманитарлық білімнің рөлін арттыру;

- барлығына міндетті, бірдей мазмұннан вариативтік және сараланған, шекті жағдайда – дараланған; ресми түрде бекітілген бірыңғай мемлекеттік мазмұннан (мемлекеттік стандарттармен және міндетті минимуммен айқындалатын, бірыңғай білім беру ядросын міндетті түрде сақтай отырып) түпнұсқалық авторлық бағдарламалар, курстар мен оқулықтарға бағыт.

Білім алушылардың бойында әлемнің ғылыми бейнесін, азаматтық санасын, тұлғаны әлемдік және ұлттық мәдениеттер жүйесіне біріктіруді, адамдар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа көмекті қалыптастыруды қамтамасыз етуге қабілетті, білім берушілік және дамытушылық әлеуеті тұрғысынан мазмұнын іріктеу және бағалау тәсілі бекітіледі. Оқушының бойында біртұтас әлем бейнесін қалыптастыру, оған жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқып білетін материалдағы тұлғалық мағыналарды анықтауға көмектесу, шығармашылық қабілеттерді, осы дәстүрді дамыту үшін үздік дәстүрлерді жас ұрпаққа жеткізу [54].

Сондай-ақ, біріздендірілген білім беру ұйымдары нысандарынан (жалпы білім беретін орта мектеп, колледж) білім беру мекемелерінің типтері мен білім беру нысандарының түрлілігіне: гимназиялар, лицейлер, колледждер, жеке меншік мектептер, жоғары колледждер, балабақша—мектеп, лицей—колледж - жоо типті кешенді білім беру мекемелері және тағы басқаларға қозғалыс мүлдем анық айқындалды. Әсіресе, түрлі санаттағы оқушылардың қажеттіліктері мен даму мүмкіндіктеріне, сондай-ақ әр түрлі бейіндегі оналту, білім беру-сауықтыру және мамандандырылған мекемелерді дамыту проблемаларына бейімделген, жаппай білім беретін мектепті жаңарту мен жаңғыртудағы ізденістер өзекті болады.

Мектепте өте жасқанса да оқытуды ұйымдастырудың формасы ретінде сабақты басымдандыруды еңсере бастады. Сабақ өткізумен қатар, семинарлар, дәрістер, практикалық сабақтар, диспуттар, оқыту ойындары да жүргізіледі.

Бірте-бірте ұжымдық жұмыс түрінен бас тарту мағынасында емес, дербестендіру және әдістер мен бағдарламаларды деңгейлеп саралау, әр оқушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру мақсатында жаппай оқытудан сараланған түрге көшу қажеттілігін ұғынады. Сондай-ақ, бұл проблеманы жекелеген мектеп аясында шешу мүмкін емес болса да кешіктіріп білім беруден алдын-ала оқытуға көшу қажеттілігі ұғынылады. Ол әлеуметтік

сала ретінде білім берудің өспелі көп функционалдығымен және оның әрбір ұяшығы – білім беру ұйымдарымен байланысты.

Білім беру мен оның институттарына білім беру, тәрбиелеу және дамытушылық сынды жетекші дәстүрлі функциялармен қатар, мәдени сабақтастық және мәдени шығармашылық, ұстаздар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғау, әлеуметтік-экономикалық дамуды әлеуметтік тұрақтандырушы және катализаторы рөлін атқару міндеттері тұр. Ақырында (талқылағандай) соңғы жылдары іздестіру-зерттеу қызметі аса маңызды рөл атқарады.

Білім беру мен тәрбиелеудің бірте-бірте диагностикалық негізге көшуі басталады, оған білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің қалыптасуы септігін тигізеді. Талаптарды міндетті түрде біріздендіру ретінде емес, бірыңғай базис, білімнің міндетті минимумы, талаптардың минималды деңгейі және оқу жүктемесін шектеу ретінде білім беру саласында стандартты жаңаша түсіну бекітіледі.

Білім беру саласында аймақтық және жергілікті факторлардың рөлін арттыру үрдісіне жол ашты. Көптеген өркениетті елдердің тәжірибесі және отандық дәстүр көрсетіп отырғандай, қауым – адамдардың тұрғылықты жері бойынша бірлестігі (көршілестік қағидаты бойынша), шағын аудан әлеуметтік орталықтың, мектептің, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ең мүдделі және қамқор иесі болып табылады. Әрине, мемлекеттік және жалпы адамзаттық құндылықтарының басымдығы жағдайында жалпы адамзаттық, қазақстандық (мемлекеттік), аймақтық және жергілікті құндылықтар мен нұсқамалар және аймақтың мүддесінің балансы әрқашан қажет.

Өмірі күйреген регламенттелген, авторитарлық тәрбиеден қызмет нысандарын ерікті таңдауға, ынта және тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара сеніміне негізделген ізгіліктік, зорлық-зомбылықсыз, еркін тәрбиелеуге көшу қарқынды жүреді. Тәрбие жалпы адамзаттық құндылықтарға, ізгілік пен мейірімділіктің идеялары мен идеалдарына қайта бағдарланады. Бұл идеялардың діни нысанда көрсетілуі мүлдем міндетті емес. Бала кез келген идеологияны күштеп бойына сіңіруден қорғалуы тиіс. Заманауи білім беру жүйесінде оның педагогикалық және материалдық ресурстарын пайдаланатын және шағын ауданның өміріне белсене араласатын, әлеуметтік ортаға ашық, мектептің өзінде тұйықталмаған идеялары көбірек жол тауып, таралуда. Мектептік білім беру және тәрбие беру жүйесі отбасына, адамға, гуманитарлық құндылықтарға бағдарланған қосымша (мектептен тыс) білім берумен белсенді түрде өзара әрекет жасайды.

Заманауи жастардың түйінді құзыреттіліктері: өмір бойы оқу қабілеттілігі:

- «үздіксіз білім беру моделі», «өмір бойы білім алу»;
- тұлғалық өсуі: өздігінен білімін жетілдіру, ішкі ресурстарын жандандыру, өмірлік стратегиясын құру;
- өзінің бойында жоғары коммуникативтік деңгейді дамыту: командасында әріптестік қарым-қатынас, әр түрлі мәдениеттердің, діндердің, кәсіптердің өкілдеріне құрмет және т. б.;

- ана тілін және шетел тілдерін жетік меңгеру;

- ақпараттық технологиялар дағдыларын меңгеру: жаңа технологиярды, ақпараттарды пайдалана білу, құжаттармен жұмыс, оларды реттеу, топтастыру, моделдеу және есептеу аспаптарын пайдалану.

Білімнің салтанат құруы, білімге ұмтылу – заманауи жас адамның құндылықтар сатылығының жоғарғы сатысы. Білім, заманауи қоғамда басты құндылықтардың бірі ретінде танылады, уақыт эталоны – жоғары білімді, бәсекеге қабілетті тұлға. Бұл жерде мемлекет пен жастардың мүдделері айқын, өйткені бұдан әрі ұлт білімі қауымның міндеттерін табысты шешетін болады. Бұл туралы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев актілі дәрісінде тұжырымды баяндаған болатын «Қазақстан постиндустриалды әлемде: болашаққа зияткерлік серпін»: «Заманауи білім беру жүйесінің басты міндеті – ол, сыни тұрғыдан ойлауды меңгерген және ақпараттық ағындарда бағдарлануға қабілетті адамдар дайындау» [55]. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім беру саласында «Зияткерлік мектептер» жобаларына, «Балапан», «Ауыл жастары» бағдарламаларына ерекше басымдық беріледі. «Н.Ә. Назарбаев атындағы жаңа Халықаралық университет» тиімді академиялық ортасын құруға, білім беру, ғылым және өндіріс біріктірілген заманауи моделін елде қалыптастыруға ықпал етеді.

5. Қазақстанның революциялық емес эволюциялық дамуы.

Неге кейбір қоғамда прогрессивті өзгерістер жылдам қарқынмен өсуде, ал басқалары сол экономикалық, саяси және рухани деңгейде қалып қалған. Адамзат әрқашан экономиканы және тұтастай алғанда қоғамды дамытуды қалайды.

Бірақ әр түрлі елдерде бұған түрлі жолдармен жетуде – біреулері жаулап алу соғыстары жүргізу арқылы, басқалары қоғам мен шаруашылықты қайта құруға бағытталған прогрессивті реформалар жүргізу арқылы. Адамзаттың дамуы тарихы барысында қоғам дамуының екі жолы анықталды – революциялық және эволюциялық.

Эволюциялық жолы («эволюция» сөзі, «қанат жаю» мағынасын білдіретін латын сөзінен тарайды) – қоғамды күштеусіз түрлендірудің бейбіт жолы, «уақыттан секіріп өту» әрекеті мен жұлқыну жасамай ілгерілеуіне көмектесуден тұрады, яғни оның негізгі бағыттарын сезіну және оларды жан-жақты қолдау, басқа мемлекеттердің озық тәжірибесін тез үйрену.

Революциялық жолды жақтаушылар, «жарқын болашақ» (жер үстіндегі жұмақ) ізгі мақсаттар үшін зорлық-зомбылықты да қоса алғанда барлық тәсілдер жақсы деп санады. Бұл ретте, олардың сенімі мен пікірлері бойынша прогресс жолында тұрғандардың барлығы дереу шегеріліп тасталуы, жойылуы тиіс. Революция деп кез келген қоғамның басқару сипатының өзгеруі (әдетте, күштеп) ұғынылады. Революция – ол, белгілі бір уақыт ішінде (әдетте қысқа) болатын, барлық тыныс-тіршіліктің, әлеуметтік қарым-қатынастар сипатындағы түбегейлі өзгерістер.

Революция (ежелгі латын терминінде «бұрылу», «төңкеріс», «біртіндеп серпіну» дегенді білдіреді) – ол, жүйенің дамуында екі эволюциялық сатыны байланыстырушы болатын жүйенің ішкі құрылымындағы өзгеріс, бұл түбегейлі сапалы өзгеріс, яғни кенет өзгеру. Сонымен қатар реформа эволюцияның бөлігі, оның бір реттік біржолғы әрекеті болып табылады. Демек, эволюция және революция қарама-қарсы бірлік құра отырып, қоғамдық—тарихи дамудың қажетті компоненттеріне айналады. Әдетте эволюция сандық өзгерістер ретінде, ал революция – сапалық ретінде түсініледі.

Біз тарихтың революциялық сабақтарын ұмытпаймыз! XX ғасырдың басында Қазақстан аймағы Ресейдің отарларының бірі болды, ал XX ғасырдың соңында Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізді.

Осы жүзжылдықтың тарихы қайғылы оқиғаларға қанық, басынан өткерген ауыртпалықтары бірнеше ғасырларға жетер еді. Адамдардың қаны, көз жасы мен азап көруі араласқан көмескі фонда Қазақстанның тәуелсіздігі (1991 ж.), отаршылдық және большевизмнің ауыр қанауын бастан өткерген халқына тағдырдың тартуы. Белгілі болғандай, этникалық дамудың табиғи ағыны отарлық кезеңде тоқтатылды. Қазақтардың саяси құрылымы жойылды, аумақтық тұтастығы бұзылып, ұлтын қалыптастыру мен мәдениетін дамыту қиындады. Жалпы экономиканы құру мүмкін болмады, оның инфрақұрылымы метрополияның мүдделерін көздей отырып қалыптасты. Отаршылдықтағы мемлекет этностың қоғамдық дамуын тоқтатты, дәстүрлі әлеуметтік институттар құлдырады.

Зиялылардың шағын үйірмелерін басқарған, XIX ғасырдың соңындағы XX ғасырдың басындағы отаршылдыққа қарсы қозғалыс ұлттық дамудың ең үлкен ынталандырушысы болды, ол қазақ этносының барлық әлеуметтік топтарын қамтыды. Ұлттық жаңғырудың қажеттілігі мәдениеттің қайта дамуымен діни сенім бостандығымен байланысты. Қоғамдық қызметке қысым жасау мен отарлық шенеуніктердің озбырлығына қарсы күрес қатайтылды.

Осы қозғалыстың өсіндісі жаңа әлеуметтік қарым-қатынастармен, саяси және мәдени өмірдің орталықтары ретінде қалалардың өсуімен, ұлттық интеллигенция санының өсуімен және сана-сезімнің қалыптасуына байланысты. Қазақ халқының рухтық жағдайда ұлттық оянуын Қазақстанды былық күйге сендірген Октябрь революциясымен үзіліп қалды.

Содан кейін қазақ этносын қорқынышты трагедияға әкеп соқтырған террор мен геноцид онжылдықтары басталды. Сонымен қатар, Қазақстан үлкен концентрациялық лагерьге айналдырылды, мұнда империяның түкпір-түкпірінен әлеуметтік қалаусыз адамдар, жазықты болған халықтар жіберілді.

Қазақстан аумағы Кеңес өкіметі жылдарында ядролық полигонға айналды, жантүршігерлік жүйемен бос жер қалған жоқ. Қазақстанның XX ғасырдағы тарихының негізгі кезеңдерінің КСРО тоталитарлық империясына енген мұндай басқа да халықтардан айырмашылығы жоқ (одақ ұғымы — дербестіктің белгілерімен тіпті аз болса да нығайтылмаған таза бақылау): 1916 жылғы көтеріліс, Ақпан, одан кейін Қазан төңкерісі, ұжымдастыру мен индустрияландыру, Ұлы Отан соғысы, тың игеру, «волюнтаризм» онжылдығы,

брежневтік «тоқырау», қайта құру, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы, одан кейін тәуелсіздікке қол жеткізу.

Н.Ә. Назарбаев жазғандай: «Биылғы жылы 1917 жылы қазанда, Еуразияның үлкен бөлігінде болған радикалды өзгерістердің басталғанына 100 жыл толады. Бүкіл XX ғасыр революциялық сілкіністер белгісімен өтті. Әрбір халық тарихтан өз сабақтарын алады. Бұл оның құқығы және оның өз көзқарасын басқа деуге болмайды. Сондай-ақ, ешкім бізге өзінің тарихты субъективті елестетуін міндеттеуге құқы жоқ». Қазіргі уақытта Қазақстанда тепе-тең жағдайда 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар тұрып жатыр, сондықтан республикамызда көрші мемлекеттерде және ТМД-ның бірқатар елдерінде орын алып жатқан ұлтаралық қақтығыстар мен шиеленістер жоқ. Қазақстанда өз салты мен дәстүрін жандандырып қана қоймай, республикада бейбітшілік пен өзара ықпалдастық, ұлтаралық бірлік пен келісімді нығайту ісіне сүбелі үлесін қосатын, ұлттық мәдени орталықтар 90-шы жылдардың басында құрылды және үйлесімді жұмыс істеуде. Мұның жарқын үлгісі Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев басқаратын халықтардың Ұлттық Ассамблеясы болып табылады. Оны құру идеясын алғаш рет Қазақстан халықтарының Форумында 1992 жылдың желтоқсан айында Н.Ә. Назарбаев жариялады. 1995 жылғы наурызда құрылған Ассамблея 33 ұлттың өкілі 320 адамды қамтиды. Ассамблея мемлекет басшысы жанынан консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған. Республикалық және жергілікті ұлттық-мәдени орталықтар «Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясы туралы» Жарлығында жария еткен ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық әлемі идеяларын басшылыққа алады.

Қазақстандықтардың тарихы ортақ, оларда ауырпалықпен өткен және игілікті жады бар беттер аз емес. Мұнда Наурыз мейрамы, Рождество және Хануку бірге атап өтеді және түсінеді, ең бастысы – бұл, алтын байлығымыз — мемлекет халқының бірлігін сақтау және нығайту. Және бұл үшін барлық жағдай жасалуда. Мысалы, еліміздің Президентінің соңғы идеяларының бірі – Астанада ұлттар Сарайының және мәдениет пен дін Сарайының салынуы — «біздің еліміздің халықтары бірлігінің өзіндік символы». Бірегей ғимараттар мешіт, шіркеу, бүкіләлемдік және буддистік храм, сондай-ақ әрбір ұлттық-мәдениетті орналастыруға арналған орталығы ғимараттын қамтиды. Екінші бастама – Ассамблеядан Парламент Мәжілісіне депутаттарын сайлау, сондай-ақ қазақстандықтар өз Отанының шексіз кеңістігінде әрі қарай да бірыңғай отбасында өмір сүруге қызмет ететініне тағы бір кепілі екендігін білдіреді.

Бүгінгі күні республикада 350-ден астам республикалық және жергілікті ұлттық-мәдени орталықтар жұмыс істейді: «Қазақ тілі» республикалық қоғамы, Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы, Орыс қауымы, Орыс одағы, «Согласие» орыс ұлттық-мәдени орталығы, «Истоки» славян мәдени-ағарту қоғамы, Республикалық татар мәдени орталығы, Қазақстан немістерінің Кеңесі, «Вайнах» шешен және ингуш халықтарының мәдениетін дамыту Қауымдастығы, румындық және молдаван Қауымдастығы және т. б. Алматыда 1994 жылы 25 тамызда Неміс үйі ашылды. «Простор», «Нива», «Мысль»,

«Жұлдыз», «Ақиқат», «Тамыр», «Евразия», «Нұрбах», журналдары, «Дидар», «Литературная Азия» альманахы, «Книголюб» кітапқа шолу, татар және орыс тілдерінде «Фикер» республикалық бюллетені, «Феникс» альманах, «Дойче альгемайне цайтунг», «Уйгур авазы», «Коре ильбо» газеттері және басқалар шығарылады.

Жалпыұлттық ауқымда құндылық бағыттарды анықтайтын басты құбылыстар мәдениет, тарихи жады және руханилық болады. Олар ұлттық және мемлекеттік құндылықтарды қалыптастырып, қоғамның одан әрі бірігуін анықтайды және бағыттайды. «Жібек жолының тарихи орталықтарын жаңғырту» бағдарламаны іске асыру барысында түрік тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын дамытуды сақтау және сабатастыққа, туризм инфрақұрылымын құруға, Жібек жолының қазақстандық учаскесіндегі тарихи қалалар мен басқа да елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалы бағыттарын есептеу және талдауға баса назар аударылады.

Елорданы Астанаға 1998 жылы көшіру мемлекетті тереңірек басқару үшін және өңірлік дамудағы ауытқуларды деңгейлестіруде елдің географиялық жүрегінде алғышарттар құруға мүмкіндік берген ірі саяси-экономикалық қадам болды. Орталық Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан аймағы астананы көшірумен екінші рет дүниеге келгендей шақты бастан кешіруде: облыс орталықтары өзгерді, оларда қарқынды құрылыс жүруде, мыңдаған жаңа жұмыс орындары ашылады, аралас өндірістер дамуда. Осылайша, Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алып, сапалы түрде қайта өмірге келе отырып, сыртқы әлемнен бөлектеген жоқ, керісінше жалпы әлемдік әлеуметтік-мәдени процесске белсене кіріге бастады.

Әрине, тарихта тек қара және ақ түс болмайды. XX ғасыр Қазақстанға жағымды істерді аз әкелген жоқ. Біз өз Тәуелсіздігімізге ие болдық. Қазақстанның өркендеуінің символы Астана болды. Бізге біздің қоғамда бірлік, бейбітшілік пен келісім сақтауға мүмкіндік туып отыр. XXI - ғасырдың басындағы біздің жетістіктеріміз – ол, индустрияландыру, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды құру, жаңа зиялы қауым қалыптастыру. Біз әлемдегі 50 дамыған елдер қатарына кірдік, ал біздің экономикалық, саяси және әлеуметтік бағдарламаларымыз Қазақстанның әлемдегі ең табысты 30 елдердің қатарына жету мақсатында одан әрі ілгерілеуге бағытталған.

Ұлттың өркендеуі эволюциялық дамуына мүмкіндік береді. Бұл мәңгілік консервациялау дегенді білдірмейді, тарих сабақтарын да, заманауи мысалдарды да, келешектің белгілерін де түсіну маңызды. Эволюциялық даму әрбір қазақстандық үшін бағдарлардың бірі болуы тиіс [56].

6. Сананың ашықтығы

Ашықтық туралы айтқанда олар көбінесе ұйымдық ашықтықты, яғни еркін сөйлеу құқығы мен ашықтықты ескереді. Себеп - басқаруға қатысу идеологиясын таратуда, адамдарды шешімдер қабылдау процесіне тарту.

Санадағы ашықтық тек қана жақсы ниетті ғана емес, белгілі бір дағдыларды да талап етеді. Ойлау және зерттеу біліктерін қажет етеді. Диалог

жүргізіп, қорғаныстық реакциялармен күресу керек. Тікелей бақылаудан алынған фактілерді жалпылаудан ажырата білу керек.

Сана ашықтығы көптеген дағдыларды меңгеруді қамтиды, бірақ бұл одан да көп зерттеу мен басқалар сияқты ұтымды дағдылардың жиынтығы. Ашықтық - бұл басқа адамдармен қарым-қатынас, сонымен қатар рухтың өзгеруімен байланысты әдістер мен дағдылар. Бұл жеке адамның ерекшелігі емес, өзара қарым-қатынастың сипатын білдіреді.

Қазіргі заманғы қазақстандық қоғам оны одан әрі дамыту үшін құндылықтарды және саяси-стратегиялық баламаларды таңдауды көздейді. Елдің үздік басшылары үнемі мемлекетті жаңғыртудың қажет екенін мәлімдейді. Осыған байланысты қоғамның саяси өміріндегі саяси сана рөлі артып келеді. Әлеуметтік өзгеріс кезеңінде саяси сана трансформация процесінің маңызды бөлігі болып табылады және оның өзгеруі әлеуметтік өмірдің барлық салаларында өзгерістерге әкеледі. Бұл проблема әсіресе, дағдарыс жағдайында маңызды екенін байқаймыз.

Қазақстан қоғамы өз өмірінің барлық салаларын қамтитын жаңғыру үрдістеріне барған сайын көбірек ұшырайды. Нәтижесінде қоғамның іргелі, өркениеттік іргетасы үлкен жүктемені сезінеді. Қоғамдағы жаңғырту жағдайында, олардың дамуындағы келесі тарихи дәстүрлермен бірге сырттан жаңғырту тәжірибесін қарастыруға қарсы өздерінің бағыттарын бекітеді.

Бұл жағдай болашақ дамудың стратегиялық векторы тәуелді болатын жастардың саяси сана-сезімін сақтау мәселесін және оны одан әрі реформалау бағытын дамыту мәселесін өзекті етеді. Бұл кезеңде қоғамымыз күрделі кезеңді бастан өткеруде, ол қоғамдық сипаттағы әлеуметтік өзгерістердің қайшылықты процестерімен ерекшеленеді, олар қоғамдық санада және ең алдымен жастардың саяси санасында көрініс табады.

Біздің елде болып жатқан саяси үдерістердің сипаты мен мазмұны жастардың болашақ азаматтық қоғамының белсенді құрамдас бөлігі ретінде болашақ әлеуметтік топ ретінде жастардың рөлі мен маңызын сапалы түрде өзгерткенін көрсетеді. Жастар қазақстандық қоғамды жаңғырту үдерісінің локомотиві болуға тиіс, оның алдында бүгінгі Қазақстан тұр. Осыған байланысты жастардың саяси санасын қалыптастыру үдерісіне саяси үдерістерді қабылдаудың негізі ретінде мақсатты мемлекеттік әсер ету маңызды.

Жастардың саяси сана-сезімін қалыптастыру процесі қазіргі қазақстандық қоғамды реформалау мен жаңғыртудың маңызды заңдылықтарының бірі болып табылады. Жастардың саяси санасын қалыптастыру негізінен оның объективті және субъективті алғышарттарына жетуіне, сондай-ақ демократиялық қоғамды дамыту мен жетілдіруге арналған ғылыми негізделген жоспарларды субъективті фактордың қызмет дәрежесіне байланысты жүзеге асыруда. Саяси сана - бұл бүкіл қоғамның рухани өмірінің негізі, әрбір адамның адамгершілік негізі. Саяси әлемді оның барлық алуан түрлілігімен, барлық күрделілігімен және қайшылықтарымен зерттеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ әлеуметтік-

саяси даму тенденцияларын дұрыс түсінуге, адамның қызметіне мақсаттылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Саяси сананы қалыптастыру қоғамның тарихи дамуының объективті үдерісі болып табылады. Бүгінде демократиялық, өркениетті және ашық қоғам құру жаңа саяси ойлауды дамыту үшін маңызды алғышарттар жасайды. Әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық және саяси мәселелерді шешудің қосымша шешімі жастардың саяси санасын қалыптастыру үдерісінің тиімділігі мен сапасын арттыруға үлкен ықпал етеді. Қоғамда салауатты моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру жастардың саяси санасын одан әрі дамытудың іргелі факторы болып табылады.

Біздің қоғамның дамуындағы әр кезеңде өмір жаңа және күрделі міндеттерді жасайды, оның шешімі негізінен халықтың, әсіресе жастардың әлеуметтік шығармашылығын жандандыруына, олардың жоғары санасына және сенімділігіне байланысты. Демократиялық қоғамның құрылысы объективті түрде жастардың санасы мен психологиясын жетілдіруге жағдай жасайды, өзгерістердің мәнін түсінуге өз қажеттіліктерін дамытады және сананың, психологияның және дүниетанымның түбегейлі өзгеруінің міндеттерін алға тартады. Мұндай жағдайларда жастардың саяси санасы теріс құбылыстармен күресу процесінде қалыптасады, бұл демократиялық қоғамның антиподы деп аталады. Саяси бағдарлардың қалыптасуы саяси сананың маңызды бөлігі болып табылатын саяси стереотиптердің тұрақтылығымен немесе әлсіздігімен тікелей байланысты. Стереотиптердің дағдарыстық жағдайы саяси бағдарларды жоғалтуға әкеледі. Сонымен бірге саяси сананың идеологиялық позициялардың жарамдылығына және олардың қоғам деңгейі мен мазмұнына сәйкестігіне деген талаптары артып келеді. Мұндай жағдайларда саяси қайраткерлер, бірінші кезекте саяси көшбасшылар мен саяси элита, әлеуметтік қажеттіліктерге, қоғамның зияткерлік және саяси дамуына сенімді және тек саяси балама ғана жастардың саяси сана-сезімін дамытуға үлес қосуы мүмкін екенін ескеруі керек.

Біздің еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер жастардың саяси санасын қалыптастыруға түбегейлі әсер етеді.

Жастардың саяси санасын қалыптастыру үшін барлық мүмкін ресурстарды пайдалану керек. Кешенді талдау заманауи жастардың саяси сана мазмұнын оны одан әрі қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындай алады, оның құнды құрылымын нығайтады:

біріншіден, қазақстандық жастардың саяси санасын қалыптастыру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін рухани-идеологиялық институттардың (бұқаралық ақпарат құралдары, мәдени және білім беру мекемелері, сондай-ақ қоғамдық-саяси ұйымдар) практикалық қызметін күшейту қажет;

екіншіден, жастардың саяси санасын қалыптастыру процесі жағымсыз құбылыстарға қарсы күресте жүреді. Сондықтан теориялық және тәжірибелік конференцияларда, форумдарда, жастар деңгейіндегі кездесулерде және басқа да қоғамдық ұйымдардағы баяндамаларда мұғалімдер осы (бюрократиялық,

догматизм, реакционизм, экстремизм, паракорлық, сыбайлас жемқорлық және басқа да антиподыларда жалпы адамазаттық моралдар) бұл жағымсыз құбылыстардың сәйкессіздігі мен зияндылығын көрсету үшін талдауларды нақты қарастыру керек;

үшіншіден, жастардың саяси санасын қалыптастыру үдерісі барлық факторлардың өзара іс-қимылын, ең алдымен, тәрбие, білім беру және еңбекпен өзара байланысты қамтитын тұтас үдеріс болып табылады. Оларды отбасында, оқу орындарында және еңбек ұжымдарында жүзеге асыруға бағыттау керек.

Мұнда, біздің ойымызша, жастардың саяси санасын қалыптастыру процесінде жастардың әр адамның мақсаттары мен міндеттерінің жалпы қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне қатынасына баса назарын аудару қажет;

төртіншіден, жастардың саяси санасын қалыптастыруға кешенді көзқарас енгізу кезінде келесі ұсыныстарға назар аударған дұрыс:

- саяси, теориялық және саяси-практикалық мәселелерді зерттеуде жастардың қажеттіліктерін ескеру;

- жастардың мәдени-ағартушылық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүйені әртараптандыру және мақсатты түрде ұйымдастыру;

- білім беру ұйымдарында білім беру нысандары мен құралдарын үнемі жетілдіру;

- патриотизм, интернационализм, халықтар достығы мен болашаққа деген сенім рухында жастарды тәрбиелеу жолдарын, құралдарын және нысандарын жетілдіру.

бесіншіден, жастардың саяси санасын қалыптастыру үдерісінің тиімділігін арттыру үшін идеологиялық жұмыстың теориясы мен практикасындағы тоқырауды еңсеру, бірінші кезекте бүкіл қоғамның рухани өмірге қатысын қайта қарау, саяси шындықтың құбылыстарын түсіндіруде догматикалық тәсілден бас тарту және барлық прогрессивті күшті әрбір адамның саяси санасын қалыптастыруға бағыттау қажет;

алтыншыдан, догматизм көріністеріне, мешандық мораль, әлеуметтік тәуелділік және ресми теріс қылықтарға төзімсіз қарым-қатынасты, рухани және адамгершілік даму саласындағы гуманистік дәстүрлер мен критерийлерді жандандыру, саяси ойлаудың негізгі принциптерін шығармашылық пайдалану және дамыту.

Осы көрсетілген ұсынымдар мен ұсыныстар, әрине, жастардың саяси сана-сезімін тиімді қалыптастыру үшін барлық мүмкіндіктерді жоққа шығармайды.

Бұл олардың біліміне, кәсіптік даярлығына, моральдық құндылық бағдарларына және т.б. байланысты өмірдің, еңбегі мен тіршілігінің жалпы әлеуметтік және нақты жағдайларының әсерінен қалыптасады, тікелей бекімейді. Саяси сананың барлық компоненттері өздігінен емес, болжанатын заңды және табиғи процесс ретінде қалыптасуы маңызды. Мұның бәрі қазақстандық қоғамды жаңғырту жағдайында жастардың саяси санасын қалыптастыру мәселелерін әрі қарай шешуге тиімді мүмкіндіктер береді.

Көптеген проблемалар ғаламдық әлемнің тез өзгеруі, ал жаппай сананың «үй шеңберінде» қалуынан туындайды

«Ашық сана» деген не? Сананың ашықтығы:

- бұл үлкен әлемде не болып жатқанын, сіздің еліңізде не болып жатқанын, ғаламшардың өзінде болып жатқан нәрсені түсіну;

- бұл өзгеруге дайындық, жаңа, ерекше, стандартты емес нәрсені қабылдау мүмкіндігі;

- бұл қызығушылық пен оқуға деген ұмтылыс;

- бұл яғни кәсіби тәжірибе мен білімнен жоғары болу;

- бұл дәстүрлі «дұрыс» деп саналатын әдеттегі стереотиптер мен санаттардан арылу мүмкіндігі;

- бұл басқалардан үйрену, жақсы тәжірибе қабылдау.

Әрине, байланыс соқыр кейіпке түспеуі, мағыналы болуы, жалған сенімге құрылмауы керек.

Сананың ашықтығы әрдайым руханилықпен түйіскен - адамгершілік дамудың ең жоғары сатысы. Руханият зияткерлік, этикалық, эстетикалық құндылықтармен анықталады, олар нақты мақсаттарға айналады. Бұл жерде тоқырау болмауы керек.

Осылайша сіз өзіңіздің туған жеріңізге деген сүйіспеншіліктің жоғары сезімін біле аласыз. Осы қағидаттарды сақтау арқылы біз аясы кеңіп «Туған елге» айналатын «Туған жер» бағдарламасын қабылдай аламыз [56].

3.2. «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында балалар мен жастар ұйымдарының қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету

Мәдени құндылықтар мен рухани нұсқаулармен бірігу, патриотизмді ұлттық идеяны қалыптастырады. Осыған байланысты патриотизм мемлекеттің ұлттық стратегиясының бір бөлігі ретінде қарастырылады, оның бір негізі кіші Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілікпен бірге қаланады.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының мақсаты өскелең ұрпақтың бойына патриотизм сезімін қалыптастыру, білім мен өздігінен жетілдіруге талпыну; жұмысқа деген жауапкершілік; ел тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына ат салысу.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында оқушыларды тәрбиелеудің басым бағыттары мыналар:

- жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие
- рухани-адамгершілік тәрбие
- ұлттық тәрбие
- зияткерлік тәрбие
- еңбек тәрбиесі және кәсіби өзін-өзі анықтау
- экологиялық тәрбие
- көпмәдениетті тәрбие
- көркем-эстетикалық тәрбие
- көшбасшылық қасиеттерді дамыту

Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының қызметін жоспарлау кезінде «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылатын

«Туған жер» бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі бағыттарына назар аудару ұсынылады.

«Туған жер» бағдарламасының басты мақсаты - өз ауылы, қаласы, жеріне, оның тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген махаббат, мақтаныш пен адалдық, адамгершілік борыш, Отан алдындағы борыш, қазақстандықтардың сезімін шынайы патриотизм ретінде қалыптастыру.

«Туған жер» бағдарламасы төрт мақсатты бағдарламадан тұрады, олардың әрқайсысы осы мақсатқа жетуге бағытталған:

- 1) «Тәрбие және білім» – жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу;
- 2) «Атамекен» - қазақстандықтардың азаматтық белсенділік пен жауапкершілік сезімін нығайту, кіші отан тағдырына араласу;
- 3) «Рухани Қазына»– сыйластық дәстүрлеріне, жер мен ел тарихына қызығушылықты жаңғырту;
- 4) «Ақпарат толқыны» – Бағдарламаны іске асыру барысы туралы халықты ақпараттандыру, азаматтардың қоғамдық мониторингі жүзеге асырылатын жобаларға қатысу үшін ақпараттық инфрақұрылымын құру.

«Тәрбие және білім» кіші бағдарламаның мәні саяси, әлеуметтік және экономикалық салалардың дамуы қоғамдық сананы жаңғыртумен қатар жүреді. Қоғамдық сананы қайта құру үшін, жаһандық сын-қатерлері жоқ және салт-дәстүрлерді сақтайтын жобаларды іске асыру мүмкіндігін қарау керек. Басты шарттарының бірі – мәдениет және меншікті ұлттық мәдени-генетикалық кодының сақталуы. Туған жер, оның мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі арқылы ерекше қарым-қатынастар, халықтың Ұлттық коды қалыптасады. Патриотизм өз жеріне, кіші Отанына деген махаббаттан басталады. Кіші отанымызға деген махаббаттан үлкен отанымыз – туған елімізге деген махаббат басталады.

Ішкі бағдарламаның мақсаты – бәсекеге қабілетті, прагматикалық, мықты, жауапты, шығармашыл Тұлғаны - Біртұтас ұлттың жетістік іргетасы болып білімге деген табынушылықты және білім беру ұйымдарын, отбасы және басқа да институттардың тәрбие мен оқытудың күшін жұмылдыру арқылы Ұлттық жүйені дамыту болып табылады.

Ішкі бағдарламаның түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу үшін келесі базалық жобалар жүзеге асырылады:

- 1) «Өлкетану»;
- 2) «Отаным – тағдырым»;
- 3) «Саналы Азамат».

1. «Өлкетану» базалық жобасы.

Өлкетанулық білім беру білім алушылардың рухани - құндылық және практикалық бағдарының қалыптасуына мүмкіндік береді және оқу пәндері, сондай-ақ, әр түрлі сабақтан тыс факультативтік сабақтар, үйірмелік жұмыс арқылы іске асады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша міндеттер жүйесіндегі өлкетану жұмысы мектептерде келесі бағыттар бойынша іске асуы мүмкін:

- Тарихи өлкетану (әскери-тарихи, тарихи-мәдени, тарихи-мұрағаттық, археологиялық және т.б.);
- Жаратылыстану ғылыми өлкетану (географиялық, экологиялық, биологиялық, геологиялық және т.б.);
- Этномәдени және әлеуметтік-демографиялық өлкетану (фольклорлық, көркемдік, әдебиеттік және т.б.);
- Туристтік-өлкетанулық қызмет (туристік жорықтар уақытындағы өлкетанулық зерттеулер);
- Спорттық туризм (өлкетанулық бақылау жүргізуге және жорық жасалатын аймақты жан-жақты зерделеуге сәйкес спорттық туристік жорықтар жасау);
- Сауықтыру туризмі (өлкетанулық бақылау, зерттеу және жорық жасалатын аймақтың жеке ерекшелігін зерделеумен байланысты туған жерге санатсыз жорықтар жасау);
- Мұражайлық өлкетану (туған жерді мектептік өлкетанулық мұражай базасында зерделеу);
- Экскурсиялық өлкетану (туған жерді өз бетімен немесе жоспарлы экскурсияға қатысу уақытында зерделеу);
- Отбасылық өлкетану.

Сонымен, қойылған міндеттер және қызмет бағыттардың әртүрлілігі педагогтерді оқушыларда сабақта және сабақтан тыс уақытта өзінің «кіші отанына» құндылық қатынасын қалыптастыратын, «жақыннан-алысқа», «белгіліден - белгісізге», «қарапайымнан - күрделіге» дидактикалық принциптерін іске асыратын олардың әртүрлі жоспарлы әрекетінің құралдарын, түрін, тәсілдерін таңдау бойынша ұйымдастыруға бағыттайды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру қазақстандық мәдениет құндылықтарын көбейтуге, оның өзіндік ерекшеліктерін сақтауға, өз халқының мәдениетін білу және тереңдету арқылы балалық шағынан әр баланың өзін-өзі жетілдіруін қалыптастыруға, оның рухани әлеуеті үшін мақтанышына ықпал етеді. Тек өзінің кіші Отанының, өз өлкесінің патриоты бола отырып қана Қазақстанның азаматы бола алады, ұлттық мәдениетін және оның аумағында тұратын халықтардың мәдениетін меңгере алады, әлемдік өркениеттің үздік құндылықтарын түсінеді.

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Қазақстан Республикасындағы жаңа экономикалық қарым-қатынастарға байланысты жаңа құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық пен жаңа іс-әрекеттерді меңгеруде аймақтық өлкетанулық компоненттің білімдік және тәрбиелік рөлін арттыруға бағытталған әр аймақтың білім беру ұйымдарындағы оқушылардың өлкетанулық қызметін әдістемелік қамтамасыз етудегі ерекше тәсілге бағыт береді.

– Нормативтік талаптарға сай тәрбиенің бұл бағыттары мектепте жүргізілген өлкетанулық жұмыстардың тәрбиелік мазмұнын құрайды.

2. «Отаным – тағдырым» базалық жобасы.

«Отаным – тағдырым» базалық жобасы жастардың бойында азаматтықты, патриоттықты, рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыру, кәсіби маңызды қасиеттерін және біліктерін қоғамның түрлі салаларында белсенді көрсетуге мүмкіндік береді.

3. «Саналы Азамат» базалық жобасы.

"Саналы Азамат" базалық жобасы даму перспективаларын және еңбек нарығы мүмкіндіктері, қабілеттері мен талаптарын ескере отырып, оқушыларды бағдарлы қолдау, қызмет аясын таңдау еркіндігі, өзін-өзі кәсіби анықтауға бағытталған.

Аталаған жағдайдағы балалардың және жасөспірімдер ұйымдарының басым міндеттері:

- Қазақстан халқының тарихын, мәдениетін, тілін білу негізінде жас ұрпақтың рухани-адамгершілік әлеуетін қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен санасын арттыру; танымдық белсенділікті ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін оңтайлы жағдайлар жасау;
- жауапкершілікті және еңбекқорлықты қалыптастыруға, көшбасшылық әлеуетті және ұйымдастырушылық дағдыларды ашуға бағытталған баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Аталған ұйымдардың жетекші принциптері:

- жалпыға ортақ құндылықтар мен азаматтық сана-сезімнің басымдығы;
- еріктілік пен қолжетімділік;
- ұрпақтар сабақтастығы, дәстүрлердің сақталуы;
- ұйымның негізгі мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру барысындағы ересектер мен балалардың бірлігі;
- патриотизм, төзімділік және іс-әрекеттің рухани-адамгершілік бағыттылығы.

Балалар мен жасөспірімдер ұйымы қуатты тәрбиелеу мүмкіндігіне ие бола отырып, өз қызметтерін «Рухани Жаңғыру» құндылықтарын дамытуға бағыттауы қажет:

- тәрбиелік қызмет - өмір салтын, өзін-өзі ұстау ережелерін тарату, құндылықтарды, әлемге, адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасты насихаттау және т.б.

- танымдық қызмет – білімдік құндылықтар (әлем туралы (бай түсінік) баға жетпес білім) және бірнеше ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесінде тасымалдауы;

- коммуникативтік қызмет – қарым-қатынастың әлеуметтік нормалары, сөйлеу мәдениетінің құндылық нормалары және оларды оңтайлы коммуникативтік үдеріс арқылы тасымалдау (тиімді ақпарат алмасу, коммуникативтік мінез-құлық);

- әлеуметтік қызмет - балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының кең әлеуметтік байланыстарға қосылуына және әлеуметтік ортадағы өз орнын

анықтауына мүмкіндік беретін жалпы адамзаттық құндылықтар, ұлттық жүйе мен құндылықтар;

- ақпараттық - білім беру, рухани және мәдени қажеттіліктерді, сонымен қатар, ақпараттық мінез-құлық пен тұлғалық құндылықтық қызығушылықтарды үлгілеуді қамтамасыз ететін, жинақталған, өңделген және анықталған ақпараттың құндылықтары (өзекті, объективті, толық);

- шығармашылық - баланың жеке шығармашылық әлеуеті, оның табиғи дарыны, шығармашылық жасампаздық еңбек құндылығы.

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасының бағыттары тұлғаның тәрбиеленуіне және әлеуметтенуіне арналған кеңістіктің мағыналық негізін құрайды. Бұл кеңістікте жекелеген пәндер арасындағы, мектеп пен отбасы арасындағы, мектеп пен қоғам, мектеп пен шынайы өмір арасындағы кедергілер жойылады. Сонымен қатар, «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы балалар мен жасөспірімдікті біріктіруге бағытталған. *«Рухани Жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарын енгізудегі басты рөл ұйымдастырушыларға және қоғамдық ұйымдардың басшыларына беріледі. Аталған тұлғалар жаңғыруды жүзеге асыруға бағытталған:*

- іс-әрекет мазмұны - балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі жүзеге асыру нысандары;

- балалар мен жасөспірімдердің қабілеттері мен қажеттіліктерін шығармашылық дамытудың әдістері;

- Оқушылар мен мұғалімдер, бірлестіктегі оқушылар, мұғалім мен ата-аналар, балалар мен әлеуметтік орта арасындағы тұлғааралық өзара қарым-қатынас пен іс-әрекеттің жаңа жүйесін құру. Педагогикалық өзара әрекеттестік баланың деңгейді, қарқын мен көлем, таным мен даму нәтижесін ерікті түрде таңдау құқығын сөзсіз мойындауға негізделуі керек.

Барлық ұстанымдар «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының адамгершілік бағдарларын меңгеруге, дамытуға және бекітуге мүмкіндік беретін, бағдарламаларда, жұмыс жоспарларында, Ережелерде, балалар ұжымдарының Жарғысында көрініс табуы қажет.

Сонымен қатар, ұстаздарға адамгершілік құндылықтар мен нормаларды оқушыларға ресми өтініш деңгейінде беру мүмкін еместігін түсіну маңызды. Кез келген адамгершілік норманы жеткілікті меңгермеу, адамның барлық тұлғалық саласының өзгерісіне әкелуі мүмкін. Тұлға – жеке еңбекпен ізденістің нәтижесі. Сондықтан, балалар мен жасөспірімдер ұйымдары жағдайындағы ұстаздарға балалардың өз ісін, рөлін, орнын, мақсатын, қызығушылығын, қоршаған ортасын, мәртебесін, келешегін табуына көмектесу міндеті қойылады. Тек белсенді тәжірибелік іс-әрекет барысында жеке тәжірибе қалыптасады және рухани құндылықтар беріледі.

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының қызметі үшін негіз болуы және бірлестік мүшелері дамуының келесі бағыттары бойынша жүзеге асырылуы тиіс: патриоттық, интеллектуалдық, шығармашылық, қоғамдық қызмет, ақпараттық-құқықтық.

Қоғамдық қызмет - бұл балаларда жеке тұлғаның сапалық қасиеттер, наным-сенімдер жүйесін қалыптастыруға бағытталған мақсатты іс-әрекет. Аталған бағыттың міндеті - қоғамдық бірлестік қатысушыларының түрлі әлеуметтік белсенділіктерін балалар мен жасөспірімдер ортасында демонстрациялауға жағдай жасау.

Балалардағы әлеуметтік бастамаларды дамыту принциптеріне қойылатын талаптар:

- Міндеттілік. Іс-әрекет принциптері - балаларды нақтылыққа және тапсырмаларды уақтылы орындауға тәрбиелеу;

- Кешенділік. Принциптер бір мезгілде және белгілі бір реттілікпен қолдануды білдіретін кешенділік талаптарын қамтиды. Түрлі деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша оқыту жүргізіледі.

- Бір мәнділік. Балаларды жақынына көмек беруге және еңбекті сүйеге тәрбиелеу принципі.

Түрлі іс-әрекеттердің қоғамдық маңызы бар мақсаттары оқушылармен қабылдануы және оларды өз мақсаттарына айналдыруы үшін келесілер қажет:

- барлық оқушылардың іс-әрекеттің қоғамдық маңызды және пәндік мақсаттарын қабылдауын қамтамасыз ету;

- әлеуметтік маңызды мақсаттар қойылып, жүзеге асырылатын белгілі бір іс-әрекетке қосылуға деген оқушылардың ынтасын ояту; өзі қосылған іс-әрекет барысында әрбір оқушының жетістігін қамтамасыз ету;

- оқушылар іс-әрекеттері нәтижелерінің қоғам тарапынан қабылдануын және бағалануын қамтамасыз ету; жаңа қоғамдық маңызды мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған «жақсы істер» ауқымын өз бетінше кеңейтуге деген қажеттіліктерін ояту.

Бағыттың жетекші нысандары - жобалық қызмет, еріктілер қызметі, әлеуметтік жобалау. «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының құндылық бағдары аталған бағытта терең меңгеріледі, себебі, мектеп оқушылары өздерінің әлеуметтік жобаларын, бастамаларын әзірлеу және енгізу мүмкіндігіне, табысты болашақтың және өзін-өзі жүзеге асырудың маңызды алғышарты болып табылатын қоғамдық қатысудың қайталанбас тәжірибесіне ие болады.

Қоғамдық қызметтегі балалар ұйымының өзектілігі нақты әлеуметтік-педагогикалық қызмет - әлеуметтік тәжірибе алу болып табылады. Әлеуметтік тәжірибе тұлғаның құндылықтары мен көзқарастарының жиынтығы ретінде адамның басқа да адамдармен, қоршаған әлеммен, өмірінің экономикалық, саяси және рухани салаларындағы өзара әрекеттесуінің нәтижесінде қалыптасады. Әлеуметтік сынақтар әлеуметтік тәжірибені қалыптастырудың негізі болып табылады. Балалар проблеманы шешуі керек жағдайлар: адамгершілік таңдау, іс-әрекетті ұйымдастыру жолдарын таңдау, әлеуметтік рөлді және т.б. Белгілі бір жағдай барысында бала үшін проблема туындаған кезеңде, өзін-өзі тәрбиелеу тәсілі ретінде әлеуметтік сынақ мүмкіндігі қалыптастырылады [57].

Әлеуметтік сынақтар адам өмірінің барлық салаларын және оның әлеуметтік байланыстарының басым бөлігін қамтиды. Аталған жағдайларға

қосу процесінде балаларда әлеуметтік ортаға әрі қарайғы енуіне негіз болатын анықталған әлеуметтік көзқарас пен әлеуметтік жауапкершілік қалыптасады.

Әлеуметтік тәжірибе әлеуметтік беріктендіру принципі арқылы жүзеге асырылады, яғни, балаларды шынайы және имитациялық жағдайларға қосу, ол келесілерді қажет етеді:

- әлеуметтің теріс әсерін еңсеру үшін ерікті күш;
- әлеуметтік иммунитет;
- рефлексиялық позицияның күйзеліске төзімділігі;
- қиын өмірлік жағдайлардағы мінез-құлықтың вариативті жобалануы.

Балалар ұйымдарының әлеуметтік маңызы бар іс-әрекеттеріне жағдай жасау, балалардың өзін-өзі басқаруын дамыту арқылы мүмкін болады. Балалардың өз іс-әрекеттерінің мазмұнын анықтау, аталған іс-әрекеттерді жоспарлау, шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру барысында, мүмкіндіктерін ашуға, әлеуметтерін дамытуға жағдай жасалынады. Өзін-өзі басқару балалардың түрлі әлеуметтік пайдалы және шығармашылық іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы өзін-өзі жүзеге асырудағы қажеттіліктерін біріктіреді.

Балалар ұйымындағы өзін-өзі басқаруды дамыту, көп жағдайда балалардың қоғамдық маңызды қызметін ұйымдастыру тәсілдерімен байланысты [57]. Балалар ұйымдары мүшелерінің өмірлік іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдері мен олардың қол жеткізген нәтижелерге қанағаттануы арасында тікелей байланыс пен тәуелділік бар. Осы ретте, өзін-өзі жүзеге асыру нәтижелерінің жүзеге асырылу процесіндегі тәсілдерге тәуелділігі туралы айту заңдылық болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, балалардың түрлі іс-әрекеттері жақсы ұйымдастырылған жағдайда, іс-әрекет тиімділігі жоғарылап, өздерін жүзеге асыру мүмкіндіктері арта түседі.

Ақпараттық-құқықтық даму - қоғамдық бірлестіктің өмірлік белсенділігін қамтамасыз етудегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Аталған бағытта оқушыларға журналистика негіздері, журналистика теориясы, жанрлық теория, редакциялау негіздері, балалар ұйымының веб-сайттарымен жұмыс істеуді үйретуге баса назар аудару қажет.

Ақпараттық іс-әрекеттер жастардың өзекті іс-шараларға (өз құзыреттіліктерін анықтай алатын түрлі деңгейдегі конкурстарға, фестивальдерге) қатысуына, өзгерістерді таратушы ретіндегі рөлдері туралы ақпараттану деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ХХІ ғасыр адамы үшін қоршаған әлемді түсінуге мүмкіндік беретін біліктіліктердің әр алуандылығы болып табылады. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, ересектердің өз көзқарастарын өзгертіп, балаларға ортақ мәселелерді шешуде серіктес ретінде қараулары үшін көп нәрсе жасалынуы қажет.

Бүгінгі күні білім алған балалар болашақта әлемді қалыптастырады деген болжамға сүйене отырып, жасөспірімдік шақта ақпараттану деңгейін арттыру, болашақта мемлекеттік проблемаларды шешудің тиімді жолы болып табылатынын айтуға толық негіз бар.

Бірақ, балалар мен жасөспірімдердің ақпараттану деңгейін арттыру жеткіліксіз. Олардың қоғам өміріндегі өзгерістерді тиімді таратушы болулары үшін алған білімдерін балалар бірлестіктерінде іс-әрекеттер мен ақпараттық-насихаттауға айналдыру жолдарын қамтамасыз ету, жергілікті, ұлттық және жаһандық даму процестерінің шеңберінде өз пікірін білдіруге, балалардың өз әлемін қалыптастыру бойынша әлеуетін жүзеге асыру жолдарын ашуға мүмкіндік беру.

Адамзат жинақтаған ақпараттық ресурстарды тиімді пайдаланудың кең перспективасын аша алатын тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру маңызды болып табылады.

Ақпараттық мәдениет - білім беру, ғылыми-танымдық және өзге де іс-әрекет түрлері барысында туындайтын білім алушылардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, жекелеген ақпараттық қызметті оңтайлы жүзеге асыруды қамтамасыз ететін білім, білік және дағдылардың жүйеленген жиынтығы.

Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың біртұтас тұжырымдамасының болмауы, сондай-ақ, ақпараттық қоғамда жас ұрпақты өмірге дайындау міндетінің ғаламдық сипаты бұл проблемаға жалпы мемлекеттік маңыз береді. Аталған проблеманы шешу барысында балалар мен жасөспірімдер ұйымдары ерекше орын алуы қажет.

Балалардың ақпараттық дамуы бірнеше кезеңде жүреді.

Білім алушылар танымының белсенді қалыптасуы бастауыш мектепте басталып, білім алушының барлық өскелең кезеңдерінде жалғасады.

Бастауыш мектеп жасында білімді сіңіру және жинақтау процесі жүреді, бұл білімдерді белгілеріне сәйкес меңгеру кезеңі: білімдер неғұрлым қызықты, ерекше, бейнелі болған сайын, білім алушылардың білімдерді игеруге деген қызығушылығы соғұрлым арта түседі.

Оқытудың орта кезеңінде ақпарат алу, оны үнемі пайдалану әдеті қалыптасып, ақпаратқа ие болу қажеттілігі туындайды. Оқытудың орта кезеңінде білім алушылар үшін ақпараттық өрісті барынша арттыруға, ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға жағдай жасау қажет [58].

Өскелең ұрпақта тұлғаның азаматтық сапаларын қалыптастырмай құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. Сондықтан, *оқушылардағы құқықтық сананы тәрбиелеу, балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.*

Құқықтық, адамгершілік нормалар мен мінез-құлық ережелерінің үйлесімі жағдайында ғана халық заңға бағынушы, тәртіпті және атқарушы болып табылады.

Ұйымның маңызды міндеттері:

- білім алушыларды мемлекеттің құқықтық актілерімен таныстыру;
- «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарымен таныстыру;
- Ел заңдарына құрметпен қарауға үйрету және оларды жүзеге асыру қажеттілігіне сендіру;

- заңға бағынушы мінез-құлық дағдыларын дарыту, белгіленген тәртіппен өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау қабілеттерін дамыту;

- Бала құқықтарына қатысты негізгі нормаларды игеру, белгілі бір жағдайларда алынған білімді қолдану қабілетін қалыптастыру.

Құқықтық тәрбиелеу мен азаматтық борыштарды орындаудың мазмұны мемлекетке, еңбекке, отбасына, қоғамға деген құқықтық қатынасты қамтиды. Мектептің әрбір түлегі ата-аналардың балалармен, балалардың ата-аналарымен қарым-қатынастарын реттейтін қоғамдағы мінез-құлық нормалары мен ережелерін, өз құқықтары мен міндеттерін, еңбек туралы негізгі ережелерді игерулері қажет.

Құқықтық тәрбиелеу бойынша жұмысқа деген қажеттілік Қазақстан азаматтарының құқықтары мен міндеттерін нашар білетіндігімен байланысты. Жасөспірімдердің азаматтығы – балалар қоғамдық бірлестіктерінің қатысушыларының құрылымдық компоненттерімен топтарға біріктірілген азаматтық қасиеттерді анықтайды: азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, адамгершілік-еріктік және іскерлік, құқықтық және когнитивтік-құндылықтық қасиеттер [59]. Азаматтықты қалыптастыру мониторингі критерийлер бойынша анықталады:

- қоғам мен мемлекет туралы білімді, азаматтық құқықтар мен міндеттерді, қоғамдық нормаларды, азаматтық пен патриотизмді, олардың толықтығы мен тереңдігін және т.с.с. білдіретін когнитивті критерий;

- әлеуметтік маңызды қызметке қызығушылығын және саналы себептерін білдіретін ынталандырушылық-құндылықтық критерий; азаматтық қасиеттерді қалыптастырушылық, азаматтық бағыттағы қызметтің (іс-әрекеттің) мақсатын түсіну және т.б.;

- меңгерілген білімді тәжірибе жүзінде қолдану біліктілігін, азаматтық мінез-құлық тәжірибесін, коммуникативтік дағдыларды, әлеуметтік белсенділіктің даму деңгейін, азаматтық бағыттағы бастамашылдықты және т.б. қамтитын когнитивті критерий;

- эмоционалдық критерий, оның көрсеткіштері - Отанға деген сүйіспеншілік, азаматтық проблемаларына қызығушылықтық қарым-қатынас, азаматтық бағыттағы іс-әрекеттің мақсатын түсіну, іс-әрекеттерді дұрыс бағалау.

Балалар қолдау білдіретін және өз ойлары ретінде қабылдайтын іс-әрекетті жүзеге асыру - бұл жоғары кәсіби шеберліктің көрсеткіші. Тек аталған жағдайда ғана жоспарды іске асыру барысында балалардың белсенділігі мен субъективтілігіне сенім артуға болады.

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасының шеңберінде, балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының қызметін жоспарлау, оның ішінде, мақсаттарды, міндеттерді анықтау және жоспарды құрастыру кезінде келесі компоненттерді қосу ұсынылады:

1. Патриоттық тәрбие, өлкетануды, тарих пен туған өлкенің әдет-ғұрыптарын зерттеу.

2. Жергілікті бюджет есебінен фестиваль-байқаулардың аймақтық (мектепішілік, аудандық/қалалық) кезеңдеріне қатысушылардың санын арттыру арқылы білім алушыларды музыкалық өнерге баулу.

3. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен фестиваль-байқаулардың аймақтық (мектепішілік, аудандық/қалалық) кезеңдеріне қатысушылардың санын арттыру арқылы білім алушыларды театр өнеріне баулу.

4. Жарыстың аймақтық кезеңдеріне қатысушылардың санын арттыру арқылы балалардың техникалық шығармашылығы мен өнертабысын дамыту.

5. Білім алушылардың би өнеріне қызығушылығын дамыту.

6. Білім алушыларды көркемдік және сәндік - қолданбалы шығармашылыққа баулу.

7. Білім алушылар арасында түрлі қолөнер кәсібін дәріптеу.

8. Білім алушылар арасында өлкетануды және туған өлке тарихын зерттеуді дәріптеу, білім алушылардың рухани - құндылықты және тәжірибелік бағдарлануы.

9. Балалар мен жасөспірімдер туризмін және өлкетануды дамыту.

10. Мектеп оқушыларын экологиялық білімге баулу.

11. Мектеп оқушыларын тарихи және өлкетанулық білімге баулу.

12. Рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтар ретіндегі білім алушылардың азаматтық, патриоттық сезімдерін дамыту, қоғам өмірінің маңызды салаларында белсенді көрініс табуы үшін кәсіби маңызды қасиеттерді және біліктіліктерді қалыптастыру

13. Балалардың бастамаларын дамыту.

14. Жастардың әскери борышын өтеуге қызығушылығын арттыру.

15. Әскери-қолданбалы спорт түрлерін дәріптеу.

16. Балалар мен жастардың музыкалық мәдениетінің деңгейін арттыру, өз білім беру ұйымдарының құрамында болуын және мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, республиканың білім беру ұйымдарының беделін арттыру.

17. Мемлекеттік тілді білу деңгейін арттыру.

18. Оқушыларды рухани және зияткерлік дамудың қажетті құралы ретінде оқуға ынталандыру; оқуды насихаттау.

Балалар орталығы жағдайында білім беру - тәрбиелеу ортасын құру маңызды мәселе балып табылады.

Балалар орталығының тиімділігін арттыруға педагогикалық және балалар ұжымы арасындағы ресми және бейресми қарым-қатынастардың эмоционалдық моральдық атмосферасын құру, педагогтардың білім беру сабақтарын, шығармашылық дамуы мен дарындылық мүмкіндіктерін ұйымдастыру, педагогикалық және балалар ұжымының шығармашылық әлеуетін көрсетуге жағдай жасау жолымен қол жеткізеді.

Сонымен, мысалы, «Балдаурен» РОСО-ның педагогикалық ұжымы өз қызметінде келесі бағыттар бойынша жұмыс жасайды: 1. Баланың рухани әлемін байытуға, қызығушылығы мен қабілетін дамытуға, денсаулығын нығайтуға, танымдық қызығушылығын қанағаттандаруға бағытталған педагогикалық бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру; 2. қоғамның

қазіргі заманғы шынайылығын ескере отырып, жасөспірімдерді әлеуметтендіру, балалар орталығында әлеуметтік өзара әрекеттесу үшін жағдай жасау; 3. баланың интеллектуалды, психофизиологиялық, эмоционалды-моральдық әлемін дамытуға бағытталған ең өнімді инновациялық педагогикалық технологияларды модельдеу және апробациялау; 4. педагогикалық жұмыстың нәтижелілігін арттыру мақсатында балалар орталығының қызметін жекешелендіру және саралаудың педагогикалық әдістерін іздестіру және меңгеру; 5. жасөспірімдерді табиғи климаттық жағдайларды пайдалана отырып, кең мағынада физикалық, моральдық оңалту және балалармен өзара әрекеттесудің оңтайлы әдістерін іске асыру; 6. педагогикалық кадрларды балалар орталығында жұмыс істеу үшін даярлау және қайта даярлау; 7. ғылыми, әдістемелік жалпылау, практикалық тұрғыдан түсіну және жеке педагогикалық тәжірибесі мен жетістіктерді тарату [64, 53-54б.].

Қорытынды

Балалар қозғалысы - бұл әлеуметтік жүйенің шынайылығы. Балалар қоғамдық бірлестіктерінің әлеуметтену субъектісі ретіндегі позитивті дамуы, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, қоғамдық құрылымдардың рөлі мен жағдайына, олардың мемлекетпен өзара әрекеттестігіне тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2011 жылдың 11 ақпанында «Нұр Отан» партиясының XIII съезінде сөйлеген сөзінде: «Болашақ қазақстандықтарды» өзін-өзі қамтамасыз ететін тұлға ретінде тәрбиелеу және ата-аналарға қамқорлық жасау, мемлекеттің жастар саясатының мақсаты болып табылатынын атап өткен болатын. Ол азаматтық позициясы қалыптасқан, әлеуметтік белсенді, жоғары білімді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген маман болуы керек. Жаңа буын өзгерістерден қорықпай, керісінше, серпінді жобаларды ұсынуы қажет.

Партияға жас қазақстандықтар арасындағы жұмысты дамыту керек. Ел жастарын біріктіру, «Жас Ұлан» бірыңғай қозғалысын құру қажет. Партияға, «Жас-Қыран» деп аталатын балалар ұйымдарының жаңа жүйесін әзірлеуді тапсырамын.

Мен Қазақстанның қазба байлықтарымен ғана емес, Отан мен бүкіл әлемнің игілігіне бағытталған өзінің ізгі рухымен, мәдениетімен танымал болғанын қалаймын.

Жас қазақстандықтар осы жоғары мақсат үшін өмір сүріп, оқып, жұмыс істеулері қажет!

Біз сіздердің армандарыңызбен жоспарларыңызды жүзеге асыруға және болашақтарыңызды құруға барлық жағдай жасадық » [65].

Халықаралық балалар қозғалысының даму тарихы мен жинақталған тәжірибе көрсеткендей, іс жүзінде кездесетін балалар бірлестіктерінің қызметін жете бағаламау тәрбиелеу дәстүрлерін жоғалтумен байланысты. Социокинетик ғалымдармен бірігуге ұмтылу балалықтың табиғи қажеттілігі екендігі дәлелденді. Сапалы педагогикалық басқару барысында ерікті бірлестік қызметінде құрдастарының тобында болу, ортақ іс-әрекеттерінің болуы, өзін-өзі анықтау және ұйымдастыру сынды маңызды балалық шақ қажеттіліктері жүзеге асырылады.

Педагогикалық ұйымдастырылған балалар қозғалысының басты құндылығы бала – тіршілік әрекетінің ортасы саналатын балалар қоғамдық бірлестігінің мүшесі - баланың субъективтілігін қалыптастыру кеңістігі болып табылады. Балалар қоғамдық бірлестігі - формалары, өзін-өзі ұйымдастыру тәсілдері, түрлері, қызмет бағыттарының көптүрлігімен баланы қоршаған нақты қоғамның тәрбиелік кеңістік субъектісі.

Балалар қоғамдық бірлестігі субъектісінің ерекшелігі ересектер мен балалардың ұстанымдарымен, олардың шынайы табиғи-әлеуметтік және жеке маңызды қызметіндегі ерекше қарым-қатынастарымен анықталады. Мектептер, қосымша білім беру мекемелері мен балалар қоғамдық ұйымдары, еріктілік, өзара байыту, серіктестік негізінде бірлестіктердің өзара әрекеттестігі- балаға

оң әсерін арттыратын, ерекше мүмкіндіктерді, әр субъектінің құндылықтарын біріктіретін тәрбиелік кеңістік құрудың маңызды шарты.

Мемлекеттік білім беру құрылымдары мен балалар қоғамдық бірлестіктерінің серіктестігі оңтайлы тәрбиелік субъект ретінде қазіргі заманғы жағдайда ерекше маңызы бар [66].

Балалар қоғамдық бірлестігінің, ұйымының, одағының, қауымдастығының және т.б. тұрақтылығы көп жағдайда ұлттық мәдени дәстүрлер, «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының адамгершілік бағдарларын қалыптастыруды өзектілендіру негізіндегі тәрбиелеу жүйесінің болуымен анықталады.

Қоғамдық тәжірибеге қосылуға, оны түрлендіруге қатысуға, аталған іс-әрекеттер бойынша құқықтарын және балалар мен жастардың түрлі топтарының мүдделерін қорғауға деген ұмтылыс, Қазақстанның қоғамдық өмірінің факторына айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы». – akorda.kz
2. О государственной поддержке детских организаций: Сборник / Под. ред. Э. Соколовой. - М., 1991. - С. 9.
3. Основы духовной культуры. Энциклопедический словарь педагога. Составитель: В.С. Безрукова, Екатеринбург-2000,937 с.
4. Данилин И.А. Детское общественное объединение - среда социализации подростка / un-museum.ru/peacelib/internet/articles/danilin.doc
5. Құрсабаев М.Қ. Республикалық «Атамекен» балалар ұйымының тарихы / Жасstar.- №3(29). - 2011.
6. Курсабаев М.К. Детская организация «ЖасҰлан»: возрождение казахской пионерии / <https://yvision.kz/post/261119>
7. Республиканская «Единая детско-юношеская организация «ЖасҰлан» / <http://www.zhasulan.kz/ru/page/view?id=2>
8. Курсабаев М.К. История детского движения как объект научно-педагогического исследования / Қ
9. <http://scouts.kz/>
10. Никитина Е. 1 евразийский скаутский образовательный форум / <http://belscout.by/news.html?id=196>
11. 28-29 апреля 2017 года в Астане состоится I Евразийский Скаутский Образовательный Форум на тему: «Неформальное образование молодого поколения» / http://edurk.kz/ru/news/5881-28_29_aprela_2017_goda_v_astane_sostoitsa_i_jevrazijskij_skautskij_obrazovatelnyj_forum
12. <http://baldauren.kz/akademiya-yunyh-patriotov/>
13. <http://zhuldyz.kz/>
14. Лихачев Б.Т. Философия воспитания — М., 1995. – 184 с Крапивина Л.А. Воспитательная система разновозрастного объединения как условие стабильного взаимодействия детско-молодежной организации с органами государственной власти и СМИ. Там же. С.25.
15. Волохов А.В. Поле самореализации как движущая сила самореализации ребенка в детской организации. Там же. С. 30.
16. Детское движение: Цели, ценности, проблемы становления. Сборник статей / Сост. Э.А. Мальцева, Н.М. Костина. – Ижевск: Изд. дом «Удмуртский университет», 2004. – 217 с.
17. Мальцева Э.А., Костина Н.М. Педагогика детского движения. – Ижевск: Изд. дом «Удмуртский университет», 2000, - 516 с.
18. Бедерханова В.П. Наша задача – научить ребенка делать свой выбор! Там же. С. 34.
19. Коваль М.Б. Становление и развитие системы воспитательной деятельности внешкольных объединений: Автореф. дисс. ... докт. пед. наук — М., 1991. – 42 с.

20. Волохов А.В. Поле самореализации как движущая сила самореализации ребенка в детской организации. Там же. С. 47
21. Сорочинская Е.Н. Детское движение в современном обществе: учебное пособие. – Ростов н/Д.: РГПУ, 1993. – 118 с.
22. Кудинов В.А. Детское и молодежное движение в России в XX веке. – Кострома, 2000. – 145 с.
23. Жуков И.Н. Русский скаутизм. – Ереван: Нанэ.1991.
24. Лебединский В.В. Теоретические основы воспитательной деятельности пионерской организации. Дисс. ... докт. пед. наук — М., 1976. – 276 с.
25. Сорочинская Е.Н. Детское движение в современном обществе: учебное пособие. – Ростов н/Д.: РГПУ, 1993. – 118 с.
26. Кочергин В.Н. Педагогические условия формирования коммуникативной культуры подростков в деятельности детских организаций. Автореф. дисс. ... канд. пед. наук. Казань, 1993. — 18 с.
27. Иванов И.П. Творческое сотрудничество поколений юных общественников. Автореф. дисс. ... докт. пед. наук. — Л., 1972. — 35 с.
28. Титов Б.А. Социализация детей, подростков и юношества в сфере досуга — СПб., 1997.
29. Бондаревская Е.В. Воспитание как возрождение гражданина, человека культуры и нравственности. (Основные положения концепции воспитания в изменяющихся социальных условиях): науч. – метод. пособие. — Ростов н/Д.: РГПУ, 1995. – 32 с.
30. Иванов И.П. Воспитывать коллективистов. В кн.: Педагогический поиск / Сост. Л.И. Бажкова — М.: Педагогика, 1987. – С. 363-441.
31. Конвенция о правах ребенка ООН
32. Чепурных Е.Е. Детские общественные организации в новом веке// Воспитание школьников. - 2004. - N 3. - С. 2-9.
33. Якубенко О.В. Технологии развития межличностных отношений у детей младшего школьного возраста во внеурочной деятельности// NovaInfo.Ru. 2016. – Т. 4. – № 56. – С. 365-368.
34. Якубенко О.В. Профилактика психодезадаптивных расстройств учащихся // Наука и образование: вектор трансграничного развития. Материалы международного форума. – Омск: ОмГПУ, 2015. – С. 108 – 113.
35. Фролова П.И., Горина А.В., Дубынина М.Г. Психология и педагогика: учебное пособие.– Омск, Изд-во СибАДИ, 2015. – 429 с.
36. Тесленко А.Н., Дмитриенко Е.А. Педагогика детского движения: теория и практика воспитательной работы. – Астана-Кокшетау: НИИ СПИ КУАМ, ОФ «Центр ювенологических исследований», 2014. – 272 с.
37. Чердынцева Е.В. Воспитание ценностного отношения к малой родине у младших школьников в детском объединении // Педагогические науки.- 2017.- № 58. -С. 5.
38. <http://ulttykmuragat.kz>(внешняя ссылка)

39. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. – 12 сәуір 2017 // <http://www.akorda.kz/kz/>

40. www.weforum.org (внешняя ссылка) - к 12 факторам конкурентоспособности относятся следующие: институты, инфраструктура, макроэкономическая среда, здоровье и начальное образование, высшее образование и профессиональная подготовка, эффективность рынка товаров и услуг, эффективность рынка труда, развитость финансового рынка, технологический уровень, размер рынка, конкурентоспособность компаний и инновации.

41. Назарбаев Н.А. Актовая лекция Президента РК. Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее. - Алматы: Казак университеті, 2009. - С. 20.

42. Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности. Институт философии и политологии КН МОН РК. Алматы, 2011.

43. Кортунов С.В. Глобализация и национальная идентичность. М., 2009.

44. Бадмаев В.Н. Феномен национальной идентичности: социально-философский анализ. Автореферат. дисс. д. ф. н. Волгоград 2011.

45. Семенов И.С. Глобальный кризис идентичности: личность, общество, культура /Глобализация и Россия. М., 2004.

46. Хелд Д., Гольдблат Д., Макгрю Э, Перратон Д. Глобальные трансформации: Политика, экономика, культура /Пер. с англ. В. В. Сапова и др. Москва, 2004.

47. Нысанбаев А., Малинин Г. Нурсултан Назарбаев: Казахстан - территория мира и согласия. Алматы, 2005.

48. Гаджиев К.С. Национальная идентичность: концептуальный аспект // Вопросы философии 2011 №10

49. Оспанов Т.Т. Вестник КазНПУ, 2013 г., Алматы

50. Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности. Институт философии и политологии КН МОН РК. Алматы, 2011.

51. Загвязинский В. И., Атаханов Р.. Методология и методы психолого-педагогического исследования: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. -2-е изд., стер. — М.: Издательский центр «Академия».. 2005

52. Бадмаев В.Н. Феномен национальной идентичности: социально-философский анализ. Автореферат. дисс. д. ф. н. Волгоград 2011.

53. Яновская М.Г. Теория и методика эмоционального стимулирования в нравственном воспитании подростков: Автореф. дисс. ...докт. пед. наук – Ленинград, 1991. – 46 с.

54. Назарбаев Н.А. Статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»

55. Нысанбаев А., Малинин Г. Нурсултан Назарбаев: Казахстан - территория мира и согласия. Алматы, 2005.

56. Алиева Л.В. Детские общественные объединения в воспитательном пространстве социума // Педагогика. -2000. - №7. - С.50.

57. Информационная культура учащихся. Формирование информационной культуры у учащихся / <http://ped-kopilka.ru>
58. Петрич О. И. Роль современных детских общественных объединений и организаций в воспитании гражданственности у подростков // Известия 160 Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. -2011.- № 129. – С. 208-215.
59. Алиева Л. В. Детское общественное объединение в системе социального воспитания детей и юношества. Учебно-методическое пособие. М., 2007. 72 с. 20. Назначение, функции плана. Требования к планированию.
60. <http://www.eduneeed.ru/ededs-842-1.html>
61. Лепешев Д.В., Жумашев А.К. Организационно-методическое сопровождение деятельности «Единой детско-юношеской организации «ЖасҰлан». – Костанай, 2012. – 108 с.
62. Назначение, функции плана. Требования к планированию. <http://www.eduneeed.ru/ededs-842-1.html>
63. Байбородова Л.В., Кириченко Е.Б., Паладьев С.Л., Харисова И.Г. Технологии педагогической деятельности. 2 часть: Организация деятельности: учебное пособие / под ред. Л.В. Байбородовой. - Ярославль: Изд-во ЯГПУ, 2012. – 316 с.
64. Тесленко А.Н., Лепешев Д.В. Социализация личности подростка в условиях детского центра: Монография. Астана: Институт управления, ЦЮИ, РУОЦ «Балдаурен». – 2009.
65. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Нұр Отан» ХДП XIII съезінде сөйлеген сөзі. 2011ж. 11 ақпан.–akorda.kz
66. Алиева Л.В. Становление и развитие отечественного детского движения как субъекта воспитательного пространства. — дисс... доктора педагогических наук. — М., 2002 / <http://www.dissercat.com/content/stanovlenie-i-razvitie-otechestvennogo-detskogo-dvizheniya-kak-subekta-vospitatelnogo-prostr#ixzz58ZEX1C7i>

«ЖАС ҰЛАН» БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті дос!

Сен тәуелсіз Қазақстанның жас азаматысың!

Ежелгі қазақ жерінің тарихына, ең бай мәдениетіне, оның даңқы шыққан дәстүрлеріне, Қазақстан халықтарының ынтымақты отбасының рухани-адамгершілік мұрасына ортақ болу – үлкен бақыт!

Бақытты және өз достары арасында танымал болу, отбасың, достарың, ересектерді өз жетістіктерімен, табыстарымен қуанту, өз Отанына пайдалы бола білу – қарапайым да, жауапты іс!

Ең бастысы, әрдайым қоршаған тіршілікте күнделікті жаңалық аша білу, дүниенің танымынан және таусылмас тылсым дүниеге таңырқап таңданудан, өз қабілеттерін мейірімді де сүйсінерлік істерде мейлінше іске асыруға тырысу, жақсыға бейім болу, өзінің терең талабың, шығармашылық қабілеттерін дамытуға күш салу, дені сау және төзімді, білімқұмар, зерделі және мейірбан болу керек!

Қоғам мен мемлекеттің терең ойлы, салауатты, бастамашыл және шығармашыл өміріне Отан, Мейірімділік пен Әділеттілік игісіне қатысу құқығы саған БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясымен беріліп, Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепіл етілген!

Қазақстан балаларының сүйікті Отанының қоғамдық өміріне едәуір табысты қатысуы үшін, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тапсырмасы бойынша «Бірыңғай «Жас Ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігі құрылған.

«Жас Ұлан» – бұл Қазақстан Республикасы жас азаматтарының еркін қоғамдастығы, олардың бет алған басты мақсаты – өз Отанына пайдалы болу, адамзаттың ең таңдаулы деген идеалдарына, өз халқының және отбасының, достық пен адалдықтың, мейірімділік пен әділдіктің дәстүрлеріне сенімді болу!

Егер сен жоғары мақсаттарға, табысқа, танымал болуға ұмтылсаң және өз бетінше және еліктеуге тұрарлық ересек өміріндегі жолда қиыншылықтардан қорықпасаң – нағыз жасұландық, Отанының адал ұлы мен қызы, өз отбасыңның, ұстаздарыңның, барлық отандастарыңның мақтанышы бол!

Бұл «Жас Ұлан» ұйымының әрбір мүшесінің жоғары рухани парызы!

- Отан алдындағы парыз!
- Туыстары мен жақындары алдындағы парыз!
- Өзінің алдындағы парызы!

Сенің кіші інілерің мен сіңлілеріңе, яғни 6-10 жас аралығындағы мектептің төменгі буынындағы балаларға арнап «Жас Қыран» қоғамдық бірлестіктері құрылып отыр, онда жасұландықтар өзінен кішілерге өз әлеуетін ерте кезеңнен-ақ ашуда, сонымен қатар балалардың «Жас Ұлан» қатарына қосылуына көмектесіп, қызықты да белсенді жұмыс жүргізеді.

Нағыз жасұландық болуда саған «Жас Ұлан» ұйымы қызметінің Бағдарламасы мен көптеген әлеуметтік маңызы бар жобалар көмектеседі, олар бой көтеруі мен дамуындағы даңқты көп жылдық тарихы бойында Қазақстанның алуан жүзді балалар қоғамдық қозғалысындағы балалар бастамаларымен туындаған. Оған қоса сенде өзіңнің жаңа жобаларыңды немесе қоршаған тіршілікті жақсарту бойынша қоғамға пайдалы бастамаларыңды ұсынуға мүмкіндігің бар!

Жақсы жасұландық болып шығу үшін, ұйым тарихын, оның дәстүрлері мен ішкі корпоративтік мәдениетін жетік меңгеру қажет.

Ұранымыз: «Біздің ойымыз, біліміміз, ісіміз – Отан, Ізгілік және Әділдік үшін!» Бұл ұранды тәуелсіздік пен егемендік басында туындаған Қазақстан балалар қозғалысы адалдықпен және мақтанышпен 20 жылдан астам уақыт бойында алып жүріп, оны әрдайым, әр жерде және әр ісінде өзінің өмірлік басты құбылнамасы ретінде танып келеді!

Сәлемдесу белгісі: басын изеп, жүрегіне сәлемдесу нышаны ретінде қойылған оң қолдың алақаны (ежелгі қазақтардың дәстүріндегі сый-құрмет білдіру белгісі).


ЛОГОТИП



БЕЛГІ



ГАЛСТУК



Ерекшелік белгілері:

- ұйымның төменгі буын мүшелеріне арналған «Жас Қыран» төсбелгісі;
- ұйым мүшелеріне арналған «Жас Ұлан» төсбелгісі;
- ҚР Мемлекеттік Туының бір бөлігі ретінде көгілдір түсті «Жас Ұлан» галстугі;
- ұйым көшбасшыларына арналған белгіленген үлгідегі айырмашылық белгілері (шеvronдар);
- ұйымның ерекшеленген көшбасшыларына арналған «Ұланбасы» 3-дәрежелі төсбелгісі (қола белгісі);
- ерекше аталған жасұландықтарға, ұйымның аудандық, облыстық немесе аймақтық көлеміндегі көшбасшыларына арналған 2-дәрежелі төсбелгі (күміс белгісі);

- балалар бірлестіктерінің көшбасшыларына, елдегі балалар қозғалысының дамуына қомақты үлес қосқан тәлімгерлерге, педагогтерге арналған 1-дәрежелі төсбелгі (алтын белгісі).

«Жас Ұланның» қатарына кімдер қабылданады:

«Жас Ұлан» қатарына орта білім беру ұйымының кез-келген оқушысы, қоғамның дамуына үлес қосуға ниет білдірген, ұйымның ережелері мен қағидаларын қабылдайтын, оны құрметтеп, оның талаптарына сәйкес әрекет ететін ұл немесе қыз, ер бала немесе бойжеткен қабылдана алады.

Ұйым екі буыннан құрылған:

- «Жас Қыран» төменгі буыны — 6-10 жас аралығындағы балалар;

- «Жас Ұлан» аға буыны — 11-16 жас аралығындағы балалар.

«Жас Ұлан» қатарына қосылу үшін төмендегілер қажет:

- қатарға қосылатынның анық жазылған жеке қолтаңбасымен ұйымға қабылдау туралы толтырылған, ата-аналарымен ұлының немесе қызының «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қосылуына келісім берілгені куәландырылған өтініші;

- «Жас Ұлан» мүшесінің салтанатты антын беру;

- «Жас Ұлан» ұйымының мақсаттарын, міндеттерін, рәміздерін білу;

- барлық өзінің істерінде және әрекеттерінде берілген Салтанатты Антын, ұйымның ұранын, «Жас Ұлан» ұйымы мүшесінің жүріс-тұрысына қатысты ережелерді түсінуге, оны ұстануға.

Салтанатты Анты:

Біз «Жас Ұлан» ұйымына кіре отырып Қазақстан Республикасының патриоты болуға;

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге;

Туған еліміз, жеріміз, Отанымызды мақтаныш етуге уәде береміз.

Ата-анамызды қадірлеп;

Үлкенге — құрмет, кішіге ізет көрсетеміз.

Оқуда озат, еңбекте адал болып;

Салауатты өмір салтын ұстанамыз.

Тәуелсіз еліміздің білімді, жігерлі, парасатты, отансүйгіш азаматы боламыз деп сендіреміз!

«Жас Ұлан» қызметінің негізгі бағыттары:

1. «Зерде» – білім алушылардың құзыреттіліктерінің, зияткерлігінің және шығармашылық қабілеттерінің, проблемаларды шешу икемдерінің қалыптасуына және дамуына, балаларды зияткерлік ойындарға, пікірталастарға, олимпиадаларға, конференцияларға, жобаларға және зерттеулерге қатысу үшін тартуға ықпал етеді.

Жасұландық үнемі өзінің танымдық белсенділігін, зияткерлік деңгейін, ақыл-ой еңбегінің мәдениетін, жеке тұлғасының әлеуетін дамытып отырады, түрлі шығармашылық бастамаларына ұмтылады және қоршаған өмірді жақсарту бойынша өзінің шығармашылық қабілеттерін жауапкершілікпен танытады.

2. **«Руханият»** - ұйым мүшелері өмір тіршілігіндегі рухани, моральдық-этикалық, көркемдік-эстетикалық негіздердің дамуына және қалыптасуына, өз отбасының, балалар қоғамдастығының, өзінің және өзге халықтардың мәдени мұрасын меңгеруге және оны көбейтуге, өз ниеттерін басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың мүдделеріне сай келтіру икемдерін, қоғамның қазіргі құрылымын түсіну және онда рухани-адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік бағыт-бағдарларға сүйене отырып өздігінен әрекет ету қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Жасұландық өзіне қатысты адал және шыншыл болып, жалпы адамзаттық нормалар негіздеріне сәйкес әрекет етуге тырысып, кішілерді қамқорлыққа алып, жақындары мен достарының пікірлеріне құрметпен қарауы тиіс.

3. **«Отан»** — ұйым мүшелерінің бойында қазақстандық сана-сезімнің және мәдени сәйкестіктің, азаматтық жауапкершіліктің, толеранттылықтың және патриоттық, өз халқы үшін мақтаныш, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрмет тұту сезімдерінің қалыптасуына, Отан игілігі, Мейірімділік пен Әділдік үшін өзінің орнын тауып, қабілеттерін мейлінше жүзеге асыруға ұмтылысын қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Жасұландық өз Отанын сүйіп, мемлекеттік рәміздерді құрметтеп, мемлекеттің, өз өлкесінің тарихын, туған жеріндегі құрметті азаматтардың және батырлардың өмірі мен ерлігін білуі, белсенді туристік, ізденіс-экспедициялық және өлкетанушы жұмысты жүрзіп, өз Отанын шетелде абыроймен танытуы керек.

4. **«Жеті жарғы»** Қазақстан жас азаматтарының құқықтық мәдениетін, БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, өзінің азаматтық құқықтары, міндеттері бойынша, Заң алдындағы жауапкершілік сезімі білімдері арқылы саяси сауаттылығын қалыптастырады.

Жасұландық Қазақстан Республикасының абыройлы азаматы болып, Қазақстан Республикасының Конституциясын, қолданыстағы заңнамасын, жасұландықтың Салтанатты антын құрметтеуге және ұстануға, жалпыға бірдей жүріс-тұрыс ережелері мен нормаларын қолдануға, парыз, намыс пен ар-ожданын пір тұтып өмір сүруі тиіс.

5. **«Салауат»** — ұйым мүшелерінің бойында және қоршаған әлеуетте салауатты өмір салтын қалыптастыруға, көпшілік дене мәдениеті мен спортты түрлі денсаулық сақтауға бағытталған бастамалар, спорттық, туристік, ізденіс-экспедициялық және өлкетану бағдарламаларын іске асыру арқылы дамытуға ықпалын тигізеді.

Жасұландық салауатты өмір салтын белсенді жүргізіп, оны насихаттайды, өз денсаулығының қамын ойлайды, жақсы физикалық формасын қолдайды, түрлі спорттық-көпшілік іс-шараларына қатысады.

6. **«Еңбек»** — ұйым мүшелерінің ерте бастан кәсіби бағдар алуына және кәсіп таңдауына, жас техниктер, өнертапқыштар мен оңтайландырушылар, бизнес-мектептер, холдингтер, қоғамдық академиялар, кәсіби шеберлік байқауларын, форумдарын құру арқылы құзыреттіліктер мен функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді.

Жасұландық жалпы еңбекті және адамдар еңбегін құрметтейді, өзі еңбекті сүйіп, үй шаруашылығында өз отбасына көмектеседі, қолданбалы өнермен айналысады, конструкцияларды модельдейді, кәсіптік таңдауға жауапкершілікпен қарайды, еңбек және кәсіби акцияларға, балалар мен жасөпірімдердің техникалық, ауылшаруашылық, шығармашылық жетістіктерінің көрмелеріне қатысады, отбасының, өз ауылының, қаласының, облысының, ұйымының, елінің еңбек дәстүрлеріне екіпін қосады.

7. «Экоәлем» - балаларда экологиялық мәдениетті, қоршаған ортаға материалдық құндылықтарды қорғауға, табиғи ресурстардың ұтымды пайдаланылуына, табиғатқа ұқыптылықпен қарауға бағытталған қамқорлықпен саналы көзқарасты, қалыптастырады.

Жасұландық табиғатпен, қоршаған шындықпен, өзімен үйлесімділікте өмір сүріп, табиғатты сүйеді және оны құнттап ұстап, табиғи ресурстарды сақтайды және үнемді пайдаланады.

Жас дос! Сен өз жолыңа таңдау жасадың! Нағыз жасұландық бол: мақсатты, өз сөзіңе, ісіңе және әрекеттеріңе жауапты, ежелгі қазақ жерінің, жалпы Қазақстан халқының достығы мен толеранттылығы, тұтас Әлемнің идеалдарына, Мейірімділік пен Әділдік идеалдарына адал бол!

Ақ жол, Жас Ұлан!

**БІРЫҢҒАЙ «ЖАС ҰЛАН», «ЖАС ҚЫРАН»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЛАЛАР МЕН
ЖАСӨСПІРІМДЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жас Ұлан») Қазақстан Республикасы балалар мен жасөспірімдердің Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған қоғамдық ұйымы болып табылады.

1.2. «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыратын ұйым.

1.3. «Жас Ұлан» өзінің шығармашылық, спорттық, қоғамдық қызметін үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен бірлесіп жүзеге асырады.

